Е. Бекмаханов ғылыми зерттеулерін екі тілде қазақша, орысша еркін жазған тарихшы. Кеңестер Одағының ірі ғылыми орталықтарында оған ниеттес, пікірлес әріптестері еңбек етіп жатты. Солардың естеліктері тұлғаның ұлттық тарихнамаға, деректер аясын кеңейтуге, тарихи тұлғатануға, кәсіби ынтымақтастық пен ықпалдастықты нығайтуға салған олжасын зерделеуге септесетін құнды деректерге толы. Бұл орайда академиктер Н. М. Дружининнің, А. М. Панкратованың, профессорлар Г. Ф. Дахшлейгердің, Я. Д. Серовайскийдің, Л. В. Дюковтың, инженер В. Сурастың жазбалары зор маңызға ие. Академик А. М. Панкратованың тар қапастағы Ерекенді арашалаған ерлігіне тәнті боласыз. Ал аспиранттары К. Стамбековтың, С. Сүндетовтың, қызы

Н. Бекмаханованың әр жылдардағы ғалым тағдыры мен тауқыметінен, шығармашылық табысы мен қуғындалуынан мол хабар берген естеліктері кеңестік тоталитаризмнің қиянатын әшкерелегеніне қоса, бүгінгі азаттығымыздың күдіретін дұрыс бағалауға жол сілтейтін құжат деуге лайық.

Тұлғатану ғылымында хаттардағы деректерді сөйлетудің орны алабөтен. Әзірге Е. Бекмахановқа қатысты 200-ге жуық хат ғылыми айналымға еніп отыр. Кімге жолданғанына қарай оларды шартты түрде үш топқа жіктеуге болады: 1. Ресми билік орындарына жолданған хаттар. 2. Отбасымен (ұл-қыздарымен, жарымен) жазысқан хаттар. 3. Достарымен, әріптестерімен алмасқан хаттар. Хаттардың мазмұнынан ғалымның зерттеу мұратына шексіз берілгені, бала-шағасының тағдырына алаңдаған көңілі, алдағы шуақты күндерге сенімі ап-анық көрініп тұр.

Е. Бекмаханов туралы замандастарының жазғанынан қилы-қилы оқиғалар баянын, ХХ ғасырдың 40-50 жылдарында орын алған тоталитарлық зорлықты, ұлт саясатындағы өктемдікті, қазақ зияларының арасындағы тартыс-қырқысты байқамай тұрмайсыз. Мұнда қазақ тіліне жасалған әділетсіздіктен де хабар беретін мәліметтер мол. Айталық, жоғары оқу орындарында сабақ негізінен орыс тілінде жүретін. Үстем халықтың тілін жетік білетін Ерекең қазақ студенттеріне: «Қашан өзіміздің ана тілімізде сөйлер екенбіз», – дейді екен. Бұл – итжеккенге барып келгенінен кейін айтылған сөз. Осыдан-ақ ғалымның қайтпас қайсар мінезін, нағыз ұлтжандылығын көруге болмай ма?

Е. Бекмахановтың дүние салғанына жарты ғасырға жуық уақыт өтті. «Ғалымның хаты өлмейді» деген халқымыздың дана сөзі тағы бір қырынан дәлелденді. Қазіргі таңда орта ғасырлар мен жаңа замандағы Қазақстан тарихын зерттейтін бірде-бір ғалым Е. Бекмаханов зерттеулеріне тоқталмай кете алмайды. Ерекең де, ғылыми мұрасы да туған елімен бірге жасасып келеді. Тәуелсіздіктің қадірін осындайда білесің. Әйгілі тарихшы қилы заманда ұлы тұлға Кенесарыны, баға жетпес қазына – ұлт тарихын ғылыми ұлықтауымен азаттық рухын асқақтатты, Тәуелсіздік сәтін жақындатты. Замандастары сомдаған бейнесі күн санап жарқын тартып келеді. «Мәңгілік Ел» идеясының өміршеңдігі өлмес мұра қалдырған тұлғалар есімін ардақтағаннан көрінсе керек. Сонда жақсылық жақсылыққа жалғасады.

ЕРМҰХАН БЕКМАХАНОВ: ТАРИХШЫНЫҢ ЕРЛІГІ МЕН ҚАСІРЕТІ

ОМАРБЕКОВ Т. О.

Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, профессор, ҚР ҰҒА Құрметті академигі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихи тұлғалары туралы айтқанда тарихшылар арасынан алғаш ауызға алынатыны профессор Ермұқан Бекмаханов. Ол қазақ ғалымдары арасынан алғаш рет тарих ғылымынан докторлық диссертация қорғағанын бәріміз білеміз. Сонымен қатар Е. Бекмахановтың аталмыш университетте, тіптен барлық Қазақстанның жоғарғы оқу орындары арасында алғаш рет Қазақстан тарихы кафедрасын ашқанын және басқарғанын елдің бәрі біле бермейді. Қазақ университетінде тұңғыш мұндай кафедраның ашылуы мамандарды дайындауды ғана емес, сонымен қатар қазақ тарихынан ғылыми еңбектер жазу жұмысында өркендетуге бастау қалады. Сонымен бірге бұл кафедраның ашылуы осы жылдары жаңадан қолға алына бастаған орта мектептерде Қазақстан тарихы пәнін оқыту жұмысында жолға қоюға мүмкіндік берді. Бұл кезде орта мектептерде осы пәннен оқулықтар жазу әлі қолға алынбаған болатын. Ашылған кафедра осы жұмысты бастауға жол ашты. Сонымен бірге университетте ашылған Қазақстан тарихы кафедрасы Е. Бекмахановтың басшылығымен Қазақстанның жоғарғы оқу орындарына оқытушылар дайындау мәселесінде қолға алды. Әрине, Е. Бекмахановтың қызметі Қазақ университетімен ғана шектелмейді. Ол бүгінде Қазақ тарихының елге танылған патриархтарының бірі болып табылады.

Тарих әділ таразышы деп айтамыз. Шындығында солай. Ол әркімді қоғамдағы орны мен үлесіне қарай сипаттайды және бағалайды. Ондаған кітаптар шығарса да, есімі елге елеусіз жандар бар, немесе жалғыз кітаппен жаһанға немесе туған елге кеңінен белгілі болып қана қоймай, үлкен тарихи беделге, асқарлы айыройға қол жеткізген ірі тұлғалар бар.

Тарих ерте ме, кеш пе, әркімді еңбегінің санына емес, сапасына қарай, адамзаттың, әсіресе, туған халқының рухани сұранысын өтеу деңгейіне байланысты өзінің лайықты орнына қояды.

Бұл – тарихтың ешкімге бас имес, қатал заңы. Уақыттың қайшылықты тезінен өтіп, кезінде коммунистік тоталитарлық жүйе аяусыз «таптап», аяқасты етуге күш салғанмен, бүгінгі

егемен Қазақстан тарихы шоқтығы биік ірі тарихи еңбек ретінде бағалап отырған «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» деп аталатын іргелі де жеке зерттеу авторы, тарихшы Ермұхан Бекмаханов – осындай азамат.

Біздің тарихшылар оның өмірі, аталған еңбегі үшін тоталитарлық социализмнен көрген бейнеті, тарқан азабы жайлы біраз қалам тартты. Оларда ғалымның өмірбаяны бірсыпыра толық айтылды. Солай бола тұрса да, оқырманның есіне қысқаша шолу түрінде тарихшы өмірінің негізгі кезеңдерін ұсына кеткен артық болмас.

Ермұхан Бекмаханұлы 1915 жылдың 15 ақпанында қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған.

6 жасында әкеден айырылған ол тұған ауылында мектепке барып, соңынан жетіжылдықты бітіреді. 1932 жылы жоғары оқу орнына дайындайтын Семейдегі бір жылдық курсты бітіріп, Халық ағарту комиссариатының бөлуімен алғаш Тамбовтың, соңынан Воронеждің педагогтік институтына оқуға қабылданып. Оны 1937 жылы бітіреді. Онан соң, аз уақыт Алматыдағы № 28 мектепте тарих пәнінің мұғалімі қызметінде болып, 1937-1939 жылдары Халық ағарту комиссариаты жанындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, соңынан директоры болып қызмет атқарады. 1940-1941 жылдары Е. Бекмаханов Мәскеудегі Жоғары партия мектебінде оқиды. 1941-1946 жылдары Қазақстан Қомпартиясы Орталық Комитетінің лекторы, 1946-1947 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институты директорының орынбасары, 1947-1951 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде профессор, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады.

1943 жылы оған ғылым кандидаты, ал 1946 жылы ғылым докторы дәрежелері берілген еді. Айта кетер бір маңызды нәрсе – Е. Бекмаханов тарих ғылымы бойынша Қазақстандағы алғашқы ғылым докторы атанған қазақ болатын. Бірақ, көп кешікпей-ақ, тоталитарлық жүйеде қалыптасқан, «буржуазиялық ұлтшылдыққа» айыптау науқаны Е. Бекмахановтың ғылымдағы жетістігіне іштарлық жасап жүрген күншілдердің оған қарсы ашық әрекетіне жол ашты. Қайта-қайта ұйымдастырылған ғылыми талқылаулар ақыры талантты тарихшыны қуғын-сүргінге ұшыратуға ұласты. 1951 жылы университеттен қуылған Е. Бекмаханов партия мүшелігінен де шығарылып, ғылыми дәрежелері мен атақтарынан жұрдай болды.

Ол біраз уақыт Алматы облысының Нарынқол ауданында және Жамбыл облысының Шу ауданында мектепте тарих пәнінің оқытушысы болып жұмыс жасады.

1952 жылдың 2 қыркүйегінде тұтқынға алынған Е. Бекмаханов, осы жылдың 2 желтоқсанында 25 жылға сотталып, ГУЛАГ концлагеріне жөнелтілді.

Бірақ белгілі тарихшы А. М. Панкратова бастаған бір топ мәскеулік тарихшылар оны 1954 жылы босатып алуға қол жеткізді. 1955 жылы қыркүйектен бастап қана Қазақ университетінде жұмысқа орналасқан ол 1957 жылы екінші рет докторлық дәреже алу үшін диссертация қорғады. 1962 жылы оны республика Ғылым Академиясы өзінің мүше корреспонденті етіп сайлады. Бірақ таланттың ғұмыры келте болды, 1966 жылы 6 мамырда Е. Бекмаханов ауыр науқастан қайтыс болды.

Қуғын-сүргінге, айтыс-тартысқа толы ғалымның осы өмір жолы туралы қазақстандық белгілі тарихшылар М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, И. Қозыбаев, Л. Гуревич, Ә. Такенов қалам тартты.

Оларда, негізінен, Е. Бекмахановтың ғылыми еңбегін жөнсіз қаралаудың қалай жүргізілгені әңгіме болды. Бұл әрине, бүгінгі күнге сабақ боларлық тарих тағылымы. Жалпы алғанда, саяси қайшылыққа толы, қиын-қыстау кезеңде тарих шындығы үшін күрескен Е. Бекмахановтың өмірінің өзі үлкен ерлік екендігі еш күдік туғыза қоймаса керек. Алайда, аатақты тарихшының ең басты ерлігі – біздің ойымызша, оның «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты алғашқы докторлығының монографиясы, әсіресе, онда қазақтың соңғы ханы – Кенесары Қасымұлының ерен тұлғасын туған еліне шынайы танытуы дер едік.

Осы орайда, тарихшы Кеңес Нұрпейісовтың мынадай сөзі еріксіз еске түседі: «...Алғашқы кәсіби тарихшы ғалымдардың бірі Е. Бекмахановтың ғылыми мұрасы тақырыбының көп қырлылығымен, мәселелерді кеңінен қамтуымен және бағалау – болашақтың міндеті» (К. Нұрпейісов, «История одного дела». – История Казахстана: белые пятна. – А., 1991, 35 б.).

Ия, осы уақытқа дейін Е. Бекмахановтың қуғындалу тарихын ғана әңгімелеп келдік. Ал оны кінәлауға себеп болған, оның ең басты ғылыми еңбегі – «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монография мазмұнына үніліп көрдік пе? «Осы іргелі жұмыс бүгінде неліктен тарих ғылымындағы үлкен ерлік ретінде бағалануда» деген сауалға шынайы жауап бере алдық па? «Кенесарыны марапаттаған», «Ұлт-азаттық көтерілістерінің көрсетілген кезеңдегі

шынайы сипатын ашып берген», – деген тәрізді келте жауаптар Е. Бекмахановтың тарихтағы ерлігін толық бейнелей алмасы және белгілі. Бұған біздің көзіміз аталған зерттеудің құрылымын шолып шыққанда-ақ жетер еді.

Зерттеу екі бөлімнен, он тараудан тұрады. Алғашқы тарау «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан» деп аталса, екінші бөлім «Кенесары Қасымов басқарған азаттық күресі» деген тақырыппен берілген.

Жұмыстың кіріспесі де аса көлемді және тиянақты. Ондағы әдебиеттерде, архив деректеріне және ауыз әдебиеті материалдарына жасалған ғылыми талдаулар бүгінгі тарихшыларға үлкен өнеге бола алады. Кенесары туралы өзінен бұрын жазған А. Рязанов, М. Стеблин-Каменская, А. Якунин тәрізді тарихшылардың еңбектерін «бет-жүзіне қарамай батыл сынау» Е. Бекмахановқа ғана тән. Осы орайда бүгінде диссертациялық еңбектерінің тарихнамасында басқа тарихшылардың еңбектерін тандана мақтаудан басқаны білмейтін жас зерттеушілеріміздің осы бір көрнекті тарихшыдан ұлағат алмағаны еріксіз қынжылтады.

Е. Бекмаханов А. Рязановты «Восстание Кенесары Касымова» атты еңбегінде Кенесарының рөлін дұрыс түсінбегені үшін сынады. «Ол – деп жазды Е. Бекмаханов, – күрестің өрістеуіндегі Кенесарының жеке мүдделерінің маңызын асырып көрсетеді, халық бұқарасын оның еркінің қараңғы құралы ретінде бейнелеген» (аталған еңбектің 20-беті).

Автор М. И. Стеблин-Каменскаяның еңбегінің құнды жақтарын бағалай келіп, оны «көтерілістің жеңілу себептерін айқын түсіндіріп бере алмағаны» үшін сынады. А. Рязановқа тән кемшіліктерді Е. Бекмаханов А. Якуниннің «Большевик Казахстана» журналының 1939 жылғы 8 нөмірінде жарық көрген «Кенесары Қасымовтың көтерілісі» деген мақаласынан тапты. Ол Якуниннің «Кенесарыны көтерілісшілерге өзінің жеке мүддесі үшін жолдан қосылған жолбике ретінде сипаттағанын, онын: «Кенесары, как мы видели, не пользовался поддержкой масс; больше того, Кенесары встречал в массах безразличное или прямо враждебное отношение», – деген пікірінің негізсіздігін айта келе, «Тіптен патша тарихшылары неліктен 10 жыл бойы Кенесарының көтерелісті басқарғанын тамаша түсінген еді», – деп түйіндеді (Аталған еңбек, 21-22-бб.)

Кейінгі әрекеті көрсеткендей, Якунин Кенесары көтерілісінің мәнін ғана емес, Е. Бекмахановтың әділетті ғылыми сынын да дұрыс түсінбеген болып шықты.

Алғаш Жиреншин, Кеңесбаев тәрізді ғалымдардың Е. Бекмахановтың еңбегін жағымды тұрғыдан бағалаған пікірлеріне шабуыл жасаған Якунин ақырында Е. Бекмахановтың ежелгі қарсыластары Х. Айдарова мен Т. Шойынбаевқа қосылып, 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» атты мақала жариялады. Онда авторлар Кенесарының көтерілісін «қазақ халқын кейінге тартқан реакциялық қозғалыс» ретінде сипаттап, Е. Бекмахановты «осы түсінбеді, сөйтіп тарихты бұрмалады», – деп айыптады.

Мақала авторларының бірі Т. Шойынбаев Е. Бекмахановқа қарсы күресті ертерек бастаған еді. 1947 жылы 26 желтоқсанда Тарих, археология және этнография институты мәжілісінде Е. Бекмаханов Т. Шойынбаевты қолжазбалар бөліміне жетекшілік жасаудағы кемшіліктері үшін өткір сынға алған еді. Е. Бекмахановтың ымырасыз қарсыласы М. Ақынжановты қосып алған Т. Шойынбаев 1948 жылдың 31 қаңтарында «Саяси қате, ғылыми құнсыз кітап» деген тақырыппен Е. Бекмахановтың аталған іргелі зерттеуін айыптаған мақала жазды (бұл туралы толығырақ қараңыз: Л. Гурьевич. Тоталитаризм против интеллигенции. – А., 1992, 80 б.).

Е. Бекмахановтың ғылыми сыны өзі авторларының бірі болып табылатын, 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» кітабына да қатысы болды. Бұл еңбек соғыс жылдарында Қазақстандағы уақытша қоныс аударған белгілі тарихшылар мен қазақстандық ғалымдардың біріккен еңбегінің нәтижесі еді. Кітап А. Панкратованың және М. Әбдіхалықовтың редакциясымен жарық көрді.

Бұл еңбек баспадан шығардан бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде, 1943 жылы қыркүйекте Мәскеудегі «Исторический журналдың» редакциясында тарихшыларды кеңінен қатыстырып талқыланып, негізінен жағымды баға алды. Бірақ, жекелеген тарихшылардың бұл кітаптан «орыс қарсы пікірлерді» іздестіруді оны Сталиндік сыйлыққа ұсынуға кедергі келтірді.

Осындай ахуалда Е. Бекмахановтың 1943 жылы 28 маусымда Мәскеуде «Кенесары Қасымов бастаған қазақтардың азаттық күресі» (1837-1847 жж.) тақырыбынан кандидаттық қорғауына мүмкіндік болды. Кезінде қазақтарды аяусыз езіп-жаныштау жүйесінің «жүрегі» болған қалада осындай тақырыпта диссертация қорғау да үлкен ғылыми ерлік еді.

1944 жылға қарай елдегі ахуал Ұлы Отан соғысындағы жеңістерге орыс халқының рөлін бағалау, мақтан ету түрінде көрініс бере бастады. Мұның өзі тарих методологиясына да ықпал етіп,

бұрын революцияға дейін орыс бодандығына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстары басшыларын айыптау сипатын алды. 1944 жылы мамыр-маусым айларында БК(б)П ОК өткен тарихшылар кеңесінде «Қазақ ССР тарихы» осы тұрғыдан айыпталды. Мәскеудегі Орталық Комитет көп кешікпей-ақ, Морозов дегеннің Орталықтан шығатын «Большевик» журналының 1945 жылғы N 6: «Об Истории Казахской ССР» деген мақаласы және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Большевик Казахстана» журналының осы жылғы N6 санында «О подготовке 2-го издания «Истории Казахской ССР» деген тақырыпта ресми материалы жарық көріп, оларда аталмыш кітаптың идеологиялық қателіктерін» түзеу және қайта басып шығаруға дайындау мәселері айтылды.

Қалыптасқан ауыр ахуал, оның үстіне Е. Бекмахановтың 1946 жылы Қазанда, тағы да Мәскеуде тарих ғылымдарының докторы атағын алу үшін диссертациясын сәтті қорғауы, сөйтіп, республикада тұңғыш тарих ғылымдарының докторы дәрежесін иемденуі оның дұшпандарының оған қарсы күресінің екпінін туғызды. Алматыдан Мәскеуге Е. Бекмахановтың еңбегін қаралап ағылған «домалақ» арыздар тасқыны оның докторлық диссертациясын бекітуіне екі жылдай кедергі жасады.

Осындай жағдайда Е. Бекмаханов амалсыздан «Казахстан в 20-40 годы XIX века» деген атпен 1947 жылы баспадан шыққан және докторлық лауазым алуына негіз болған жеке зерттеуінде өзін-өзі және өзінің әріптестерін «Қазақ ССР тарихының» бірінші басылымындағы «қателіктері» үшін сынауға мәжбүр болды. «Кенесары Қасымовтың көтерілісін баяндаудағы негізгі қателік, – деп жазды ол, – әлеуметтік-экономикалық шарттарды талдамай, оның біржақты сипатталуында. Сондықтан да, Кенесары көтерілісінің сипаты мен қозғаушы күштері түсініксіз болып қалған. Онан соң, Кенесары хандығының саяси құрылысы мүлде көрсетілмеген, ал онсыз өзінен бұрынғылармен салыстырғанда Кенесарының прогрестік рөлі неден көрінетінін түсіну мүмкін емес» (Е. Бекмаханов. Аталған еңбегі, 23 б.)

Көріп отырмыз, Е. Бекмаханов бәрібір Кенесары қозғалысы туралы өзінің пікірін өзгертпеді. Өзінің аталмыш монографиясында және «Қазақ ССР тарихының» екінші басылуында ол өзі айтып отырған әлеуметтік-саяси мәселелерді талдауға баса көңіл бөлді де, Кенесары көтерілісін бұрынғыша жағымды бағалап қалдырды. Мұның өзі Е. Бекмахановтың ғылыми тұрғыдан аса принциптілігін дәлелдей түсетін жай.

Сондықтан да, оның қарсыластары осы іргелі еңбекті үш қайтара талқылауға мұрындық болды. Алғашқы талқылау Мәскеуде – КСРО Ғылым академиясының тарих институтында 1948 жылдың 28 ақпанында болды да, екінші талқылау осы жылдың маусым айында Алматыда, Қазақ ССР Ғылым академиясының Төралқасында өтті. Бұл екі талқылау да Е. Бекмахановтың қарсыластарының өткір «сындарына» қарамастан, оның концепциясын негізінен қолдаумен, яғни, Кенесары көтерілісін ұлт-азаттық қозғалыс ретінде бағалаумен аяқталды.

Келесі осы жылдың 14-19 шілдесінде өткен республика Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтындағы талқылау да аса тартысты болғанына қарамастан, Кенесары көтерілісі тағы алғашқы айтыс-тартыстар қорытындыларын мақұлдады.

Қорытынды сөзде Е. Бекмаханов ішінара былай деп атап көрсетті: «...Тәжірибесі жағынан да, жас бойынша да мен, айтарлықтай жас қызметкермін. Өзімнің алғашқы монографиялық еңбегімді жасау барысына мен әрқашан өзімнің жеке мансабым туралы емес, өзімнің халқым туралы ойладым... Үлкен және қиын ізденулер мен зерттеулер жолында жансақтықтар мен қателіктер болуы тиіс еді, оның үстіне, өзімнің әріптестерім, тарихшы – қазақтар арасында менің алғаш рет батылдық жасап, өте күрделі және шатасқан мәселе бойынша марафондық қашықтыққа жүгіріп өтуіме тура келді... Осында, талқылауда, қаралған мәселелерге ілтипатпен және шыдамдылықпен қараған біздің ғылыми қауым XIX ғасырдың 20-40-ш жылдары тәрізді қазақ халқының тарихи тағдырына күрделі түс болып табылатын кезеңнен кітап жазғаным үшін мені айыптай қоймас деп ойлаймын» (Стенограммадағы сөз, И. М. Қозыбаевтың көрсетілген еңбегі бойынша беріліп отыр, аударма біздікі, 98-б.).

Е. Бекмахановтың осындай мұзды да жібітерліктей, шынайы пікірі, іштарлық пен қызғаныш отына өртенген оның «дұшпандарының» тас жүректерін жібіте қоймады. Олар талантты тарихшыға қарсы жүйкені тоздырар астыртын әрекеттерін бұрынғыдан да үдете түсті. Сондықтан да, сол жылдың қарашасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде өткен тарихшылар кеңесінде Е. Бекмаханов сөз арасында былай деп ашына мәлімдеді: «Қаншалықты таңданарлықтай болып көрінсе де, осыған қарамастан, айта кеткен жөн, біздің кейбір тарихшыларымыз ұлықтық маниясымен ауырады және олардың ішінен Қазақстанның

жетекші тарихшысы болып табылатын дәлелдеумен айналысады. Осындай намысшылдық ойына біздің жолдастардың ғылыми жүйкесін жұқартуда және оларды біздің ісіміз үшін қауіпті және жалған көзқарасқа жетелеуде...» (Сонда, 99 б.).

Ғалымның өзегін жарып шыққан осынау өткір пікірін бүгінгі тарихшыларға қалдырған өсиет ретінде де қабылдауға болар еді. Жетекші, ең басты тарихшы болуға құштарлық, «ұлықтық маниясы» аса қауіпті кесел екенін біздің тарихымыз дәлелдеді деп ойлаймыз. Біздің сапамызда талантты, жас тарихшылардың аз болуы осындай кеселдің біздерді мендеп алуынан емес пе екен? Осыны ойлағанымыз жөн.

«...Творчестволық талқылаулар жайы бізде тіптен де ойдағыдай емес, – деген еді одан әрі Е. Бекмаханов. – Менің жеке басым бұл мағынада шағымдана алмаймын. Алайда Қазақстандағы тарих ғылымы менің кітабыммен ғана бітуі тиіс пе? Неліктен барлық тартыстар менің кітабымды талқылаумен ғана шектелуі керек және бізде шыққан басқа тарихи жұмыстар туралы бірде-бір айтыстың болмауы қалай?» (Сонда.).

Осыдан сон: «Ақиқатқа қарсы ештеңе айтуға болмас, - деген салиқалы қорытындыға келуге болатын еді. Бірақ мұндай биік деңгейде ойлауға Қазақстан тарихшыларының кейбірінің өресі жете қоймады. Ғалымның қарсыластары оны «ұлтшыл» деп қоймай, «алашордашыл» деп айыптауға дейін барды. Бұған негіз болған нәрсе – Е. Бекмахановтың өзінің іргелі еңбегінде Әлихан Бөкейхановтың Семейдегі жергілікті архивінде сақталған «Из переписки киргизских ханов, султанов и проч.» деп аталатын жазбаларын еске түсіруі еді. И. Сталиннің көзі тірі кезінде оның саяси қарсыласы, Алашорда үкіметінің төрағасы Ә. Бөкейхановтың есімін ауызға алып қана қоймай, Әлекеннің еңбегіне бір ауыз сөзбен болса да төмендегідей жағымды сипаттама беріп кетті: «Переписка А. Букейханова отражает внешне-политические связи Казахстана с царской Россией; в частности в письмах к генерал-губернатору Капцевичу отражены первые шаги колонизации Казахстана» (түп нұсқа орысша болғандықтан, осы маңызды жолдарды әдейі аудармай бердік: қараңыз: аталған еңбек, 24 б.).

Е. Бекмахановтың ғылыми зерттеуінің құндылығы мен ерекшелігі – оның Кеңесары мен оның інісі Наурызбайға қатысты халық арасында кеңінен тараған ауыз әдебиеті үлгілерін аса орынды пайдалана білуі еді. Олардың ішіндегі сол тұстағы қазақ болмысын кеңінен ашатын «Наурызбай мен Ханшайым», «Жасауыл қырғыны»,

«Санжар батыр», «Кеңесары туралы жыр» және басқада жырларды тарихшы өзінің еңбегінде талдайды (Қараңыз: 44-48 бб.). Сонымен қатар, онда бір қатар халық жауларының мұралары да талданады. Автор қорытындысында Нысанбай мен Досқожа жыраулардан басқалардың көбісінің шығармаларының әлі жарық көрмегеніне өкініш білдірді. Бүгінгі зерттеушілердің осы ескертпеге назар аударғандары жөн болар еді.

Е. Бекмахановқа тән тағы бір ерекшелік – осы ауыз әдебиеті мұраларын бұрмалау атауларына төзбей, шындық бетіне тұра қарап, өзінің пікірін бүкпесіз айтуы еді. Мысалы, ол Жүсіпбек Байсығарын 1924 жылы Мәскеуде жинап бастырған Нысанбай жыраудың «Кеңесары – Наурызбай» дастанының бұрмалануын, ондағы Кеңесарыны «қаншерлер», «қарақшылар», «ұрылар» және «қаңғыбастар» көсемі ретінде суреттейтін тұстардың жолдан қосылғанын ашық айтты (Қараңыз: Сонда, 42 б.).

Шындығында да кезінде
Наурызбай төре кеткен соң,
Бастан ауды бағымаз.
Кеңесары кеткен соң,
Иесіз қалды тағымаз.
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,
Байланды тіл мен жағымыз,

– деп жырлаған Нысанбай жыраудың Кеңесарыны жоғарыдағыдай тобыр арасында бейнелеуі мүмкін емес. (Қараңыз: Нысанбай, Досқожа және т. б. жыраулардың мұралары басылған: «Хан Кеңе», А., 1993.).

Е. Бекмаханов Нысанбай жыраудың Кеңесарыны Иман, Жауке, Толыбай, Ағыбай, Бұқарбай, Мендібай, Дулат және Шәкір тәрізді тамаша батырлар мен халыққа қадірлі кісілердің ортасында суреттегенін ескертеді. Сондай-ақ, жырау Ұлы жүздің Байзақ батырын да ерекше шабытпен жырлағаны белгілі. Алайда, осы тарихи шындыққа қарсы пікір айтып, тарихтың қатты ағысына қарсы жүзгендер де болды. Оларды үлкен беделіне қарамастан, Е. Бекмаханов аяусыз сынады.

Тарихшы мұндай ұшқары пікірді сынай отырып, Кеңесары қозғалысының халықтың қалың бұхарасымен тығыз байланысты болғанын оның «батырларының бір бөлігінің халық бұхарасы арасынан шыққандығын», үйткені Кеңесарының күресті олардың (қазақтардың) ежелгі тәуелсіздігін қалпына келтіру, яғни, дербес Қазақ мемлекеттігін құру ұраны астында өрістеткенін, халық

бұхарасына жақын және таныс таланттар күреске қазақ кедейлерін, оның ішінде байғұстарды, жатақтарды және егіншілерді тартқанын батыл атап көрсетті. (Аталған еңбек, 189,182 бб.).

Сталиндік тоталитарлық жүйе әбден нығайған кезде «Қазақ халқының және мемлекеттігі» үшін күрескерді осылай марапаттау,шынында да көзсіз ерлік еді.

Нақты деректерге сүйенген Е. Бекмаханов Кеңесарыны барынша халыққа жақын етіп көрсетуге күш салды.Шынында да, Кеңесарының күші осында – халыққа жақын тұрғандығында еді. Тарихшының іргелі еңбегінде осыны дәлелдейтін деректер жеткілікті. Солардың бірінде, Кеңесары ордасына барған патша жансызы Мінтай Тяукин қарусыздығын көрдім, оның жеп отырған асы өлуге айналған көтерем жылқылардан тұрады, мүлде талғамсыз киінетінін байқадым. Олар кәдімгі байғұстар тәрізді өмір сүруде. (Аталған еңбек, 183 б.).

Тарихшы Е. Бекмаханов өзінің осы бағыттағы талдаулары негізінде «Кеңесары билікке жікшілдік күрестің және рулық арандатулардың нәтижесінде келген жоқ, ол жалпы мойындалған көтеріліс басшысы ретінде хан болып сайланды» – деп әділ қорытындыға келді. (Сонда, 251 б.).

Тарихшының қарсыластары Е. Бекмахановты «Кеңесары көтерілісінің таптық мәнін ашпады» – деп орынсыз кінәлады. Іргелі еңбекте бұл қозғалысқа қосылған әлеуметтік топтар терең талданған.

«Кеңесары қозғалысына, – деп жазды Е. Бекмаханов, – қазақ қоғамының жоғары әлеуметтік тобы өкілдері – сұлтандар, ру басылары да қатысты. Олардың бір бөлігі күрестің басынан бастап өздерінің феодалдық жасақтарымен бірге Кеңесарыға ілесті және оған соңына дейін адал болып қалды. Бұлар негізінен алғанда, Кеңесарының өзінің жақын туыстары еді». (Сонда, 189 б.).

Кеңесарыны қолдаған әлеуметтік қабатты да тарихшы аса дәл көрсете білді. Негізінен бұлар «қазақтардың бір тұтас мемлекетін құруға мүдделі феодалдардың орта қабаты еді. Олар одан өздерін құтқаратын жолды көрді. Ірі рубасы феодалдар болса біртұтас мемлекетті құруға қарсы шықты. Өйткені, билікті орталықтандыру олардың тәуелсіздігін жоятын еді». (Сонда, 281 б.).

Осылайша, Қазақ қоғамындағы жоғары әлеуметтік қабатқа сын көзбен қараған тарихшы Кеңесарының ұйымдастырушылық күшінің бастауы, негізінен, қазақ батырлары болғанын дәлелдеп берді.

Кеңесарының өзі де ең алдымен, шын мәніндегі хас батыр, үлкен қолбасшы еді. Тарихшы мұны да назардан тыс қалдырмай, сонымен қатар Кеңесарыны ірі мемлекет қайраткері ретінде сипаттады. Ол құрған хандықтың өзіндік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан терең талдап ашты. «Қазақ мемлекеттігінің басында Кеңесарының өзі тұрды», – деп жазады осы орайда Е. Бекмаханов,

Оның жанында оның өзіне жақын серіктерінен –батырлардан, билерден және жекелеген хан туыстарынан тұратын Кеңес жұмыс жасады. Хан Кеңесі-кеңесші орган болды да, шешуші дауыс ханның өзінде қалды. Ол осынысымен Әбілқайыр ханның жанында жұмыс жасап, хан билігін шектеген Ақсақалдар Кеңесімен ерекшеленді.

Хан Кеңесіне Кеңесары жікшілдік бағыты насихаттайтын ру басы, белгілі феодалдар өкілдерін жібермеді. Кеңесары Кеңесіне азаттық күресі процесінде ханның құрметіне және сеніміне ие болған жандар ғана,мысалы,оның інісі Наурызбай, батырлары Ағыбай, Иман және өзінің елшіліктегі табыстарымен танылған би Шоқмар Бақтыбаев, Сейдақ қожа Оспанов және басқалар кірді. (Сонда, 281 б.).

Е. Бекмахановты сынаушылар әдетте. «Ол қанішер де қатал Кеңесарыны дәріптеді», – деп те кінәледі. Атақты тарихшы өзінің іргелі еңбегінде, ең алдымен, «Кеңесары кімге қатал болды?» – деген сауалға жауап іздеді. Зерттеуден Кеңесарының екі мәселеде аса қатал болғанын байқаймыз. Оның алғашқысы – сатқындық. Сатқындық үшін «Кеңесары өлім жазасын ұсынды». (Сонда, 295 б). Сондай-ақ, Кеңесары хан билігін мойындамайтын және мемлекетке зекет төлегісі келмейтін руларға және жікшіл билеуші сұлтандарға ымырасыз да қатыгез болды. (Сонда, 240-241 бб.).

Мұны нақты дәлелдермен Е.Бекмаханов өзінің басты еңбегінде жасырмай жазды.

Сонымен, қысқаша баяндар болсақ, атақты тарихшымыз Е. Бекмахановтың тарих ғылымына қосқан негізгі үлесі, тоталитарлық жүйе жылдарындағы ерекше ерлігі, міне, осындай.

Алайда, Ермұхан Бекмахановтың ғылымдағы өнегелі өмірі туралы айтқанда оның шығармашылығындағы күнгүрт және көлеңке тұстарды да ауызға алуға тура келеді. Біздің айтайын деп отырғанымыз, Сталиндік қуғын-сүргіннен кейінгі, ғалымның «ақталған» тұстағы, яғни өмірінің кейінгі кезеңіндегі ғылыми-зерттеу шығармашылығы туралы Кеңестік идеология жоғарыда атап кеткеніміздей, Е. Бекмахановтың Кеңесары қозғалысына қатысты ғана емес, бүкіл Қазақстан тарихының Ресеймен қарым-

қатынасына байланысты бұрынғы көзқарастарын түбірінен өзгертуге мәжбүрледі. Тарихшы, егерде ғалым болып қаламын десе, Коммунистік партияның Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысты концепциясын ұстануы қажет болды. Амал жоқ, өзінің докторлық лауазымын қалпына келтіру үшін Е. Бекмаханов «Қазақстанның Россияға қосылуы» деп аталатын жаңа монография жазды. Бұл еңбек Ресей ғалымдарының қолдауымен 1957 жылы Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының баспасынан жарық көрді. Көлемі жағынан да іргелі болып есептелінетін бұл еңбек Бекмахановтың бұрынғы ғылыми дәрежесі мен атағын қалпына келтірді. Алайда, бұл еңбекте Ермұхан Бекмаханов жоғарыда атап көрсеткеніміздей, өзінің Кенесары Қасымұлына байланысты бұрынғы көзқарасынан бас тартуға мәжбүр болды. Орыс тілінде жарық көрген бұл еңбекте «Реационная сущность феодально-монархических движений в Казахстане» деп аталатын 4-тарау басынан аяғына дейін Кенесарыны және оның ұлт-азаттық қозғалысын айыптау тұрғысынан жазылды. Өкінішке орай, осындай ұстанымды Ермұхан Бекмаханов өзі кейіннен жазған 7-8 сыныптарға арналған оқу құралында да қалыптастырды. Енді Кенесары Қасымұлының тарихи тұлғасы Қазақстанның тарих ғылымында жағымсыз және ұнамсыз тұрғыдан сипатталып, ол кейінгі ұрпақтардың санасында тарихтың кереғар, қанышер және озбыр кейіпкері ретінде бейнеленді. Осындай көзқарастың өкінішке орай, тәуелсіздікке дейін жалғасып келгені құпия емес. Ермұхан Бекмахановтың тарихты осылайша қарама-қарсы және қайшылықты көзқарастармен жазып шығуы оның жеке басының ғана емес, Қазақ тарихының сол тұстағы үлкен қасіреті еді. Бұл мәселе тарих идеологиялық қыспаққа және ықпалға түскенде ақиқаттың абзал жолынан адасатынын тағы да дәлелдеп берді. Сондықтан да тәуелсіздік деген қасиетті сөз, халқымыз үшін де, оның сандаған ғасырларға созылған қасіретті тарихы үшін де аса қастерлі болып табылады.

1 Секция. Е. Бекмахановтың тұлғасы және ғылыми құндылығы
1 Секция. Личность и научное наследие Е. Бекмаханова

ТҰЛФА МЕН ЗАМАН

ҒАЛЫМЖАНОВ Н.

I – взвод курсанты, Облыстық мамандандырылған әскери - мектеп интернаты

САПАРҒАЛИ А. Ж.

Ғылыми жетекші, Павлодар қ.



Бекмахановтың еңбегінде Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың «феодалдық-монархиялық қозғалыс» деп аталмай, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі ретінде қарастырылуынан шыққан даудың соңы қазақ ғалымдарының осылайша тағы да жаппай қуғын-сүргінге ұшырауына әкеліп соқты. Қазақстан коммунистік партиясы

«ұлтшылдық вирусының тамырына балта шабу» жөнінде қаулы қабылдады. Көп ұзамай қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымының докторы Ермұқан Бекмаханов 25 жылға сотталды. 1944 жылы басталып, 1952 жылы Ермұқан Бекмахановтың 25 жылға сотталуымен аяқталған даудың басы «Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі» деген ғылыми тұжырым еді. Қазіргі тарих ғылымында орныққан бұл тұжырымды әуел баста көтерген ғалым сегіз жыл әуре-сарсаңға түсіп, ақыры бір жарым жылын ГУЛАГ абақтысында өткізді. Бекмахановтың саналы ғұмырының он екі жылдық сергелденіне кейбір отандық тарихшылар да «үлес» қосты. «Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс» деп аталатын тарауы тарихшы Бекмахановтың үлесіне тиген кітап талқыға түсті. Бекмахановтың еңбегіне

байланысты кереғар пікірлерден кейін 1948 жылғы ақпанның 28-і СССР ҒА тарих институты бұл кітапты мәскеулік мүйізі қарағайдай ғалымдардың талқылауына қайта салды. Ең әуелі қазақстандық тарихшылар Т. Шойынбаев пен М. Ақынжановтың арнайы жіберген айыптау пікірлері оқылды. [1;152]. Содан соң Қазақстаннан барған тарихшы ғалым Х. Айдароваға сөз берілді. «Бекмаханов алдына қойған міндетті орындай алмады, әдіснамалық тұрғыдан елеулі қателіктерге ұрынды, сөйтіп көтеріліске де, Кенесары Қасымовтың өзіне де мүлде дұрыс баға бермеді. Оның себебі автордың буржуазиялық және буржуазиялық-ұлтшылдық тұжырымдаманың шылауында кеткенінде, ал марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінен берілген үзінділерді көз алдау үшін ғана қолданды. «Материал жетіспеді немесе автор бұл кезеңді жете зерттемеді» деуге негіз жоқ» деген ауыр айыптаудан бастаған Айдарова «Бекмаханов барлығын әдейі, қасақана жазып отыр» деп көсілді. («Вестник АН КазССР», 36-бет, №3, 1948 ж.). Сол жылы шілде айының 14-і мен 19-ы аралығында Бекмахановтың аталған кітабы Қазақ КСР ҒА тарих, археология және этнография институтында тағы да бес күн бойы талқыланды. Осы талқылаудың стенограммасы туралы академик Кеңес Нұрпейіс: «Машинкаға басылған көлемі 550 беттік қолжазба ... осы кітапқа байланысты Е. Бекмахановқа аса ауыр саяси айыптар тағуда ерекше белсенділік көрсеткен саяси «қырағы» айғайшылар жөнінде мәлімет берсе, екінші жағынан, Ерекеннің басты кітабына әділ баға беріп, оның авторын саяси айыптардан қорғап қалуға атсалысқан, тарихи шындықтарға адал жекелеген тарихшы ғалымдар туралы мәліметтерге толы екен» деп жазды («Қайсарлық және қасірет»//Егемен Қазақстан, 15 ақпан, 2005 ж.). Алматыда өткен талқылауда Т. Шойынбаев, Х. Айдарова, М. Ақынжановтардың Мәскеудегі пікірлері сол күйі қайталанды, оған С. Толыбеков, А. Нұрқанов, Ф. Жизиевский, Б. Сүлейменовтер (соңғысы қуғын-сүргінге ұшырап, Е. Бекмахановтан кейін 25 жылға сотталды – автор.) қосылып, кітапты іске алғысыз етті. «Кенесарының патшалық Ресеймен күресін қазақтың буржуазияшыл ұлтшылдары Қазақстанда хан билігін қайта орнатуға пайдаланбақ болды; буржуазияшыл ұлтшылдарды большевикше әшкерелеудің орнына Бекмаханов олардың еңбектеріндегі ой-пікірлерді сол күйі қайталады.

Бұл жолы Бекмахановтың еңбегіне «саяси-теориялық тұрғыдан, атап айтқанда буржуазиялық-ұлтшылдық тұрғыдан жазылған зиянды, теріс еңбек» деген баға берілді. 1951 жылғы

сәуірдің 10-ы Қазақстан коммунистік (большевиктер) партиясы осы мақала жөнінде арнайы қаулы қабылдап, «ұлтшылдық вирусының тамырына балта шабу» жөнінде нұсқау берді. 1952 жылғы мамырдың 24-і Қазақ ССР ҒА төралқасының отырысы Бекмахановты қызметінен босатты. Партиядан да, жұмысынан да шығарылып, ғылыми атақтарынан жұрдай болған Бекмаханов әуелі Нарынкол, екі айдан соң Жамбыл облысы Шу ауданындағы Новотроицк орта мектебіне тарих пәнінің мұғалімі болып кете барды. КГБ тарихшыны бұл жерде де тыныш қалдырмай, 1952 жылғы қыркүйектің 5-і тұтқындап, желтоқсанның 2-і совет соты оны 25 жылға соттап жіберді. «Правдада» шыққан жалғыз мақала екі жылдың ішінде осылайша бөрінің астаң-кестенін шығарды. Сталин өлгеннен кейінгі жылымықта Бекмаханов ісі де қайта қаралып, 1954 жылғы ақпанның 16-ы толық ақталып шықты. Бұған Хрущевтің қабылдауына барып, мән-жайды түсіндірген Панкратова да үлес қосқан еді [2; 5]. Сот шешіммен ақталып келгеніне қарамастан Ермұқан Бекмахановтың қоғамға қайта сіңуі оңай болмады. Бірінші хатшы Пантелеймон Пономаренконың араласуынан кейін ғана санатқа іліне бастады. Осындай қиын кезеңдерде Бауыржан Момышұлының Бекмахановқа қалай ашық қолдау көрсеткені «Ермұқан Бекмаханов туралы естеліктер» (А., 2005) кітабында баяндалады.



Бостандыққа шыққаннан кейін Бекмаханов докторлық диссертациясын қайта қорғауға мәжбүр болды. Әрине, бұрынғы «қателіктер түзетілді». Кейінгі еңбектерінде маркстік-лениндік әдіснамадан қия баспайтын болды. Ермұқан Бекмаханов пен қызы Найля Бекмаханованың авторлығымен өңделіп, 1977 жылы он алтыншы рет жарық көрген, 7-8 кластарға арналған «Қазақ ССР тарихы» оқулығында «Кенесары Қасымовтың 1937-1938 жылдардағы феодалдық монархиялық қозғалысы» деп аталатын 29-параграф бір-ақ беттен тұрады. Осы беттегі «Кенесары Қасымовтың қозғалысы реакцияшыл, қазақ ақсүйектерінің

феодалдық монархиялық қозғалысы еді. Бұл қозғалыс Қазақстанда ортағасырлық тәртіпті нығайтуға бағытталып, Қазақстанның Россияға қосылуына бөгет жасалды» деген қорытынды (16 б.) жоғарыда аталған «Правда» газетіндегі тұжырыммен сөзбе-сөз сәйкес келеді. 1952 жылы Бекмаханов істі болып жатқанда Т.Шойынбаевтың «Кенесары Қасымовтың реакцияшыл феодалдық-монархиялық қозғалысын баяндаудағы ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға қарсы» деп аталатын кітапшасы республикаға жаппай таратылып, үгіт-насихат жұмыстарында қолдан түспейтін құралға айналды. Бекмаханов ақталғанымен «Кенесары қазақ халқының жендеті және тұншықтырушысы болды. Ол өздерінің төленгіттерінен шайқа ұйымдастырды» дейтін пікірлерінен Т. Шойынбаев бас тартқан жоқ. Қазақстанның Ресейге қосылуының 225 жылдығына арналған «Қазақ халқының тарихындағы ұлы оқиға» (А., 1957) деп аталатын мақаласында осы сарындағы пікірлерін тағы да қайталады.

XX ғасырдың сексенінші жылдарының аяғында, осы мақаладан кейін 38 жыл өткен соң Кенесары қозғалысы мен Ермахан Бекмахановқа қазақ тарихы мен қазақ тарихнамасынан өз орынын беріп, оларды ақтау туралы «Жұлдыз» журналында тарихшылар мен әдебиетшілердің басын қосып, пікір алысу өткізгенімізден кейін академик Кеңес Нұрпейіс пен тарихшы Бүркіт Аяған осы жабық партия жиналысының және сол жылы 21-тамыз күні өткен, президент Қ. Сәтбаевтің өзі төрағалық еткен Қазақ ССР Ғылым Академиясы Президиумы кеңесінің қолжазба хаттамасында қозғалыстың прогрессивті болуының себептерін орнықтыруға тырысқан Т. Тәжібаевтің, Әділгереевтің, Ділмұхамедовтің, Елеуовтің, Жиреншиннің, Нүсіпбековтің пікірлері мен соларды «халық жауы, ұлтшыл, буржуазияшыл, орысқа қарсы қастандық идеясын өршітуші» ретінде көрсеткен Т. Шойынбаевтің, Х. Ф. Айдарованың, Тұрсынбаевтің, Сүлейменовтің, Покровскийдің әшкерелеулерін ғана бүкіл қазақ тарихшыларының пікірі ретінде М. А. Суловтың назарына ұсынған [3;12].

Тарих ғылымының кандидаты Тұрсынбаев: – Кенесары – Қазақстандағы барлық контрреволюционерлердің туы болды. Ол ашалордашылардың да, 1930-жылдардағы байлардың Созақтағы көтерілісінің де, 1937-1938 жылдары әшкереленген контрреволюционерлер тобының да туы болды. Бекмаханов – ғалым емес, оның ұстанымы жоқ, ол ұлтшыл және троцкистік Варшавскийдің көмегімен шимай-шатпақ кітап жазды. Оның

кітабі қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы достыққа іріткі салады. Бекмахановтың барлық қарсыластары Омаров жолдастың тарапынан арандатуға және қуғынға ұшырады. Олар жоғары оқу орындарына дәріс беруден шеттетілді, ғылыми кеңестің құрамынан және әр түрлі басылымдардың алқа құрамынан шығарылды. Көптеген оқулықтар Бекмахановтың ұлтшыл идеясымағымен тығындалған. Бұл идеясымақтармен студенттердің идеологиясы уланып жатыр. Университеттің ректоры Тәжібаев Бекмахановтың барлық қарсыластарын университеттен қуып шықты, Қазақстан тарихынан дәріс беретін олардың орынын оның (Бекмахановтың – Т. Ж.) жақтастарына айырбастады. Келесі кезек «Правданың» редакция алқасында Кенесары мен Бекмахановты көкпарға салып берген тарихшы Бек Сүлейменовке берілді. Шындығын айтайық, әшкерелеуші партиялық ұстанымның тізгінінен ұстаған, «Правданың» сөзін сөйлеуші тарихшының да қуғынға ұшырап, жиырма бес жылға жер аударылып кетуі бізге еш түсініксіз көрінді. Себебін де анықтаудың реті келмеді. Қ. Мұхамедханов: «Мінезінен тапты. Ойнақтап жүріп өзі қақпанға түсті»,– дегеннен басқа сыр ашпады. Біздің ойымызға, осы «Алашорда» тергеу ісі бойынша куәлікке тартылып, сонынан олардың өзі ату жазасына бұйырылған Д. Әділөтін, Ә. Байділдиннің сорлы тағдыры оралды. Бек Сүлейменов те соның керін құшқан болуы мүмкін. БК(б)П Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, сұр кардинал М. А. Сулов екенін ескерсек, онда көзқарас қайшылығының астары Кенесары мен Бекмахановта емес, ұлтшылдық пен шовинизмнің мүдделі қақтығысында жатқанын байқаймыз. Әрине, өмір сүріп отырған өктем империяның дегені болатыны анық. Академик А. Панкратованың: «... Грузиннің, тағы басқа ұлттардың тура осындай оқиғаларға қатысты княздарының қозғалысы прогрессивті болады да, неге қазақ хандары рекционер деп бағаланады, мен соны түсінбеймін», – деген мағынадағы Илияс Омаровқа жазған хатындағы сұрақтың жауабына ешкім де бас қатырып жатпады. Тарихи шындық пен тарихи көзқарас шындығы тура осы арада жатыр еді [4;52].

Жанағыдай империяның қуатты идеологтары кіріскеннен кейін Қазақстан К(б)П Орталық комитеті бюросының қаулы шығаруы ғана қалды. Ол Қаулы 10-сәуір күні «Правда» газетінде басылған «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақала туралы» деген атпен барлық мерзімдік баспасөздерде жарияланды. Онда (қысқаша мазмұны): «Правда»

газетінде 1950 жылы 26-декабрьде жарияланған «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаланың хан Кенесары Қасымовтың реакциялық, феодалдық-монархиялық қозғалысына баға берерде Е. Бекмахановтың жіберген өрескел саяси қателерін дұрыс ашатындығын Қазақстан К(б)П Орталық комитеті атап көрсетті» (...). «Ф. Энгельс 1851 жылы 23 майда К. Маркске жазған хатында «(...) Сонымен Кенесары қозғалысы халықтық қозғалыс та емес, бұқаралық қозғалыс та емес, азаттық қозғалыс та емес, реакциялық қозғалыс болды». «(...) Ғылым және партия жұртшылығы Е. Бекмахановтың саяси қателерін оған сан рет көрсетті. Қазақстан К(б)П Орталық комитетінің «Қазақ ССР тарихының» екінші басылуын әзірлеу туралы» 1945 жылы 14-августтағы қарары ол үшін үлкен ескерту болуға тиіс еді. Бірақ Е.Бекмаханов ғылым және партия жұртшылығының пікірімен санаспады және партияға қарсы, буржуазиялық-ұлтшылдық позицияларда қасарысып қалып келеді. Қазақстан К(б)П Орталық комитеті мынаны да атап көрсетті «Қазақ ССР тарихы» кітабының екінші басылуын әзірлеу туралы» Қазақстан К(б)П Орталық комитетінің 1945 жылғы 14-августтағы қарарын орындамады және хан Кенесары Қасымовтың қозғалысына баға беруде кітаптың бірінші басылуында жіберген саяси қателерді тағы да жіберді. Қазақстан К(б)П Орталық комитеті «Правда» газетінің «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген 1950 жылы 26 декабрьде басылған мақаласын дұрыс деп таныды және маркстік-лениндік ілім негізінде Қазақстан тарихын терең және шын баяндауды, совет дәуірінің тарихын жасауға айрықша көңіл бөлуді, қазақ халқының тарихын, оның ұлы орыс халқымен берік достығының тарихын бұрмалауға тырысқан әрекеттің қандайына болса да қарсы батыл күрес жүргізуді республика тарихшыларының алдында өте маңызды міндет етіп қойды [5;226].

Қазақстан К(б)П Орталық комитеті Қазақ ССР Академиясының Президиумын мына жұмыстарды істеуге міндеттеді: «Қазақ ССР тарихының» бірінші томы түзетіліп, 1952 жылы қайта басылсын, онда бұл кітаптың екінші басылуында жіберілген саяси қателер жойылсын; Қазақстандағы XVIII-XIX ғасырлардағы ұлттық қозғалыстар туралы мәселе халықтық, азаттық қозғалыстарды реакциялық, феодалдық-монархиялық қозғалыстардан айыру тұрғысынан шешілсін; Кенесары Қасымов қозғалысының реакциялық, феодалдық-монархиялық қозғалыс екендігі туралы

мәселе «Қазақ ССР тарихының» көп томдығында, «Қазақ әдебиетінің тарихында» және басқа да кітаптарда көрсетілсін. Қазақ ССР Академиясының тарих, археология және этнография институты мен тіл және әдебиет институтының директорларына, республикалық газеттер мен журналдардың редакторларына Кенесары Қасымовтың реакциялық қозғалысын әшкерелейтін бірнеше мақалалар әзірлеп, басып шығару тапсырылды [6;142].

Осыдан кейін 20-сәуір күні Жазушылар одағында «Кенесары – халықтың қас жауы» атты тақырыпта партия ұйымының ашық жиналысы өтті. Онда одақтың жауапты хатшысы Қ. Жармағамбетов көлемді баяндама жасап, қазақ әдебиетіндегі Кенесары бейнесінің сомдалуы тарихына барынша кең тоқталып өтті. Ол: «Кенесары Қасымовтың реакцияшыл қозғалысын әдебиетте дәріптеудің жаңа толқыны 1939-жылдардан басталады. Бұл мәселеге ССРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалының сол кездегі әдеби секторы ұйытқы болды да, сол сектордың сол кездегі басшысы Е. Исмаилов ұйымдастырушы болды. Е. Исмаилов 1940 жылы Кенесарының қырғыз халқына жасаған басқыншылық шабуылын ақтап, арнаулы монография жазды. Әдебиет секторының сол кездегі ғылыми қызметкері Х. Бекхожин «Әдебиет және искусство» журналының 1941 жылғы 5-нөмерінде «Қазақ әдебиетіндегі Кенесары мен Наурызбай бейнелері» деген мақаласын жариялады, Исмаилов пен Бекхожиннің бұл еңбектерінде Кенесары Қасымовтың реакцияшыл-монархиялық қозғалысы прогрессивтік, ұлт-азаттық қозғалыс деп танылып, Кенесары мен оның төңірегіндегі қарақшылары – халық батырлары дәрежесінде дәріптелді. Дәлірек айтқанда, Кенесары жөніндегі ұлтшыл-алашордашылардың ескі сандырағын қайталады. 1940 жылы Исмаиловтың басшылығымен Кенесарыға арналған поэмалар мен өлеңдерден жинақ құрастырылып, 1941 жылы Қақтың Мемлекеттік Баспасына өткізілді. Исмаиловтың басшылығындағы әдебиет секторы бұл шараларға да қанағаттанбай, Кенесары мен оның нөкерлері туралы ақындарға шығармалар жаздырды. Х. Бекхожин «Науан батыр» деген поэма жазып, қандыбалақ Наурызбайды халық батыры деп көтермеледі. А. Тоқмағамбетов Кенесарының әскери басшыларының бірі, қырғыз халқына қарсы басқыншылық соғыста жауыздығымен көзге түскен Бұқарбай туралы поэма жазды. Қ. Аманжолов «Көкшетау» деген поэма жазып, Кенесарының Көкшетауда болған кезін аңсайтындығын баяндады [7;215]. Исмаиловтың тапсыруымен халық ақындары Саяділ Керімбеков, Доскей Әлімбаев, Иманжан Жылқайдаров

Кенесарыны мақтап поэмалар шығарды. Бұл поэмалардың бәрін де әдебиет секторы сатып алып, Исмаиловтың басшылығымен Кенесары туралы екінші кітап әзірленді. Исмаилов 1944 жылы «ССРО 1949 жылы М. Әуезовтің редакциясымен шыққан қазақ әдебиеті тарихының бірінші томындағы «Тарихи жырлар» деген бөлімде Исмаилов «XIX-ғасырда болған ұлт-азаттық қозғалысының ішіндегі ең көрнектісі Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған халық көтерілісі» (311 бет) – деп түйеді. Осының барлығы әдебиетші Исмаиловтың Кенесарының реакцияшыл-ұлтшыл қозғалысының әдебиеттегі адвокаты болып келгендігін дәлелдейді [8;157].

С. Мұқанов 20 жыл бойына Кенесары Қасымовтың қозғалысын халыққа қарсы реакцияшыл деп келді. 1923 жылы жазған «Шешендер қара тақтаға жазылмаңдар!» деген мақаласында С. Мұқанов Кенесары қозғалысының реакцияшыл мәнін дұрыс әшкереледі. Одан кейінгі жылдарда «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет» журналдарында жарияланған қазақ әдебиеті тарихының мәселелері жөніндегі мақалаларында да алғашқы айтқан пікірінде қалып отырды [9;122].

Қорыта келгенде, Е. Бекмаханов қазақ тарих ғылымының, халқымыздың мақтанышы. Бірақ, өкінішке қарай, оның бұл басты еңбегі 50 жылдардың басында қаралы тізімге ілінді де, Сталиндік-империалық бұғаудың үзіле бастауы да оның жарыққа шығуына жол ашпайды. Бұған себеп тарих ғылымы Бекмаханов тұжырымдамасының деңгейінен төмен тұрды [10; 96]. XIX ғасырдың 20-40 жылдар, оның ішінде Кенесары Қасымұлы бастаған халық көтерілісі үш жүзді қамтыған ең көлемді бас көтеру болғандығын, оның азаттық үшін болған ұлы аттаныс екенің тарихшылар іштей мойындаса да, Бекмахановтың еңбегіндей ұлы істерді толығымен көрсете алған жоқ.

Бекмаханов жазған шындық ақыры дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 М. Сарсеке. ЗЖЛ Е. Бекмаханов. – Астана. «Фалиант», 2010 – 550 б.

2 Тұрсын Жұртбай. «Кенесары және тарихшы Е. Б. Бекмаханов қалай қазақ халқының жауы болып жарияланды» // Алаш айнасы. 02.11.2014 ж. – 5 б.

3 Аманжолов К. Р. Қазақстан тарихы. (Дәрістер курсы). – Алматы, 2004; осы автор.

4 Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. – М., 1957.

5 Бекмаханов Е. Б. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан. – А., 1992.

6 Қасымбаев Ж. К. Кенесары хан. – Алматы, 1993.

7 Қасымбаев Ж. К. О некоторых вопросах истории национально-освободительного движения в Казахстане второй половины XIX века. – Ташкент, 1989.

8 Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. – А., 1994.

9 Левшин А. И. Описание киргиз-казачих или киргизских орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 292 б.

10 «Алаш» тарихи-этнологиялық журналы. – 2009. – №1. – 676.

ТАҒДЫРЫ КҮРДЕЛІ ҚАЙСАР ТАЛАНТТЫҒ ЖАНАШЫР ҰСТАЗЫ

ДЖАСУЛАНОВА А. Н., ЖИДЕБАЕВА С. Б.
студенттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда біздер халқымыздың көп жылдар бойы арман еткен туған отанымыздың тәуелсіз мемлекет болып орныққанына және XX ғасырдың басында еліміздің өркендеу жолында аянбай еңбек етіп, қажырлы түрде тер төккен қазақ зиялыларының аз болмағанына қатты сүйсінеміз. Сонымен бірге тарихымызда үлкен орын алған қоғам қайраткерлерінің де еңбектерін аса қадірлеп ақыл тұтамыз.

Әсіресе, бүкіл әлем болып қарсы алып отырған үлкен мыңжылдықтың тоғысқан кезеңінде өмір жолындағы қиыншылықтарды және саяси әрекеттердің тұсауларын өжет қайраттылығымен жеңе білген қазақ халқының ардагер азаматы, аяулы ұстазы Ермұқан Бекмаханов. Қазақ халқының тағдырындағы өтпелі дәуірдегі ресми деректерді шын мәнінде тарихи тұрғыдан талдап, әлемдік өркениет деңгейінде айғақтай білген зерделі ойшыл Ермұқан Бекмаханов қазақ тарихын зерттеуді биік сатыға көтерген көрнекті тұлға. қайсар зерттеуші, даңқты ғалым, өнегелі ұстаз болды.

Атақты тарихшының ең басты еңбегі «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты алғашқы докторлық монографиясы, әсіресе, онда қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы ерен тұлғасын туған еліне шынайы танытуы болып табылады.

Бұл жөнінде тарихшы Кеңес Нұрпейісов: «Алғашқы кәсіби тарихшы-ғалымдарының бірі Е. Бекмахановтың ғылыми мұрасы тақырыбының көп қырлығымен мәселелерді кеңінен қамтуымен және шешуімен ерекшеленеді, оларды зерттеу және бағалау-болашақтың міндеті», – деп жазды [1].

Бекмахановтың еңбегінде Кеңесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың «феодалдық-монархиялық қозғалыс» деп аталмай, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіретінде қарастырылуы Бекмаханов сияқты қазақ ғалымының жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырауына әкелді.

Жұрт өз халқының, өз ұлтының мерейі жоғары болуын ойласа, одан басқа халықтардың биік тұрғанын қалайтындар да табылады екен. 1950 жылғы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыда көрсетілсін» деген Х. Айдарова, Т. Шойынбаев және А. Якуниннің мақаласы жарық көрді. Бұл біздің республикадағы саяси репрессияның басы болды. 1943 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихын» дайындаудағы ұйымдастырушылардың бірі және ондағы Кеңесары Қасымов басшылық еткен қазақтар көтерілісі туралы тарау авторы болған Е. Бекмаханов «контрреволюциялық қызметі» үшін 25 жылға сотталды. Оның бұдан кейінгі тағдырына А. М. Панкратова белсендераласты [2, 4 б]. Бекмахановтың бастан кешкендеріайтылғанда мәскеулік ғалым Анна Панкратованың есімі қатараталады.

Анна Михайловна Панкратова кеңестік тарих ғылымының негізін қалаушылардың бірі болды. Ол өз заманының адамы еді, тарихшы-марксист ұстанымынан айныған емес. Тарих алдында барыншаадал қызмет етті. 1917 жылғы Ақпан және Қазан революцияларына белсене қатысты. 1919 жылдан СОКП мүшесі. Партиялық жұмыстан Қызыл профессура институтына жіберілді. Оқуды бітірген соң, елдің негізгі қалаларындаоқытушылық және ғылыми жұмыстарды қатаралып жүрді. 1939 жылдан КСРО Ғылым академиясының Тарих институтынаауысып, сол жылы ҒА корреспондент-мүшесі, ал 1953 жылдан академигі болды. СОКП Орталық Комитетіне мүше, Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланды. Әрине, біз үшін Анна Михайловнаның республикамызға қатысты еңбегі мен қызметі маңызды. Ол Қазақстанның тарих ғылымының қалыптасуына белсене араласты. Ең алдымен, еліміз үшін жоғары білікті тарихшылар дайындауға, екіншіден, Қазақстан тарихының ауқымды да өзекті проблемаларын зерттеуге айрықша үлес қосты [3, 9].

Осы ретте біздер, қазақ тарихшылары, үлкен ғалым және саяси қайраткер КСРО Ғылым академиясыныңакадемигі Анна Михайловна Панкратовағаайрықша құрмет көрсетеміз, оның аруағы алдында өздерімізді борышты санаймыз. Осынау ғажайып адам біздің аға буын тарихшыларымызға ұстаз болып қана қойған жоқ, көп қамқорлық та жасаған. Анна Михайловна Панкратова өзінің ұстазы, Қызыл профессура институтының ректоры М. Н. Покровскиймен бірге дүниеге жаңа келген КСРО дейтін елде, сондай-ақ Қазақстанда тарих ғылымының дамуынаайрықша үлес қосты. Олар кеңестік тарихшылардың алғашқы легінің басында болып, енді қалыптаса бастаған одақтық республикаларда тарихшы кадрларды даярлауғаатсалысты.

Қазақстан басшылары А. М. Панкратованың осынау еңбегін жоғары бағалады. Оған «Қазақ ССР ғылымының еңбегі сіңген қайраткері» атағы берілді. Арнайы банкетте үлкен ғылымға да, жалпы еңбекті дайындауға қатысқан барлық ғалымдарға да марапат сөздер көп айтылады. Ал ғылыми ортада «Қазақ ССР тарихы» КСРО құрамына кіретін республикалардың ішіндегі біреуінің түбегейлі әрі ғылыми негізделген тарихын жазудағы кеңес ғалымдарының сүбелі еңбегіретінде қабылданады. Сөйтсе де, оның бұдан кейінгі жолы асаауыр болды.

Е. Бекмаханов жазған Кеңесары Қасымовтың басшылығымен болған қазақ халқының ұлт-азаттық күресіне арналған бөліміне қатты шүйлікті. Рецензент қазақтардың ұлт-азаттық күресін көрсетудің қажеттілігіне күмән келтіре отырып, авторлық Ресей империясының саясатына ғана емес, жалпы, орыс халқынаоң ықыластың жоқтығын сынады.

Мұндай жаңсақ пікірмен келіспеген А. М. Панкратова ВКП (б) Орталық Комитеті үгіт-насихат басқармасына шағым жасап, қайталап рецензиялауды өтінді. Оған Александровтан сорақы жауап алды. Партияның бас идеологы бұл орыстарға қарсы еңбек, онда Қазақстан бұған дейін тарихтан тыс болған екені, тек Ресей ғанаоны тарихи ұлттардың қатарына қосқаны ескерілмегенін алға тосты. Бұл шын мәнінде орыс шовинизмінің барыншаасқынғанынаайқын мысал еді [4, 523 б.].

Осылайша Қазақ елінің тарихына байланысты еңбек, оған берілген баға кеңес тарихы ғылымындағы екі бағыттың арасындағы күресті жаңа биікке көтерді. Интернационалистік, шын мәніндегі таптық ұстаным бағытындағы тарихшылар А. М. Панкратова, М. Вяткин, Н. Дружинин және басқаларорыстық-центристік,

ұлыдержавалық-шовинистік бағыттағы А. Яковлев, А. Ефимов, С. Бушуев, Е. Тарле, П. Смирнов және басқалар бітіспес күреске қосылды. Бұл күрес үлкен ауқымда жүрді.

Бұл күреске белсенді қатысып қана қоймай, Анна Михайловна үлкен азаматтық тұлғасын да көрсетті. Ол жеке тарихшылармен ғана айтқысып қойған жоқ, сол кезде қалыптасқан ұлыдержавалық-шовинистік саясатпен де күресті. 1944 жылы елдің, партияның басшылары Сталинге, Ждановқа, Маленковқа, Щербаковқа әлденеше рет хат жазып, ақыры ВКП(б) ОК сол жылдың жазында тарихшылардың кеңесін өткізуге мәжбүр болды. Бірақ бұл кеңес те тарих ғылымындағы екі бағытты «татуластыра» алмады. Әрине, адал тарихшылар үшін ұлыдержавалық шовинизммен ымыраға бару, бір халықтың басқалардан жоғары тұруын мойындау қиын еді.

Александров басқарған ВКП(б) Орталық Комитеті үгіт-насихат басқармасы А. М. Панкратованың соңына түсуін бұрынғыдан да үдетті. Ғылыми жолмен, саяси күреспен жеңе алмаған соң, тарихшылар кеңесінің құпия материалдарын жария етті, топ құрды деген айып тақты. Ақыры оны партия басшылары Жданов пен Щербаковтың алдына апарып, институт директоры қызметінен босаттырады. Соған қарамастан билік басынан Сталиннің кетуімен, Анна Панкратова Ермұқан Бекмахановтың босатылуынаат салысты. [5, 238 б.].

Қазақтың «өткір пышақ қап түбінде жатпайды» дейтініндей, қанша қарсыластары қандарын ішіне тартып қарсы тұрғанына қарамастан, Анна Михайловна Панкратова 1953 жылы КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды және «Вопросы истории» журналының бас редакторы болып тағайындалды. Бірақ көп кешікпей тарихшыларарасында күрес қайта өршіді. Көпшілігі А. М. Панкратованың өзіне тісі батпағанымен, ол басқарған журналға тиісті. Ең қиыны қарсыластарын партия басшылығы қолдады. Оның ақыры журналдың жұмысын СОКП ОК талқылауға әкеліп соқтырды. 1957 жылғы наурызда «Вопросы истории» журналы туралы» белгілі қаулы қабылданды. Ал 1957 жылғы 21 мамырда А. М. Панкратова журналдың үшінші нөміріне қол қойса, төрт күннен кейін үлкен ғалымның жүрегі тоқтады [3, 9 б.]. Шовинизм сезімінен аулақ Анна Панкратова отандастарының қатал жүректері мен тарихқа деген ұлтшыл көзқарасқа қарсы болған, барлық ұлтты тең көрген, барлық ұлттың тарихын жоққа шығармаған шынайы адал тарихшы, Бекмаханов ағамыздың екіншіанасы, жанашыры зорлық зомбылық пен әділсіздікке шыдамаса керек...

Сол жылы ғылыми қауым оның 60 жылдығын атап өткен еді. Соған орай КСРО Ғылым академиясының салтанатты мәжілісі болды. А. М. Панкратованың сонда сөйлеген сөзі де жұрттың есінде қалған: «Бір ұлттың адамдарын екінші ұлтадамдарының үздіксіз тұрткілей беруі әрқашан менің жанымға тиеді, ұлттың азшылық құқын азғантай да болса, қиянат жасағанға өзімді Владимир Ильич Лениннің шәкірті санайтын мен қашанда зығырданым қайнап қарсы шығамын. Біздің көпұлтты Отанымыздың кейбір халықтарының тарихына байланысты кітаптар шығаруға қатысқаным, ең бастысы, осындаатап көрсеткендей, Белоруссия, Қазақстан, Тәжікстан, Украина және басқа кеңестік республикалардың жас ғалымдарын дайындауға көмек жасағаным мені үлкен қанағаттану сезіміне бөлейді...» [6, 37 б.].

Осы сөзден аңғарылатын бір жай – Анна Михайловна Панкратованың шапағаты тек біздің еліміздің ғалымдарына ғана емес, басқаларға да тиген екен. Ал біздің Қазақстанның ғылымына, әсіресе, тарих ғылымыныңтік тұрып, қалыптасуынаоның қосқан үлесіорасан. Ол біздің ұстаздарымызға ұстаз болды. Оның ғылым саласындағы ерлігі өз алдына, азаматтық келбеті ерекшеленіп тұрады. Егер Анна Михайловнаның қамқорлығы болмаса, Ермұқан Бекмахановтай тұлғалы ғалымымыздың тағдыры қалай болар еді деген сұрақ әркез көңілде тұрады. Ерекендей ғалымды еліне қайта қауыштырған сол кісі еді.

Кейде кешегі кеңестік дәуірдегі өмірімізге қатқылдау қарайтынымыз бар. Күнгейінен гөрі көлеңке жағы көптеу болғандай көреміз. Сөйтсе де, шындыққа жүгінсек, қол жеткен жетістіктеріміз де айтарлықтай болды. Халқымыздың білім дәрежесі үлкен биікке көтерілді, ғылым дамыды, мәдени өміріміздегі табыстарымыз да жұртқа белгілі. Оларды елемесек, халқымызды басына түскен қиындықтың көлеңкесінде қалдырсақ, ол шындыққа қиянат болар еді.

Біз мұны өзіміз тарихшы болғандықтан да тарих ғылымына қатыстыраайтар едік. Сол кеңестік дәуірде тарих ғылымына үлкен қиянат жасалды, тарихымыз бұрмаланды. Соған қарамай, республикамызда бұл ғылым дамыды, қалыптасты, оның кадрлары өсіп, жетілді.

Біздер, қазақ тарихшылары, академик Анна Михайловна Панкратованың жарқын бейнесіне әрқашан құрметпен қараймыз. Оның қазақ халқына жасаған еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1998.
- 2 Ақышев З. Ермұхан досым есімде//Сарыарқа самалы. – 2005. – 4 б.
- 3 Асылбеков М. Панкратова А. М.//Егемен Қазақстан. – 2012. – 9 б.
- 4 Сарсеке М. Ермұхан Бекмаханов: Ғұмырнама. – Астана: Фолиант, 2010. – 672 б.
- 5 Нурпеис К. Академик Анна Михайловна Панкратова и историческая наука Казахстана. – Қазақстан тарихының ғылымы: Ш. Ш. Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының 60 жылдығына арналды. – Алматы: МерСал. – 2005. – 533 с.
- 6 Омарбеков Т. Ермұханның ерлігі: Е. Бекмахановтың тарих ғылымдағы жанкешу күресі туралы әңгіме// Ақиқат. – 1998. – №9. – 35-40 б.

АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН ОЙШЫЛ БАБАМ

ЕГІНБАЕВА М. А.

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, № 7 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов 1915 жылы ақпанның 15 жұлдызында Павлодар облысының Баянауыл ауданында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. 1937 жылы Ресейдің Воронеж қаласындағы педагогикалық институтын бітіргеннен кейін Қазақ КСР халық ағарту комиссариатының жанындағы ғылыми зерттеу институтында еңбек етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында Республиканың халық ағарту комиссариатының басқарма бастығы болды. Сонымен қатар Алматының жоғарғы оқу орындарында ұстаздық қызмет атқарды. 1946-47 жылдарда Е. Бекмаханов Қазақ КСР Ғылым академиясында жаңадан құрылған тарих, археология және этнография институты директорының ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, ал 1947 жылдан бастап өмірінің соңына дейін, яғни 1966 жылғы мамырдың 6-на дейін (қуғын – сүргінге ұшырауына және «халық жауы» деп айыпталуына байланысты айдауда өткен жылдарды қоспағанда) Қазақ мемлекеттік университетінде өзі ұйымдастырған Қазақстан тарихы кафедрасын басқарды. Кеңес өкіметі тұсында тәрбие алған кәсіби тарихшы ғалымдардың бірі болған Е. Бекмахановтың ғылыми мұрасы оның тақырыптарының алуан қырлы болуымен, тарихи

мәселелерді кең қамтумен және олардың байыпты шешілуімен ерекшеленеді. Қазақстанның бүгінгі көрнекті тарих мамандары, Қазақ Ғылым академиясының мүшелері ағамыздың талантты шәкірттері М. Қозыбаев пен Қ. Нұрпейісов, Е. Бекмахановты Ұлы Октябрь революциясына дейінгі және Совет дәуірі кезеңнің көптеген мәселелерін зерттеген әмбебап тарихшы деп бағалай келіп, оның ғылыми мұрасын негізгі үш салаға бөледі.

1. Қазақстанның XVIII-XIX ғасырдағы тарихына арналған еңбектері;

2. Қазақ ССР тарихының оқулықтары мен оқу құралдары, педагогика проблемалары бойынша зерттеулері;

3. Республикада маркстік-лениндік дүниетанымды нығайтуға бағытталған, халықтың тарихи санасын көтеруге қызмет ететін, еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беруге арналған ғылыми-публицистикалық шығармалары [1, 236 б.]

Бұл Е. Бекмахановтың бай ғылыми мұрасына терең талдау жасап, оған жан-жақты баға бергендіктің нәтижесі деп білеміз. Е. Бекмаханов өзінің «Қазақстанның Ресейге қосылуы және одан кейінгі дамуы» туралы еңбегімен тарих ғылымына баға жетпес ірі үлес қосты. Орта мектеп үшін ол жазған «Қазақ ССР тарихы» оқу құралы күні бүгінге дейін пайдаланылып келеді.

Оның зерттеулерінің ішіндегі шоқтығы биігі 1947 жылы Алматыда орыс тілінде жарық көрген «XIX ғасырдың 20-40 жж. Қазақстан» атты монографиясы болды. Бұл тақырып Кеңесары Қасымов қозғалысын қамтитын. Көрнекті ғалымдардың бұл тақырыпқа тоқтау себебі, Сталин өзінің соғыс кезіндегі совет солдаттарына арнаған бір сөзінде «Сендерді Суворовтың, Кутузовтың, Богдан Хмельницкийдің т. б. рухы демесін» деген болатын. Осындай сөзді сол кездегі Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші секретары Ж. Шаяхметов өзінің соғыстағы қазақтарға арнап айтылған сөзінде «Сырым Датовтың, Кеңесары Қасымовтың, Исатай мен Махамбеттің, Аманкелдінің рухтары жебесін» деп айтқан еді. Е. Бекмаханов осы монографияның қолжазбасы негізінде 1946 жылы Мәскеуде тарих мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған болатын. Е. Бекмаханов «докторлық тақырыпты алуыма осы сөздер себеп болған ғой, әйтпесе басқа тақырыпта да жазып шығуға мүмкіндігім бар еді» деген екен.

1950 жылғы декабрьде «Правда» газетінде Шойынбаев, Айдарова және Якунин жолдастардың «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген мақаласы

жарияланып, Е. Бекмахановтың осы «ХІХ ғасырдың 20-40 жж. Қазақстан» деген кітабы сыналды. Кенесары қозғалысы феодалдық-монархиялық ұлтшылдықтың көрінісі болды, бұқаралық сипаты болған жоқ деген уәж айтылып, авторы ұлтшыл, ескілікті көкसेген халықтың жауы деп қатты сынға алынды. Тарих ғылымдарының докторы Д. Шаймұханов осылай баяндайды: «1951 жылы май айының ортасында Қазақ опера тетрында үлкен актив жиналысы өтті. Республиканың Шаяхметов басқарған басшыларының барлығы қатысты. Айтыс-тартыс көбейді. Жиырма шақты адам мінбеге шықты. Солардың сөзінің негізгі түйіні Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Е. Бекмаханов үшеуінің төңірегінде ғана болды. Кешегі қатар бірге жүрген достарының өздері жабысып, заманнан қорқып, барлық пәлені сол үшеуінің басына төкті. Осы жиналыстан кейін көп кешікпей Е. Бекмаханов университеттен қуылып, партия қатарынан шығарылды. Ол біраз уақыт Алматы облысы Нарынқол ауданындағы мектепте тарихтан сабақ берді. Бірақ, Қытайға қашып кетер деген қауіппен көп кешікпей Жамбыл облысының Шу ауданындағы Новотроицк селосындағы мектепке ауыстырылды. Жаңа дүрбелен Қазақстанның ғылыми, әдеби интеллигенциясына қырғидай тиді. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды. Еліміздің әйгілі ғалымдарының бірі Қаныш Сәтбаевтың академия президенттігінен кетпеске лажы қалмады. Жазушылар, ғалымдар Есмағамбет Смайылов, Қажым Жұмалиев, Бек Сүлейменов, Қайым Мұхамедханов сотталып кете барды. Қуғын-сүргінгі түскені қанша деңіз. Тіпті ғылым мен әдебиет орталығынан шалғай жатқан Қарағандының өзінен бірталай адамдар жазықсыз жапа шекті». Е. Бекмаханов 1952 жылы 5 сентябрь күні тұтқындалады. Үкімде: «Сот тергеуімен тексерілген алдын-ала тергеу материалдары айыпталушы Бекмахановтың тарих ғылымы саласындағы өзінің ғылыми қызметкерлік жағдайын пайдалана отырып, 1942-1951 жылдар көлемінде өзінің жұмысында тарихи фактілерді бұрмалап, өнін айналдырғанын дәлелдейді. Ол өз сөздерінде буржуазиялық ұлтшыл идеологияны насихаттады, феодалдық-байшыл құрылысты және оның орыс халқына қарсы күресіп, Қазақстанда орта ғасырлық тәртіпті сақтап қалуға ұмтылған реакциялық хан мен сұлтандарын марапаттады...» делініп, Совет өкіметіне қас пиғылда болып, ұлтшылдық идеяларды насихаттағаны және советке қарсы үгіт жүргізгені үшін Е. Бекмахановқа РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-ші статьясының 10 бөлімінің екінші тармағына сәйкес айып тағып, 25 жылға қамауға, 5 жылға сайлау құқығынан айырып,

еңбек түзеу лагеріне жіберілсін деп үкім шығарылып, Колымаға айдалды [2, 6 б.].

Лагерьде жүріп жоғарғы орындарға бірнеше рет арыз жазғам, бірақ олардан еш жауап болмаған. Тек сол кезде КПСС Орталық Комитетінің мүшесі, академик А. М. Панкратова сияқты қайырымды да қамқор адамдардың тікелей көмегімен, Сталин өліп, Берия атылғаннан кейін Е. Бекмахановтың ісі қайта қаралды. 1954 жылғы 16 февральда қылмысты деген іс тоқтатылып, ақталып шықты. Е. Бекмаханов Н. С. Хрущевке жазған арызында «мен өзімді ешқашан халық жауымын және ұлтшылмын деп есептеген емеспін, әрі ешқашан олай деп есептейтінімді де мәлімдеймін. Қандай шексіз азапты бастан кешсем де, мен еш бұлтарыссыз адал совет адамы болып қала беремін» деген екен.

Ол 1954 жылы ҚазМУ-ге қайта орналасып, тек аға оқытушылық қызметін ғана атқарды. Жеке үй-жайы болмай, жалдап тұруға мәжбүр болды. Осындай әділетсіздіктердің бәріне де тоқырамай, тозбай, қайыспай қарсы тұра білген ғалым ғылыми ізденісін де тоқтатпады. Бойдағы бар күш-жігер, ақыл-ойын ғылыми ізденістерге арнады. 1957 жылы Мәскеудегі «Ғылым» баспасынан оның көлемді жаңа монографиясы жарыққа шықты. Осыдан кейін оған докторлық ғылыми дәреже мен профессорлық атағы қайтарылып берілді.

1958-1966 жылдары ғалым алаңсыз еңбек етті. Осы жылдары ол ойында жүрген орасан көп, ұшан-теңіз идеяларын іске асыруға тырысты. Оның редакторлығымен бірнеше ғылыми жинақтар жарияланды. Ғалымның жетекшілігімен тың тақырыптарға зерттеулер жүргізіліп, оқулықтар даярланды, ғылыми Кеңес ашылып, одақтық ғылыми кеңестер мен конференциялар ұйымдастырылды. Е. Бекмаханов 1962 жылы Қазақ КСР ғылым академиясына корреспондент-мүше болып сайланды. Оның ойы Қазақстан тарихын еліміздің барлық жоғары оқу орындарына енгізу еді. Бұл идея бүгінгі күні толықтай іске асып отыр [3, 5 б.]

Төл тарихымыз арқылы халқымызды өзін-өзіне таныту қазіргі уақыт талабы. Әсіресе тәуелсіз Қазақстанда өрістей жүріп жатқан оң өзгерістер мен демократиялық процестер көпшілікке тарихи білімдерді насихаттаудың қажеттілігін одан сайын арттырып отыр. Соңғы жылдары қазақ тарихы мәселелеріне айрықша мән беріліп, тың зерттеулер жүргізілу жағдайында жаңа маңызды еңбектер мен оқулықтар, бағдарламалар және тарихты оқыту құралдары секілді аса іргелі тарихи деректер негізінде жазылған еңбектер жарыққа түрлі баспалар арқылы келді. Тарихты білмей – өткенді, келешекті

болжау қиын. Бұл жолда Ермұхан ағамыз былай айтқан екен: «Бұл ұлттық сананы жоюдың төте жолы. Ал ұлттық санадан айырылған ел ұлт болудан қалады» депті.

Кенесары Қасымұлының болмысы, азаттық қозғалысы бүгінгі егеменді еліміздің тарихындағы айрықша кезең болып, өз бағасын алып отыр. Кенесары хан қазақ көгіне көтеріліп, ұлттық мақтанышқа айналды. Ал, оның тарихымыздың төрінен орын алуына Ермұхан Бекмахановтың ерен еңбегі тікелей ықпал еткені сөзсіз. Әйгілі жерлесіміз – бүкіл кеңес тарихының аса талантты білгірі, тарих ғылымында қазақтан шыққан тұңғыш доктор, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент – мүшесі – Ермұхан Бекмаханов – Абылайханның 7-ші буын ұрпағы.

1846 жылы қазақтардың ұлт-азаттық күресінің аяқталған жылы болды. Кенесарының қырғыз руларының жеріне басып кіруі басқыншылық мақсаттарды көздеген әрекет еді. Кенесарының Қырғызстандағы күресі кәдімгі феодалдық өзара жанжалдарға айналып кетті. Кенесары қырғыз манаптары Орман және Жантай Кенесарыға бағынышты болып өздері келуі туралы келіссөздер жүргізді. Алайда бұдан еш нәтиже шықпады. Содан кейін Кенесары Ұлы жүздің өзіне әбден берілген билері мен батырларының мәжілісін шақырып, қырғыз манаптарының сазайын тартқызу керек деген қаулы шығарылды. 1847 жылыдың көктемінде Кенесары өзінің отрядтарын Орманға қараған қырғыз ауылдарын шабуға аттандырды. Кенесары қырғыздарға қарсы күресте ерекше қатал шаралар қолданды. Ол қырғыз ауылдарын өртеп, халқын қыра бастады. Өз мүдделерін қорғау мақсатында қырғыз рулары Орман манаптаң жанына жиналып, Кенесарыға қарсы тұрды [4,266 б.]

Кенесарының соғыс күйінің нашарлауына оған қырғыздармен бірге орыс және Қокан отрядтарының қарсы шығуы себеп болды. Орыс отрядтарының мақсаты – Кенесарыға көмекке келе жатқан үйсін, жалайыр руларының жасақтарына жол бермей, Кенесары отрядын тыл жағынан бөліп тастау болды.

Тау шатқалының бірінде қырғыз отрядтары Кенесарыны қоршап алады. Токпаққа таяу жерде Шу өзенінің бірнеше тарауға бөлінетінін пайдаланып, қырғыздар өзеннің барлық суын жаңа арнаға түсіріп жіберіп, Кенесары отрядтарын сусыз қалдырады. Осындай қиын жағдайда Кенесары қосында ауызбірлік болмай, әскердің бір бөлігі түнде қашып кетеді, бір бөлігі қырғыздар жағына шығып кетеді.

Кенесары мен Наурызбай өздеріне әбден берілген топты бастап, қалайда болса қоршауды бұзып өтпекші болады. Бірақ олардың қоршауды бұзып шықпақшы әрекеті сәтсіздікке ұшырайды. Наурызбай күші көп жауға қарсы күресте өзінің отрядымен қырылады. Кенесары тұтқынға алынып, ауыр азаппен өлтіріледі.

Осылайша, XIX ғасырдың 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыс жеңіліспен аяқталды.

Кенесары көтерілісі жеңілетіндігі сөзсіз еді. Оның негізгі себебі, ең алдымен, ішкі саяси жағдайда және қазақ халқының біртұтас мемлекетін құру әрекетінің кеш басталғандығында болды.

Кенесары прогресшіл ниетіне, қазақ халқын біріктіру мақсатына зор кедергілер кездесті. Қазақстанның феодалдық бытыраңқылығы, рулардың өзара тартысы, феодалдар мен патша өкімет орындарының бұл тартысы одан сайын қоздыруы Кенесарының игілікті бастамасының бәріне күшті бөгет болды. Оның себебі Қазақстанның әлеуметтік-экономика жағынан артта қалғандығында еді. Сол себепті рушылдық мүдделер жалпы халықтық мүдделерден басым бола берді. Көтерілістің жеңілуінің негізгі себептерінің бірі осы болды [5, 48 б.]

Кенесарының көтерілісі жеңілді. Алайда қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің тарихында бұл көтеріліс ерекше үлкен орын алады. Бұл көтеріліс XIX ғасырдағы Қазақстанды тегісінен дерлік қамтыған ең үлкен және ең ұзаққа созылған көтеріліс болды.

Кенесары көтерілісі отаншылдыққа қарсы сипатта болды; осы жағынан ол қазақ халқының тарихында прогресшіл рөл атқарды. Кенесары көтерілісі Россияның езілген халықтарының кеңінен жүргізілген азаттық қозғалысының бір буыны болды; езілген халықтардың осындай көтерілістері крепостниктік тәртіп пен патша өкіметінің тірегін әлсіретіп отырды.

В. И. Ленин өз шығармасында былай деп жазған: «Қалың бұқараның шын мәніндегі тәрбиесін еш уақытта қалың бұқараның өзінің дербес саяси күресінен бөлектеуге болмайды. Қаналудағы тапты тек күрес қана тәрбиелейді, тек күрес қана оның күшіне жол ашып, оның дүние тану көзқарасын кеңейтеді, оның қабілетін арттырып, оның тілегін айқындайды» [6, 768 б.]. Кенесары көтерілісі, өзінің туған елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға бел байлаған бостандық сүйгіш қазақ халқының жауға қарсы тұрарлық орасан мол күші бар екенін көрсетті.

Еліміздің тәуелсіздігі – ата-бабамыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс. Қазақ халқы

үшін ХХ ғасыр «тар жол, тайғақ кешулерден», соқтықпалы соқпақсыз жерден тұратын, отызыншы жылдардан басталып, елуінші жылдардың ортасына дейін жалғасқан сталиндік геноцидті қамтитын зұлмат дүние мен талай жетістікке жеткен қуанышты сәттерді қамтиды. Ойлап отырсақ, қазақ елінің басына бұл ғасырдың тартқан сыйы да мол, қайғы мен қасіреті де аз емес. Қазақ даласына қай кезде де дұшпан көздің сұғы көп қадалған. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Малайсары, Жасыбай, Жәнібек, Кенесары, Ермұхан сияқты қазақ батырлары елін қорғап, халқы үшін жанын пида қылмаса, бүгінгі күні еліміз еркіндікке жетер ме едік?

Даламыз қандай кең болса, халқымыз да қасіретті тағдырмен бетпе-бет тұрғанда сабырлы мінезінен бір танбапты. Қаншама қиындықты бастан өткерсе де, еліміздің бар мақсаты халық болып бірігіп, тәуелсіздікке қол жеткізу болатын.

Өмірге құйрықты жұлдыздай жарқ етіп келіп, артына сәулелі із қалдырған Ермұхан ағамыздың жарқын бейнесі қазіргі тәуелсіздік заманының жас талапкерлеріне тағылымды үлгі болып қала бермек.

Іздеді әділетті қоғамдардан,
Жанып, күйді, күйзелді Ермұқа ағам.
Қиялдады күресті шындық үшін,
Жүрегімен сүйген халқы үшін.
Болды ол жастайынан қайсар адам,
Ешкімнің де қаһарынан тайсалмаған.
Жанына қуат құйды жайсаң далам,
Қайтпады ол сондықтан айтқанынан.
Елдіктің жолын сілтеп таң атырды,
Қазағыма тәуелсіздік жалауымен.

Ұлы ғалым 1966 жылы небары 51 жасында көз жұмды. Ғұмырының келте болуына қуғын-сүргіннің, айдаудағы азаптардың себеп болғанын айтудың өзі ауыр өкініш әкеледі.

Оның асқақ тұлғасы, әйгілі есімі қазақ көгінде алтын әріптермен мәңгіге жазылып қала бермек. Ол – біртуар ғажайып, данышпан ғалым. Бүгінгі әрбір ұрпақ оның есімін, еңбегін қадір тұтып өссе - өмірлеріне үлкен өнеге болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2003.

2 Шаймұханов Д. «Дарынды ғалым, ұлағатты ұстаз»// «Сарыарқа самалы» газеті. 10 ақпан 2005 жыл №16 (13761).

3 Арын Е. «Теріс идеологияға илікпеген тарихшы»// «Сарыарқа самалы» газеті. 10 маусым 2003 жыл №64 (13509).

4 Бекмаханов Е. «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдары». – Алматы, 1992.

5 Кенесары. – Алматы: «Айқап», 1993.

6 Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық. 3 том. – Алматы: «Атамұра», 2002.

АЛАШ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ МӘЛІМ ДЕ, БЕЙМӘЛІМ – ӘЛІМХАН

ЖҰМАҒҰЛ Д. Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КАСКАБАСОВА А. А.

аға оқытушысы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әлімхан Ермеков Қарқаралы уезінің тумасы, ауқатты отбасынан шыққан, халқының тәуелсіз болашағы үшін, қараңғылықтан алып шығуда ауыр жолды бастап кешкен, қазақ ішіндегі алғашқы математика пәнінен профессор, қуғын-сүргін құрбаны болған тұлға. Әлімхан Ермековтың сол кездегі өмірлік жолының қиындықтары басталады. Бұл кісіге жалған жала жауып, тұтқынға алды, «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «халық жауы» деп бас бостандығынан айырды. Ұзақ жылдар бойы жазалау органдарының қудалауында болса да, Әлімхан Ермеков өзінің адамгершілік қасиеттерін, ұстаздық іс-әрекетіне кір шалдырмай, сақтай ала білген. А л а ш көшбасшылары саяси күрестермен ғана айналысқан жоқ, халықты қараңғылықтан шығарып, ақыл-ойын жаңа сатыға көтеру үшін үлкен үлес қосты. Ол үшін мектептер ашылды, түрлі ғылым саласындағы оқулықтарды аударып, жазған. Алаш идеясын берік ұстаған қайраткер, Әлімхан Ермековті, қазіргі ұрпақ терең тани бермейді. Себебі, ол туралы ғылыми зерттеулер аз кездеседі. Бүгінгі ұрпаққа, сол кездегі адамдардың өмірлік жолы қандай қиыншылықтардан қалай өткенін, болашағымыз үшін қалай күрескенін, айту біздің міндетіміз. Бұл қайраткерлерді мақтан тұтып, бәріне үлгі ретінде көрсету парыз.

Әлімхан Ермеков Алаш қозғалысының білімді, жігерлі, ең жас және қайратты өкіл, Алашорда қозғалысы жетекшілерінің бірі болғанымен, ол туралы ғылыми зерттеулер шамалы кездеседі.

К. Нұрпейісов «Алаш» қозғалысына байланысты зерттеулерінде Әлімхан Ермековтің өміріне және қоғамдық – саяси қызметіне тоқталып өтті. Оның «Қилы заман құжаттары немесе Әлімхан Ермеков ОГПУ тергеушілері алдында өзін-өзі қалай қорғады?» атты мақаласында жалған жалалармен істе 20-дан астам адамдар жер аударылды. Солардың қатарында Әлімхан Ермеков те болды.

Қ. Өскембаев «Әлімхан Ермеков: тұлға тағылымы» деп аталатын монографиясын атап кетуге болады. Бұл зерттеу жұмысында, Әлімхан Ермековтің туып-өскен кезінен бастап, оқыған және қызмет атқарған жерлерімен қоса, өмірінің соңғы күндеріне дейінгі аралықты қарастырды. Ермековтер әулетін зерттеп, оның балаларын, немерелерін және шөберелеріне дейін зерттеді. Сонымен қатар, Әлімхан Ермековтың Қарқаралы жерінде саяси көзқарасының іргетасы қаланып, халқының жағдайын ойлап, өмірінің өзегі ретінде тандап алды [1, 43 б.] деп жазды.

Нұржан Қуантайұлы «Алаш Орда баспасөзі және Жүсіпбек Аймауытұлы» зерттеуі бар. Бұл жұмыста, Сібір ревкомына қараған Семей губерниясының қызметкері Жүсіпбек Аймауытов, Әлімхан Ермеков, Мұхтар Әуезов Қазақстан ревкомына, Сібір ревкомына және Қазақстан ревкомы Орталық атқару комитетінің мүшесі Ахмет Байтұрсынұвқа хат жолдады. Онда олар жергілікті жерде бұрынғы саяси қызметі үшін қазақ оқығандарын қуғындауды қойдыратуды талап еткені жайлы жазды.

Сонымен қатар Әлімхан Ермеков жайында М. Хамзин, Ә. Салықбай, К. Нұрпейіс, С. Ақсұңқарұлы мақалалар жазды.

Әлімхан Әбеуұлы Ермеков – Алаш идеясын берік, нақты ұстанған, экономикалық, саяси жүйесін анықтап, «Алаш» партиясының және «Алашорда» халықтық кеңесінің, сол кездегі Уақытша құрылтай кеңесімен, Сібір уақытша үкіметімен, кеңес өкіметімен келісім жүргізген, өкілеттігін танытқан қайраткер [3, 196 б.].

Алаш Орданың басты қайраткері Әлихан Бөкейханов, Ермековтың «ұстазы» ретінде, оның жастығына қарамай, оған сенім тартып, күрделі, шағымды, маңызды, ұлттық, саяси мемлекеттік жайларды шешуге жіберіп, жұмсап отыратын және толығымен сенген.

Алаш партиясының бағдарламасы сегіз тараудан құрылған. Оны құрастырғандар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Ильдес Гумаров, Жаждибаев Турмухамед, Абдулахмет Бирмеканов [3, 91 б.].

Бұл бағдарлама басқару формасын анықтайды – республика басында жиналыс, мемлекеттік дума және президент. Мемлекеттік дума заң шығарушы орган болып табылады.

1917 жылы 21-28 шілде аралығында Оренбург қаласында бүкілқырғыз съезі өткен. Ол үкіметтің басқару жүйесі, уақытша үкіметпен қарым-қатынасы, соғысқа қатынасы жайлы, тағы қандай да сұрақтар талқыланды. Осы жерде съездің бағдарламасы көрсетілген. Съезд бағдарламасы 14 тармақтан құрылған: үкіметтің басқару формасы, қырғыз облысының автономиясы, жер мәселесі, халықтық милиция, земство, ағарту ісі, сот, дін, әйел сұрағы, қырғыз облыстарынан депутат жиналысы, бүкілреселік мұсылмандық съезді (Шураи-Ислам), қырғыз политикалық партиясы, Семиреченск облысының жағдайы, бүкіл Ресейдегі федеративтердің съезіне қырғыз делегаттарының жіберілуі кіреді [2, 46 б.].

Тармақтарға тоқталып өтсек, алдымен үкіметтің басқару формасы туралы қарастырамыз. Ол Ресейде демократтық федеративті парламенттік республика болуы керек. Қырғыз облысының автономиясы, қырғыз халқын басқаруда ішкі облыстар бүкілқырғыз автономиясында ұлттық-территориалды кіріспесін талап ету қажет. Қырғыз облыстарынан депутаттары мен құрылтай жиналысына дайындық бағдарламаның бір бөлігі. Съезд жиналысқа әрбір облыстан депутаттар мен кандидаттарды белгіледі. Съездіге Ақмола, Семипалатинск, Тургайск, Орал, Семиреченск, Фергана облыстарынан және Букеевск қырғыздарынан делегаттар келді.

Съезд төрағасы Халел Досмухамедов. Ол ақпан төңкерісінен кейін қазақ даласында облыстық, жалпы қазақ съездерін ұйымдастырып, өткізуге тырмысты. Делегаттың қатысуымен өткен Орал облыстық қазақ съезінде жергілікті және облыстық деңгейдегі басқару жүйесін толық қамтыған заң жобасын ұсынып, оған делегаттар бірауыздан дауыс берген еді.

Съезд әрбір облыстан депутаттарды және кандидаттарды белгіледі. Осы жерде, Семипалатинск облысынан: Потанин Григорий Николаевич, Букейханов Алихан, Ермеков Әлімхан, Ғаббасов Халиль, Боштаев Мукуш, Ақпаев Якуб, Сарсенов Биахмед, Барлыбаев Ахмеджан белгіленді [2, 50 б.].

Ақпан төңкерісінен кейін патша тақтан құлатылып, уақытша үкімет құрылды. Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді. Облыстық комитет, съездің шешімімен сәйкес, уақытша үкіметтің уәкілетті және атқарушы органы болып табылады және барлық

алауаздықтарды шешу барысында нәтижелі шешімді уақытша үкімет нақтылайды [2, 22 б.].

Әлімхан Ермеков Алаш партиясының қырғыз округының №5 жиналысқа кандидаттық тізім ішінде, үшінші орында Семипалатинск облысынан сайлаушы болып тағайындалды.

Негізінен, Ә. Ермеков Қарағанды облысының тумасы. Бірақ XIX ғ. аяғында территория, нәтижесінде облыс құрамына кірген, құрамында Ақмола облысының уездерінің Ақмола және Атбасар болыстары, Семипалатинск облысынан Қарқаралы уездінің барлық болыстары кірген. Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің қаулы бойынша Ақмола және Семипалатинск губерниялары таратылды. Ақмола губерниясының Ақмола және Атбасар уездері, Семипалатинск губерниясының Қарқаралы уезді толығымен, кей жерлерде бөлшекпен, жаңа құрылған Қарқаралы және Ақмола округіне енгізілді. Осы округтер негізінде кейін, қазіргі Орталық Қазақстан немесе Қарағанды облысы деп аталатын территория қалыптасты. Сондықтан Әлімхан Ермековты Семипалатинск облысынан депутаттар қатарына сайлады [2, 84 б.].

1918 жылы 29, 30 шілде және 2,3 тамыз күндері Сібір үкіметінің Алаш Ордамен уақытша қарым-қатынас жайлы Алаш Орда қайраткерлерінің хаттамасын қарастыру отырысы болды.

Жиналыста қатысқан зиялар ішінде: халықты ағарту министрлікті басқарушы В. В. Сапожников, әскери ведомствосы генерал В. Л. Попов, ішкі істер, министр жолдасы В. Д. Михайлов, егіншілік және отарлау министрлік А. М. Ярмов және Алаш Орда – Букейханов, Ермеков, Тохтамышев.

Комиссия, Алаш Орда жазған хатын алғаннан кейін бұл политикалық жағдайды талқылауға кірісті. Алаш Орда және сібір үкіметінің өзара мойындауы жайлы мәселе, талқылаудан шешілді. Кейбір тармақтарға редакциялық өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, ой бөлісу мақсатында политикалық жағдайды әскери тізімдеме мен Алаш Ордаға қайта жөндеуге берілді. Келесі мәселені уақытша талқылаусыз қалдырды, қаржы министрінің комиссия құрамында жоқ болуы, оны тез арада бұл сұрақты анықтауға Алаш Орда қайраткері Бөкейхановқа бұл тапсырылды. Соңғы тармақта, автономды халықтың депутат конгресін шақыру ойы комиссиядан қолдау тапты. Нәтижесінде, Алаш Ордаға земеств, қалалық дум, Ақмола, Семипалатинск, Тургай облыстарына қазіргі жағдайын сақтауға рұқсат етілген. Алаш Орда рұқсатымен ғана жауапты посттарға адамдар белгіленеді. Қазақ – қырғыз

халқының билеуші органы ретінде Алаш Орда танытылған. Барлық националды және қоғамдық ұйымдастырылған мекемелер Алаш Ордаға бағынады. Алаш Орда националды соттарды, жергілікті кеңестерді ұйымдастырады, т. б. Семипалатинск, Ақмола, Тургайск облыстарының жерді пайдалану туралы сұрақтары, бүкілресейлік құрылтай жиналысында жер жайлы мәселені шешкенге дейін уақытша тоқталынады [2, 130 б.].

Осы құжаттарда біздің көріп отырғанымыз Әлімхан Ермековтың Алаш Ордада орны ерекше тұлға екені. Ермековтың арқасында көптеген шаралар өткізіліп, маңызды жұмыстар атқарылды. Жасы жағынан ең кішісі болғанымен, депутатқа сайланып, комиссия мүшелерінің құрамында болып, ал сол кездегі облыстық комитет маңызы жағынан съездінің шешімімен сәйкес, уақытша үкіметтің уәкілетті және атқарушы органы болып табылады.

Әлімхан Ермеков саясат тілін меңгерген, ойы терең, мақсатқа жету жолында қадамы нық, жас болса да үлкен құрметке, орынға ие болған қайраткер. Өмірлік жолында түрлі жерлерде, мекемелерде қызмет атқарған. Оқытушы, кафедра меңгерушісі, сонымен қатар алғашқы қазақ, математика пәнінен профессоры, қазақ тіліне аударған және өзі де кітап жазған. Жалған атауларға ие болып, қуғын-сүргін өмірін кешкен тұлға. Түрлі қиындықтарды бастан кешірсе де, адамгершілік, ұстаздық, патриоттық сезімін ешқашанда жоғалтпаған және кір келтірмеген адам еді. Әлімхан Ермеков оқуын уақытша тоқтата тұрып, политикалық істерге араласа бастап, Алаш Орданың жетекшісімен жақын араласып, бірге жұмыс атқарып, оның сенімінде жүрген және сол Бөкейхановтың берген тапсырмаларын орындаған, Алаш қозғалысының көшбасшыларының бірі еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Өскембаев Қ. С. Әлімхан Ермеков: Тұлға тағылымы. – Қарағанды қ. – «Арқо» ЖШС, 2013. – 318 б.

2 Мартыненко Н. Алаш Орда: сборник документов. – Алма-ата қ. «Айқап», 1992 ж. – 193 б.

3 Жұртбай Т. Ұраным – Алаш!... – Алматы қ. «Ел – шежіре». 2011 жыл. 464 б.

ПАТРИОТ РОДИНЫ И ИСТИННЫЙ ИСТОРИК – ЕРМУХАН БЕКМАХАНОВ

КУДЕЛЬКО Т. С.
преподаватель, СОШ №10, г. Экибастуз

Ермухан БЕКМАХАНОВ, первый казах – доктор исторических наук, основатель кафедры истории Казахстана в главном вузе страны – Казахском государственном университете имени Аль-Фараби. Но главная его заслуга в том, что он первым среди казахских историков попытался объективно рассказать о восстании под предводительством Кенесары Касымова. Продолжая свои изыскания в области дореволюционной истории Казахстана, Бекмаханов решил проследить историю Казахстана на протяжении трех десятилетий XIX века, исследуя внутреннее развитие казахского народа в это время — хозяйственные процессы, социальные отношения и политический строй, а также развитие взаимосвязей с Россией и другими соседними странами.

“Националистом вы меня не сделаете”, – говорил Е. Бекмаханов своим врагам.

Расправа над ученым имеет свою предысторию. В годы Великой Отечественной войны многие российские ученые-историки были эвакуированы в Алма-Ату. Когда было принято решение готовить фундаментальное издание “История Казахской ССР”, координатором выступил выпускник исторического факультета Воронежского педагогического института Ермухан Бекмаханов. Ему же было поручено писать главу о восстании под предводительством Кенесары Касымова. Издание было выдвинуто на Сталинскую премию, однако член-корреспондент АН СССР А. Яковлев дал на эту книгу отрицательную рецензию. В ответ на это редактор “Истории Казахской ССР” академик А. Панкратова предложила провести дискуссию по проблемам истории Казахстана. Эта дискуссия состоялась в мае 1944 года. Против книги выступили лишь историки С. Бушуев и вышеупомянутый А. Яковлев. По их мнению, книга “содержит недопустимую идеализацию национально-освободительных движений”: основная тяжесть войны легла на плечи русского народа, какие-то “борзописцы” с подачи буржуазных националистов восхваляют национальные движения, направленные на разрыв с русским народом.

Поначалу казалось, что все эти перипетии не отразились на судьбе молодого ученого. Осенью 1946 года Ермухан Бекмаханов с блеском защитил докторскую диссертацию, а в 1947-м на ее основе была издана книга “Казахстан в 20–40-е годы XIX века”. Но в центре в это время началась борьба с “космополитизмом”, а на местах – “с буржуазным национализмом”. В эти жернова попали и казахские ученые. Е. Бекмаханову в вину вменили “национализм феодального толка”. В феврале 1948 года в Институте истории АН СССР началась дискуссия по его книге “Казахстан в 20-40-е годы XIX века”. Ведущие московские историки положительно оценили книгу. Более того, многие из них резко выступили против навешивания всякого рода ярлыков на ее автора местными учеными. В частности, академик Б. Греков, как явствует из стенограммы, призвал казахстанских коллег к дружеской творческой работе и попросил в научных спорах воздерживаться от политических обвинений.

Однако уже в июле 1948 года в Институте истории АН Казахской ССР была организована еще одна дискуссия по книге Е. Бекмаханова, которая носила откровенно обвинительный характер. Один из главных обвинителей Бекмаханова – Т. Шоинбаев говорил в своем выступлении: “Воспоминания о борьбе Кенесары Касымова с царской Россией служили для казахских буржуазных националистов призывом к восстановлению ханской власти в Казахстане. Казахские буржуазные националисты сделали его своим духовным отцом... Работа построена на тенденциозном возвеличивании хана Кенесары, на раздувании его подвигов, на его мнимой близости к народу”.

Другой оппонент Бекмаханова – Е. Толыбеков заявлял: “Сами казахи не в состоянии были управлять собственной землей, собственной территорией и, наконец, собственным хозяйством и собственной жизнью... Они никак не могли быть народными героями, а их восстания – народными движениями”. Любопытно, что книгу Бекмаханова поддержали российские ученые – Н. Дружинин, А. Панкратова, С. Бахрушин, И. Будовниц. Последний, например, считал, что оголтелое навешивание ярлыков на Бекмаханова – подлый прием, который дает возможность расправиться с ним как с ученым. В адрес же оппонентов Бекмаханова, как следует из стенограммы дискуссии, он сказал следующее: “Но если товарища Шоинбаева я слушал с недоумением, то выступление товарища Толыбекова вызывает ...чувство глубокого возмущения... Это сплошная апология царской колониальной политики, колониального

гнета, царского самодержавного режима”. Характеризуя роль самого Кенесары Касымова в деле укрепления казахской государственности, И. Будовниц подчеркнул: “...Он поощрял занятие казахов земледелием, упорядочил сбор налогов, упразднил суд биев, боролся с родовой знатью, поощрял торговлю с Россией. Разве это не прогрессивные явления?”.

Бекмаханов был обвинен в предательстве и измене Родине. Дело Бекмаханова было передано в суд. Согласно ст. 58, п. 10 Уголовного кодекса РСФСР 2 декабря 1952 года Коллегия Верховного суда Казахской ССР приговорила Бекмаханова к 25 годам лишения свободы. Он был этапирован в далекий лагерь ГУЛАГа. Жестокость и несправедливость приговора были очевидны для многих, в их числе были и его столичные коллеги. Он оказался единственной жертвой среди всех тех, кто разделял тогда и раньше точку зрения Бекмаханова, и при написании «Истории Казахской ССР», и при оценке его монографии. Сочувственно отнеслись к личной трагедии казахского историка его московские друзья. «Нужно спасти!» — единодушно решили они. Анна Михайловна Панкратова, член ЦК КПСС, обратилась лично к Первому секретарю ЦК КПСС Н. С. Хрущеву с просьбой о реабилитации и освобождении Бекмаханова. «Мы ручаемся за его честность. Мы уверены, что он жертва клеветников» — заявила она от имени московских историков. Правда, ему повезло – после смерти Сталина началась кампания по разоблачению сталинского режима, и Е. Бекмаханов был освобожден, вернулся в Алма-Ату. В последние годы своей жизни ученый работал в Казахском университете имени С. Кирова (ныне – КазНУ имени аль-Фараби) [1].

Ученые бывают разного типа. Один сидит дома, пишет, исследует, большей частью это остается в тени, частично печатается, но, как правило, не вызывает, ни споров, ни дискуссий, ни даже иногда живого интереса. Бывают другого типа ученые – борцы, которые могут ошибаться, срывать, но всегда будут искать, будут искренне защищать свои взгляды, даже пусть иногда неправильные, будут исправлять их так же искренне, будут спорить темпераментно, смело, заинтересованно, чтобы эти взгляды стали достоянием общественности, чтобы они помогли движению науки вперед. И Ермухан Бекмаханович был такого типа ученым-борцом [2].

Более десяти лет собирал сведения об этом ученом казахский писатель-документалист Медеу Сарсеке, автор книг о К. Сатпаеве и Е. Букетове, вышедших в серии «ЖЗЛ» в издательстве «Молодая

гвардия». По заказу Министерства связи и информации РК в астанинском издательстве «Фолиант» увидела свет его книга на казахском и русском языках «Необузданный историк» о жизни Ермухана Бекмаханова. А в декабре 2010 года она издана в Москве в серии «ЖЗЛ» тиражом 5 тысяч экземпляров.. Писатель Медеу Сарсеке, выпустивший в 2010 году в Москве, высказывает мнение, что нашумевшая статья 1950 года была организована самими сотрудниками газеты «Правда». Первый секретарь ЦК КП(б) Казахстана Ж. Шаяхметов был человеком, чья подпись и должна была быть под статьей. Но после того, как Шаяхметов уклонился под убедительными предложениями, в центре решили, чтобы статью подписали те трое... Конечно, завистливые коллеги, в течение многих лет заседавшие на него, точившие ножи.

Истинную историю создают такие ученые, как Бекмаханов. Таким должен быть историк, который не позволит себе унизиться до фальсификации истории...» – сказал его коллега и ученик Беимбет Ермуханов. В своей короткой и трудной жизни он был счастлив семьей, талантливыми детьми, трудолюбивыми учениками, которые безоговорочно признавали его истинным наставником. Всецело отдавая им все свои знания, которыми был чрезвычайно богат, он успел-таки совершить великое дело: создал свою школу историков!.. И это главное наследие в его жизни, которое он мог оставить за тот короткий отрезок времени, что был ему отпущен судьбой. Как патриот Родины и истинный историк Ермухан Бекмаханов своим непокорным духом и сегодня служит независимому Казахстану! [3].

Время доказало научность исторической теории Бекмаханова [4].

Н. М. Дружинин вспоминал: «Уже тогда я убедился, что в лице Е. Б. Бекмаханова мы имеем человека больших исторических знаний, горячего патриота Советского Союза, страстно любящего свой Казахстан и мечтающего о самостоятельной исследовательской работе» [5].

В заключении хочу сказать: судьба Бекмаханова поучительна как судьба не только отдельной личности, она отражает эпоху. Е. Бекмаханов явился в историю не как искатель легкой славы, а как исследователь истины и таким он останется навсегда в памяти тех, кто его знал и узнает благодаря его трудам.

ЛИТЕРАТУРА

1 Республиканская газета «Караван» №22 от 03.06. 2011 г.

2 Республиканский общественно-политический журнал «Мысль» от 18.03.2014 г. Статья «Дело Бекмаханова»: как все это было.

3 Газета «Казахстанская правда» от 29. 01. 2011г.

4 Газета «Известия-Казахстан» от 27.01.2011г. Статья «Несколько лет жизни замечательного человека».

5 Вопросы истории, 1988, № 11.– С. 54-79.

6 Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40-е годы XIX в. / Под ред. Жиенгалиев Н. Б. – Алма-Ата, 1992. – 400 с.

7 М. Сарсеке «Бекмаханов Е.Б.»/ Изд. Молодая гвардия М.: Фолиант, 2010 г.

ҰЛЫ ҒҰЛАМА ЕРМҰХАН БЕКМАХАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

КУЛУМБАЕВА Г. Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КУЛУМБАЕВА М. Ж.

оқытушы, магистр, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда аса өзекті мәселелердің бірі – туған еліміздің ақиқат тарихын, тәуелсіз ел болып қалыптасу жолын күллі қазақ қауымына мәшһүр еткен ұлы тұлғалардың ғимаратты ғұмырлары мен қоғамдық қызметін зерттеу. Өйткені олардың еңбектері – ұрпақ үшін сабақ, қымбат қазына-мұра.

Кез-келген өркениетті кемелденген мемлекет өз тарихын қастерлейді, оны ұрпақтардың санасына енгізуге жағдай жасайды. Өйткені тарих халықтың мың жылдап жинаған тәжірибесі, асыл қазынасы, мұрасы. Сондықтан да Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуын қайта саралап, түбегейлі зерттеу арқылы төл тарихымыздың оқылықтарының орнын толтыруымыз қажет [1, 44-45 бб.].

Тәуелсіздік – қасиетті ұғым, ұлттық сана. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы. Бұл – халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікке ие болу мақсатындағы күресі болып табылады.

Міне, кез-келген мемлекеттің тарихы сол елдің, халықтың тәуелсіздік жолындағы саяси күресі тарихымен өзектес келеді. Ал саяси күрестің нәтижелі болып, алға қойған мақсаттарын жүзеге асыру оны басқарған қайраткерлердің еңбегі мен басшылыққа

алған саяси және қоғамдық ілімдерінің өміршеңдігіне байланысты. Тарихи кезең өз қайраткерлерін тудырады. Уақыттың талап етуі бойында қабілеті бар жастардың тезірек өмір сахнасына шығуына негіз қалайды. Бұл – жаратылыс заңы.

Әрбір өркениетті ел, әр халық өзінің өткенін бағамдап, ата тарихын жасайтыны хақ. Мәдениеті, тарихы жоқ ел болмаса керек. Қазақ зиялылары да әр кезде осыған тырысқан. Халқымыздың ауызша да, жазбаша да тарихы болып келген. Бірақ қазақтың төл тарихын жасауда көп қиыншылықтар кездесті. Ресей империясы бұратана халықтарының тарихы тек отарлау тұрғысынан зерттеліп келді. Халықтар бостандығын жариялаған Кеңес өкіметі тұсында да қазақ тарихнамасымен оның қайраткерлері де талай зобаланды басынан кешірді.

Міне, осындай кезеңде данышпан дара тұлғалар, керемет ойшылар әрқашан тұңғыш терең, шексіз де жұмбақ болатыны белгілі. Солардың ой-тұжырымдары мен атқарған істері тарихпен, заманамен астаса қабысып, тіпті бүгінгі күннің, болашақтың өзекті мәселесі болып табылады. Осындай адамдар қатарына есімі мен ісі ұрпақтан-ұрпаққа көшкен бір тума тұлға, қазақтың белгілі де дара ғұлама ұлдарының бірі – Ермұхан Бекмаханов 20-50-ші жылдары Қазақстан ғылымы сөз болғанда осынау абзал адамның аты алдымен аталады [1, 45 б.].

Ермұхан Бекмаханов 1915 жылы 15 ақпанда Павлодар облысы, Баянауыл ауданының Жасыбай атты шұрайлы жерінде кедей шаруа Бекмахан Бегенұлының шаңырағында дүниесі ашты. Кедейлер табына жататын бұл отбасы Абылай ханның ұрпағы екені, ал Ермұхан Абылайдан тараған жетінші буыны екені соңғы кезде ғана анық-ашық айтыла бастады. Әкесі Зында Шорманов деген байдың жалшылығында жүріп, 1921 жылы Ермұхан 6 жасқа келгенде дүниесі салады. Анасы Бәпіш отбасының ауыртпалығын бір өзі көтеріп, үш баласының қамқоршысы болады. Ермұханның өз қолымен жазылған өмірбаянында: «шешем колхозшы, 1932 жылы қайтыс болды» дегеннен басқа сыр ашпаған. Шындығында оның анасы мен қарындасы ашаршылықта қайтыс болып, денелері қайда қалғаны белгісіз. Қамқоршы әкесі мен шешесі және сүйікті қарындасынан айырылған Ермұхан, ағасы Діншенің қарамағына көшеді. Дінше де 1931 жылы, тым ерте, қайтыс болады. Баянауылдағы бастауыш мектебіне 11 жасында түсіп, 1932 жылы 7 жылдықты бітірген Ермұхан, Семейдегі жоғары оқу орындарына дайындайтын бір жылдық дайындық курсына да тәмамдап

Однако из-за начавшегося разлива, а затем из-за других хозяйственных нужд и сенокоса лес под строительство дома был вывезен к маяку с того места, где просил построить дом Султанбет, только к концу сентября. К этому же времени были изготовлены пластины, тес и под руководством прапорщика Снегирева начато строительство [6, 314-315 об.с.].

12 ноября Яков де Кастро-Лацерда сообщает начальству в Омске, что строительство практически завершено, осталось только вставить стекла в шесть окон, а уже 23 ноября Султанбет пишет А. Д. Скалону письмо с благодарностью за строительство дома и с просьбой прислать двух башкирцев для обучения его прислуги растопке печей. Кроме того, султан просит, в случае, если вдруг служанки-калмычки сбегут от него в российскую сторону, их не принимать. [6, 543-544 с.]. Это еще одна неприятность для султана при строительстве дома на правом берегу Иртыша, поскольку периодически, в поисках лучшей доли, калмыки предпринимали попытки к бегству. По просьбе султана к нему в дом для обучения прислуги были присланы старики из ссыльных [6, 543-543 об. с.]. Надо сказать, что и строительство, за которым наблюдали военные, производилось знанием и трудом ссыльных, которых было определено к строительству 18-20 человек [7, 303 с.]. Известно даже имя того плотника, который, надо думать, руководил постройкой дома. Его имя – Кузьма [7, 148 с.].

Нам удалось разыскать документ, в котором есть план построенного дома. Судя по этому плану, правильной было бы назвать такую постройку усадьбой, поскольку на территории около 600 квадратных метров были расположены две светлицы с сенями, с пристроенной к ним избой для прислуги, два нужника и два больших сарая для скота. В светлицах была сложена голландская печь, а в избе для прислуги печь с чувалом⁴ и с местом для приготовления пищи в котле. Судя по смете материалов, под строительство была вырублена немаленькая тополиная роща, поскольку только 6,5 метров бревен 30 см в диаметре было израсходовано 483 штуки [7, 279-283 с.].

Но в построенном доме Султанбет прожил совсем недолго. Уже 15 января 1778 года он просит Н. Г. Огарева, сменившего А. Д. Скалона, о переноске дома на левую сторону Иртыша на место, расположенное в четырех верстах выше Коряковского форпоста. 24 февраля Султанбет султан в письме повторяет просьбу и уточняет, что место находится всего в трех верстах от форпоста. 20 марта просьба повторяется в третий раз, хотя, судя по резолюции Огарева на втором письме, разрешение переноски дома было дано уже в феврале. 10 марта в Ямышевскую крепость из Омска приходит приказание о переноске дома Султанбету на указанное им место. Полковник де Кастро-Лацерда, ссылаясь на скорый разлив Иртыша, отвечает, что переноску дома можно начать

не ранее начала зимы, а летом обязуется подготовить под дом место [7, 44, 148, 236, 281 об. с.].

Султанбет, полагая, что переноску начнут еще в конце зимы 1777/1778 года, предлагает к перевозке дома своих лошадей, но поскольку решение принято только к началу весны, когда его табуны после зимы очень отошали, был вынужден просить военных дать своих лошадей. После этого он откочевывает на свои летние пастбища. К переноске дома вновь были привлечены ссыльные. Когда дом был разобран и надо было подготавливать новое место, оказалось, что в отсутствие султана некому указать новое место. 24 августа через посланного человека Султанбет просит командующего Ямышевской крепостью согнать с места будущей постройки кочующих там казахов, и, по всей видимости, посланный им человек указывает нужное место. Однако, из-за близости Иртыша и возможного затопления при разливах, это место признается военными непригодным к постройке.

На этом архивные сведения, имеющиеся в свободном доступе, заканчиваются. Но, со ссылкой на работу И. Г. Андреева, мы с большой долей вероятности можем предположить, что дом был перенесен в начале зимы 1778 года на место, которое изначально и просил Султанбет, то есть в семи верстах от Коряковского форпоста выше по Иртышу, в урочище Глухая старица.

Используя нехитрые математические подсчеты, по расстояниям постройки дома, указанным в этой статье, мы можем предположить, что первоначальное расположение дома «около половинного маяка» находится в районе автомобильного кольца-развязки на юге Павлодара, на берегу речки Усолки. Система половинных маяков предполагала их расположение в пределах видимости одновременно с двух укреплений, в нашем случае такими укреплениями являются Коряковский форпост и станец Подстепной. Предполагаемое место отвечает этим обстоятельствам. Второе же место, по нашему мнению, могло находиться на возвышенности острова Малыбай, одного из островов, который располагался между Старым Иртышем (теплым каналом) и самим Иртышем.

Мы возлагаем большие надежды, что имеющиеся у нас документы позволят с помощью павлодарских археологов найти точное расположение дома Султанбета как у половинного маяка, так и в пойме Иртыша, а данная информация привлечет внимание любящих свою историю людей к таким поискам.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Исин М.Е., Кабульдинов З.Е. Некоторые аспекты из жизни и деятельности видного государственного деятеля Казахского ханства султана Султанбета (XVIII в.) // Өлкетану Краеведение. – 2002. – №2. – С. 65-72.
- 2 Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: Ғылым, 1998. – 280 с.
- 3 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы) (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Наука, 1964.
- 4 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Наука, 1961.
- 5 ГАОО, ф. 1, оп. 1, д. 184, лл. 389-389 об., 395, 564, 564 об.
- 6 ГАОО, ф. 1, оп. 1, д. 201, лл. 314-316 об., 543-544.
- 7 ГАОО ф. 1, оп. 1, д. 212. лл. 44, 148, 236, 279-283., 303.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ПРОБЛЕМАЛАР

СМАИЛКАНОВА А. А.

тарих пәні мұғалімі, Железин №3 жалпы орта білім беру мектебі,
Железин ауданы

Қазақ ... Өркениет. Бір кезде осылай салыстырмалы айтқан ғалымды есалаң санауы мүмкін еді. Өйткені, көшпелілер өкілі – номад – қазақ – дала тағысы, варвар болып танылатын. Қазақ тарихы орыс тарихының құрамдас бөлігі, оның елесі болып есептелетін. Ол өркениетке орыс халқы арқылы қолы жетті деп уағыздалатын.

Ағытып, тоғытып жазылған тарихтың ең үлкен қасиеті барша адам баласының эволюциялық даму жолын көруге, тануға мүмкіндік береді.

Өр этнос өзінің даму, өсу жолында сан қилы стадиялардан өтеді. Ұлттың жұлдызды сәті болады – ол мемлекет құру, әлемдік тарихқа өз өрнегін салу мүмкіндігі болса керек. Сонымен бірге оны тозу, сыну, ыдырау, құлау сәттері де де тарихта кездесетін құбылыстар. Ал ұлт, ұлықты болса, ол – мемлекет-орда құрып, өз мәдениетін қалыптастырып, өркениетпен қабыса дамып, белгілі бір кеңістік пен мерзімде оның есігінен сығаламай, төріне шығатын бақыт қонады. Ұлттың рухты болса, ұлын ұлықты болса, тарихшы оны жаза алмаса, тарихтың сырын таба алмаса – ол тарихшы емес, ол тек оның елесі ғана.

Тарих біз үшін тереңге кеткен тамыр сияқты: ол шыққан тегімізді, қоғамдық болсымызды және жер бетіндегі тіршілік иелерінің алдындағы жауаптылығымызды сезіну үшін қажет [1, 3 б.].

Қазақстан тарихы ғылымы өзін дамыту мен жетілдірудің жаңа кезеңіне енді. Тарихшы ғалымдар ғылыми ізденістерді терең зерттеуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар, мемлекет пен қоғамның ғылымның осы саласының дамуына деген жоғары қызығушылығын бүгінгі күннің шындығы анықтайды. Ол «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында қазіргі қазақстандық қоғамның идеялық негізін нығайту қажеттілігімен шарттасқан.

Тарихымызды білмей тұрып алға жылжудың қиын екені белгілі. Сондықтан бүгін де өткенімізді ой елегінен өткізіп, барымызды екшеп, жоғымызды іздеп жатқан жайымыз бар. Бұны, әсіресе, биылғы халық тұтастығы мен ұлттық тарих жылы талап етіп отыр. Ата тарихымызды таразылап жатқанымыз да содан.

Қазіргі көп мәселелердің ішіндегі методологиялық мәні бар ең бір өзекті проблема – Қазақстанның тарихнамасы және деректану мәселесі.

Қазақстандық тарих ғылымының дамуы, тарихи зерттеулердің сапасы мен тиімділігінің артуы, олардың қоғамдық дамудың әлеуметтік-саяси және мәдени-тәрбиелік мазмұнына ықпалы белгілі бір дәрежеде тарихнамалық зерттеулермен анықталатындығы белгілі. Сондықтанда қазіргі таңдағы отандық тарих ғылымының дамуы мен өсуін бағамдау мақсатында қазақстандық тарихнама мен олардың әдістемелік зерттеулерінің қалыптасуының өзіндік тарихы бар.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, тарихи білім беруді дамыту, тарихи сананы қалыптастыру, тарих ғылымын жетілдіру Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың көреген саясатының басым бағыттарының бірі болатын. Тәуелсіздік тарихының методологиясын, басты-басты ұстанымдарын қалыптастыруда Елбасының бастамасымен жүзеге асқан ірі саяси оқиғалар ел тарихында жаңа кезеңдерге негіз болды. Бүгінгі таңда ұлт тарихын ұлықтаудың теориялық-әдістемелік мәселелері, отандық деректану, тарихнама және зерттеу әдістері бойынша жүйелі жазылған қомақты еңбектердің тапшылығы тарих ғылымындағы кешенді ізденістерді зерделеуге бастайтын күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Биыл Керей мен Жәнібек Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын

көкке көтергеніне 550 жыл толды. Осыған байланысты, елімізде бұл оқиғаны атап өтуге арналған іс-шараларды өткізу жөнінде қарастырылды.

Жарияланып жатқан зерттеулердің көптігі соншалық, ғылыми-ақпараттық тасқынға ілесе алмауымыз. Бұл үдеріс алдағы уақытта артпаса, бәсеңдейтіні айдан анық. Қазіргі кезде қазақ тарихын зерделеуде қандай проблемалар бар, болса оларды шешудің жолдары қандай деген келелі пікір-алмасуда ең алдымен Отан тарихын зерттеушілерді ғылыми танымның бұрын-соңды қол жетпеген биігіне бастайтын, яғни жаңа методологиялық негізді, тұжырымдар мен ұстанымдарды түзетін басымдықтарға жол ашқан жөн. Методология түзелмей, ғылыми нәтижелер жаңармайды. Әлемдік тарихи ақыл-ойдың үздік жетістіктерімен суғарылған жаңа методология Қазақстан тарихын адамзат өркениетінің құрамдас бөлігі ретінде дәйектей отырып, оның табиғи-географиялық, геосаяси, ұлттық, мемлекеттік, рухани, т.б. өзіндік ерекшеліктері мен болмыс-бітімін зерделейтін әлеуетке ие болуы керек. Сонымен қатар, бірінші кезекте, ұлт тарихының зерттеу методологиясын жетілдіру негізінде Тәуелсіздік тарихының методологиясын, басты-басты ұстанымдарын қалыптастыруда Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың үлесін жан-жақты пайымдау. Екінші іргелі мәселе – тәуелсіз Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу кезеңдерін толыққанды қарастыру. Үшіншіден, қоғамтанушы-ғалымдар арасында ең өткір тұрған мәселе – ұлттық тарихты оқыту. Қазақстанда қалыптасқан тарихи білім мен ғылымның дамуындағы негізгі нәтижелерді кешенді түрде қарастыру болып табылады.

Әр уақытта да ғылым пікір алмасу арқылы дамиды. Сондықтан, бүгінгі егеменді еліміздің елдігін айқындауда сөз жоқ, ұлтқа тарих керек. Оны дәлелдеп отырудың қажеті жоқ. Бірақ, ХХІ ғасырға қандай тарих керек? Ол жан-жақты, жүйелі, шынайы, ғылымға негізделген тарих болуы қажет. Ұзақ уақыт бойы ауызша айтылған тарихқа қанағаттанып келдік. Ал, тарихтың ғылыми-деректік тұжырымға көшкеніне біраз болды. Осыған орай, қазіргі ХХІ ғасыр да, ұлт та жазба тарихты талап етіп отыр. Екіншіден, ғылыми тарих та керек.

Мыңдаған жылдар бойы желісі үзілмеген сабақтастық қара шаңырақты ұстап қалған қазақтарға ақыл мен қайратты, ыстық жүрек пен сабырды молынан дарытып, жүз жыл жоңғарлармен соғысқанда, 260 жыл отарлау мен тоталитаризмнің қыспағында қалғанда дұшпанына жер бетінен жойып жіберуге мүмкіндік

бергізбеді. Қазақ мың өліп, мың тірілді, ХХІ ғасырда азаттыққа қол жеткізді. Ұрпақ сабақтастығын, яғни ұлы дала тарихына тән бірегейлікті сақтап қалған құдірет не десек, ол – ғасырлар бойы үздіксіз түзілген рухани-мәдени байлық, ол – қазақ әйелінің демографиялық тасқынды бәсеңдетпеген ерлігі. Бұлар қазақ этногенезі мен мемлекеттілігінің іргетасын қалады, қуатын арттырды. Тарих – бәсекеге, сұрапыл сынаққа төтеп бергендердің алатын еншісі. Отан тарихын зерттегенде әсте ұмытуға болмайтын методологиялық ұстаным адамдар іс-әрекетімен жасалатын тарихтың екі-ақ негізде өрбитініне қатысты. Бірі – табиғи-ырғақты тарихи үдеріс, екіншісі – отарлаған немесе өктем сырт күштің тегеурінімен жасалатын тарих. Ұлы дала екеуін де бастан кешті. ХVІІІ ғасырдың басына дейін қазақ жеріне келген қытай, араб, моңғол, жоңғар басқыншылары – бәрі сайын даланың табиғи-ырғақты тарихи үрдісін бұза алмады, қайта өздері қазақтанып кетті. Орыс отарлауы да табиғи-ырғақты дамуды шайқалтқанмен, тамырын қиюға ғұмыры жетпеді. Ұлттың табиғи-ырғақты дамуын күйреткен алапат кеңестік тоталитаризм саясатының негізінде қазақ жерінің біраз бөлігі талан-таражға түсті, елі үшін еңіреген зиялылар атылды, қуғындалды, қазақ тілі бейшара халге ұрынды, аштық миллиондаған қандастарымыздың басын жұтты, демография бұзылды. Ең ауыры – ұлттық жөргегінен жеріген, бөтеннің құндылықтарын қастерлеген, аты қазақ, заты бөлек ұрпақтар легінің өсіп шығуына жол ашты. Ұлттың тұтастығына, болашағына, мемлекет тағдырына төнген қатердің жиынтық көрінісінің куәгеріміз. Осы орайда, бүгінгі ұлттық тарихымызға дағдарыс пен іркілістен гөрі ізденіс, теориялық-методологиялық жаңару, қайта өрлеу қажет.

Отан тарихынан, тарихнамасы мен деректанудан, археологиясы мен этнологиясынан жазылған, жазылатын еңбектердің тарихи заңдылықтарға дәйектеуші өреге аударатын уақыт келді.

Қандай тарих болмасын дерексіз жазылмайтыны ақиқат. Қай елдің қалам тартса да ғалым сипаттау немесе зерттеу жүйесі дәлелді деген деректерді жинақтайды. Сол сияқты Қазақстан тарихын зерттеуде де осы онтайлы дәстүрден шығуға әсте болмайды. Төл тарихымызды зерттеу барысында бірнеше түрлі қайнар көзге сүйенген жөн деп пайымдауға болады. Алдымен – қазақи деректер, олардың ішінде шежіренің орны бөлек, сонымен бірге, мыңдаған, жүздеген жылдар тезіне шыдаған тарихи аңыз, қиял-ғажайып және батырлық ертегі, тарихи қырлар мен толғаулардың тарихты

түсінуге қосар үлесі зор. Қазақ тарихын түсінем деген адамаға көшпелілердің әдет-ғұрыптарына, жол-жосын заңдарына көңіл бөлудің аса қажеттілігі бар.

Онымен бірге, әр түрлі архивтерден, соның ішінде Ресей, Қытай, Орта Азия, Қазақстан мемлекеттерінің құжат қорларынан табылып, осы күнгі жинақтарда жарияланған немесе сақталған құнды деректер. Қазақ тарихының соңғы бірнеше жүз жылдығы үшін бұл қор аса пайдалы.

Қазақстан тарихының көне кезендерін жете түсінуге археологиялық және этнографиялық зерттеулердің берері мол. Материалдардың көпшілігі біржақты болғанымен, жазба және фольклорлық деректермен салыстыра келе, көп мағлұмат аламыз [1, 8 б.].

Қазіргі күні Қазақстан тарих ғылымы «ақтандақ проблемаларды» зерттеумен қатар, бұрын тыйым салынып келген тарихи әдебиетті жариялаумен айналысып жатыр. Бұл жерде Әлихан, Мұстафа, Миракуб 1917 ж. 20 наурызда «Қазақ» газетіне (№225) жазған сөздерді айтқым келеді «... Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкірлік» [2, 234 б.].

«Түбін білмеген түгін білмейді» - дейді халық. Тегін айтпаған, бүгінгі таңда осы жай баршаның жан дүниесін билеп алғандай.

Ең алдымен тәуелсіздік алған күннен бастап, біздің тарихтың статусы өзгерді. Шын мәнінде қазақ елінің тарихын Ресей тарихшылары жазды. Қазақ тарихшылары өз елінің тарихын жазуға Кеңес заманынан ат салысып, білек сыбанып кіріскен тқта Е. Бекмаханов, Х. Досмұхамедов, С. Аспендияров, М. Тынышпаевтарды ұлтшылдар қатарына жатқызғаны белгілі.

Қазақстан тарихының концепциясы, негізгі байымдары Одақ көлемінде империялық бағытта жазылды.

Ең алдымен ғылыми жұмыста методологиялық бет бұрыс керек.

Бұрын кәсіби тарихшылар белгілі бір методологиялық принциптері ұстанды. Сондықтан біз үшін ең алдымен методологиялық принциптері айқындап, әлемдік тарихшылар игерген түбегейлі қымбаттылықтарды игеру міндеті тұр. Отан тарихы жаңа деректемелік негізде жазылуы керек.

Біздің еліміз дағдарыс кезеңінен шығып келе жатыр. Болашаққа болжам да жасап, жоспар қабылдап отырмыз. Осы жерде оқушыларға арналған жақсы оқулықтар туралы айтқым келеді. Адамның өз ата тегін, шыққан ортасын білмекке, қызықпаққа. Кей

адамдар үшін тарихты білу – табиғи қажеттілік сияқты. Оқулық үшін адам өзінің жер бетіндегі ерекше миссиясын сезіну үшін болар. Алла тағала оны өзгеден артық қылып жаратты, оған рух пен сананы құйды, енді тіршілік үшін ол өзі жауапты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Артықбаев Ж. О. Қазақстан тарихы. Оқулық-христоматия. – Астана, 2003. – 8 б.
- 2 Бөкейханов Ә. Шығ. – Алматы, 1994. – 234 б.
- 3 Қозыбаев М.К. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001, 34 б.
- 4 Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ф. Аяған. – Алматы: Атамұра, 2009.
- 5 Қозыбаев М. К. Ақтандақтар ақиқаты. – А., 1992 ж.
- 6 Қойгелдиев М. К. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. – А., 1992 ж.
- 7 Нурпейсов К. Н. Становление Советов в Казахстане. – А., 1995 ж.
- 8 Нурпейсов К. Н. Алаш һәм алашорда.
- 9 Омарбеков Т. Зобалаң. Изд. Санат. – А., 1994 ж.
- 10 Сүлейменов Б. С., Басин В. Я. Восстание 1916 года в Казахстане (причины, характер, движущие силы). – А-А., 1977 г.
- 11 Турсунов Х. Т. Восстание 1916 г. в Средней Азии в Казахстане. Т., 1950 г.
- 12 Асылбеков М. Х., Нурмухамедов С. Б., Пан Н. Г. Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане. – А-А., 1976 г.
- 13 Покровский С. Н. Разгром интервентов и внутренней контрреволюции в Казахстане (1919-1920 гг.) – А-А., 1967 г.
- 14 Назарбаев Н. А. В потоке истории. А., Изд. «Атамұра», 1999 г.
- 15 Назарбаев Н. А. На пороге 21 века. – А., 1996 г.
- 16 Назарбаев Н. А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. – А., 1992 г.
- 17 Абенов Е. Е., Арынов Е. М., Тасмаганбетов И. Н. Казахстан: эволюция государства и общества. – А., 1996 г.
- 18 Бабакумаров Е., Булуктаев Ю., Кушербаев К. Казахстан сегодня: Мир политических партии. – А., 1995 г.
- 19 Политические партии и общественные движение современного Казахстана. – А., 1994 г.
- 20 Токаев К. К. Под стягом независимости. – А., 2001 г.

ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ (1926-1959 Ж. Ж.)

ТАЛДЫБАЙ А. Ж.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Интеллигенция деп ой еңбегінің рухани болмысын менгерген адамдарды айта отырып, олар қоғамдық өмірдің барлық салаларында қызмет етіп, олардың дамуын жетілдіріп, жеделдететін қозғаушы күш екені белгілі. Сонымен бірге интеллигенция қоғамның әлеуметтік – таптық құрамының бөлігі ретінде бір тұтас, ішкі бөліктермен тұтасып жатқан күрделі әлеуметтік топ. Интеллигенцияның топ ретінде қалыптасуының өзіне тән екі белгісі бар: мамандықты еңбек әдісі ретінде ой еңбегінің бір түріне жатқызылуына және топтық әлеуметтік қызметінің мәніне байланысты еді. Сондықтан кеңестендіру жылдарының зерттеу аралығындағы қазақ интеллигенциясының тарихын демографиялық жағынан қарастырудың негізінде, саяси қудалаулар мен репрессиялық зобалаңдарға ұшырату арқылы жазалау іс әрекеттерінің өкелген зардаптары, олардың саны мен құрамындағы өзгерістерді зерттеп білу, қоғам өмірін танып білудің алғы шартына жатады. Демек, 1920-1950 жылдардың аралығындағы қазақ интеллигенциясы жөніндегі демографиялық зерттеулер бүгінде тың деректер ұсынып, сол кездегі қоғамдық, әлеуметтік дамудың сырын жете білуге жол ашуда.

Бүкілодақтық халық санағы бойынша Қазақстандағы қазақ интеллигенциясының саны 1926 жылы 1693 болып, 12,2 пайызды құраса, ал орыстар қатары 9060 адамды құрап, 65,5 пайыз болды. Яғни қазақтардың көрсеткіштеріне қарағанда орыстардың қатары 53,3 пайызға басымдау болған еді [1, 70-72 б.]. Ал 1939 жылы қазақтар арасындағы интеллигенциясының саны 93518 адамды құрап, 26,4 пайыз болған, ал орыстар қатары 182734 адам болып, 51,5 пайызды құрады. Яғни қазақтардың санымен салыстырғанда орыстардың қатары 25,1 пайызға көбірек болған екен [2]. 1959 жылы қазақ интеллигенциясының саны 148376 адам болып, 19,2 пайызды құрады, ал орыстардың қатары 441385 адамды құрап, 57,1 пайыз болды. Яғни қазақтарға қарағанда орыстардың қатары 37,9 пайызға басымдау болғаны байқалады [3]. Сондай-ақ қазақ халқының өзінің ішінде 1926 жылы қазақ интеллигенциясының саны 0,5 пайызды құраса, 1939 және 1959 жылдары олардың қатары 4,0 пайыздан 5,3 пайызға өскен екен.

Сонымен бірге 1926 және 1959 жылдар аралығында республикамызда жүргізілген кеңестендіру саясатының нәтижесі XX ғасырдың басында қалыптасып келе жатқан қазақ интеллигенциясына қарсы ұйымдастырылған, халқының бетіндегі қаймағы мен бас көтерер азаматтарын атқарған қызметтерін сылтаурату мен өтірік жала жабу негізінде жеке өмірлеріне қауіп төндіріп, саяси репрессияларға ұшырату арқылы, жер аудару, түрмеге қамау және асу немесе ату жазаларына кесілді. Енді сол саяси қуғындаулар мен репрессияларға ұшыратылған қазақ интеллигенциясы құрамындағы азаматтарының тағдыры мен тағлымындағы демографиялық мәселелеріне тоқталамыз.

М. Голощекин 1925 жылдың қыркүйегіндегі республикаға өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келгеннен кейін-ақ, істі қазақтың интеллигенция оқығандары мен күресуден бастады.

1926 және 1959 жылдары аралығындағы Қазақстандағы қазақ интеллигенциясына қарсы бағытталған іс-әрекеттер мен репрессиялау науқаны немесе «халық жауы» ретінде саяси репрессиялық жазалау: ату, асу, жер аудару немесе тұтқындап түрмеге жабу іс-шаралары кең көлемде 1929-1932 жылдары және ресми түрде 1926 жылдың өзінде-ақ басталған еді. Осы аралықта қазақ интеллигенциясының қатары орталықтың саясаты мен идеологиясына сай деңгейде ғана дамытылып, қатаң бақылауда болғаны өз алдына, үзіліссіз репрессияларға ұшыратылып отырды. Кеңестендіру жылдарының зерттеу аралығында қазақ интеллигенциясы саяси репрессиялық жазалаудың үш толқынын бастан кешкен екен: біріншісі, 1929-1932 жылдары алаш интеллигенциялары түрмеге қамалды, сотталды, атылды; екіншісі, 1937-1938 жылдары «халық жауларын» жою науқаны өтті; үшіншісі, 1946-1953 жылдары «буржуазиялық ұлтшылдар», космополиттер жазаланып, қайғы-қасіреттерге душар болғанын байқаймыз.

Қазақ халқы, әсіресе оның интеллигенция қауымы мен партия Кеңес орындарындағы басшылық қызметтегі белсенді азаматтары 1926-1930 жылдардағы қуғындауларға ұшырап, тек 1937-1938 жылдары 135 мың қазақ интеллигенциясы саяси репрессия зобалаңының құрбаны болып атылды [4, 420 б.].

Халықтың рухани мәдениетін сақтаушы, қорғаушы және дамытушы болғандар жаппай түрмелерге жабылды, айдалды, атылды. 1926-1932 жылдары қазақ интеллигенциясының тарихында үлкен белестер болып қалғаны өз алдына, бірақ бұл жылдарда

олар коммунистік қысымның күшеюіне қолдарынан келгенше тойтарыс бере отырып, өз қызметтерін жалғастырды. Сол кездегі идеологиялық шабуыл, қызметтен ығыстыру түрінде жасалған қысым (1928-1930) жылдары партия органдары ескі қазақ интеллигенцияны тұтқындауға ұласты. Мәселен, қазақ қаламгерлеріне әр түрлі жала жабулар бойынша құрамында: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жұмағали Тілеулин, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаметжан Тынышпаев, Әбдірахман Байділдин, Біләл Сүлеев, Мағжан Жұмабаев, Хайретдин Болғанбаев, Ғазымбек Бірімжанов, Қошке Кемеңгеров, Ахметсапа Жүсіпов, Абдолла Байтасов, Мұхтар Әуезов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Жұмахан Күдерин сынды ұлтымыздың біртуар азаматтары бар 150 қазақ оқығандары түрмеге қамауға алынды [5]. Нақтырақ айтқанда, бір ғана 1930 жылдың күзінде 40 қазақ азаматы абақтыға қамалып, 15-түрлі мерзімге жер аударылған еді [6]. Осы тұтқынға алынғандардан Мұхтар Әуезов пен Әлімхан Ермеков сынды бірең-сарандары ғана аман қалды. Бұл бүкіл қазақ интеллигенциясына қарсы жасалған репрессияның алғашқы толқыны болса, ал 1929-1932 жылдары ескі интеллигенция өкілдеріне қарсы репрессияның алғашқы толқыны ұйымдастырылып, онда: Жүсіпбек Аймауытов, Діқан Әділев, Әбдірахман Байділдин, Ахметсапа Жүсіпов, Халел Ғаббасов, Шөкәрім Құдайбердіұлы, Үкілі Ыбырай сынды азаматтар қызылдар қолынан қаза тапты және тағы басқа қазақтың мандай алды өкілдері репрессияға ұшыраған еді. Ал қалған қазақ интеллигенция қауымын 1937-1938 жылдардағы саяси репрессияға ұшырату арқылы асу, ату зобалаңы күтіп тұрды.

1937 жылы 11-ші тамыз күні Ілияс Жансүгіров тұтқынға алынды, 24-ші қыркүйекте Сәкен Сейфуллин тұтқындалды, Бейімбет Майлин 6-шы қазан күні темір торға түссе, ал 8-ші қазанда Ахмет Байтұрсыновтың ұсталғанына байланысты деректер бар. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ғаббас Тоғжанов, Санжар Аспандияров, Темірбек Жүргенов, Абат Әлібаев, Әуелбек Қоңыратбаев, Мұстафа Қайыпназаров, Райымжан Мәрсекөв, Орынбек Беков сынды сөз зергерлері мен қаламгерлерінен, олардың шығармашылық мұрасынан көз жазып қалған қазақ кеңес әдебиеті бір сәтте ортайып, жүдеп шыға келді. Сөйтіп жеке басқа табынудың құрбаны болып кеткендердің қаншама шығармалары, мәдениетке қосар үлестері өздерімен бірге мәңгі жоғалды.

Демек, қазақ халқының тұлғалы ұлдарына 1937 жылы «халық жауы» деген айып тағылып, қасіретті қудалаудың құрбаны болды. Алайда «халық жауларының» негізгі көпшілігінің тағдыры КСРО Жоғары сот әскери коллегиясының үштігінің мәжілісінде шешілді. Бұл жылдары Кеңес өкіметін орнату мен нығайтуға қатысқандардың көбі: Абдолла Асылбеков, Сейітқали Меңдешев, Беймен Алманов, Нәзір Төрөқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Сабыр Шәріпов, Тұрар Рысқұлов халық жауы деп жарияланды.

Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Нығымет Нұрмақов, Сұлтанбек Қожанов, Ораз Жандосов, Әбілқайыр Досов, Садықбек Сапарбеков, Зейнолла Төреғожин, Сұлтан Сегізбаев, Ілияс Қабылов, Қайсар Тәштитов және басқада көптеген қазақ азаматтары өтірік жаламен жазаланып, сталиндік жеңдеттердің қолынан қаза тапты. Сонымен тағы бір құжатта 1937-1938 жылдардағы жазалау кезінде республикада БК(б)П-дан 9223 коммунист шығарылған деген деректер келтірілген. Жалпы осы жылдары 66 мың адам жапа шегіп, 22 мың азамат атылып, 44 мыңы түрмеге жабылған еді [7].

Саяси репрессияның 1937-1938 жылдардағы толқынында қаза тапқан ақын жазушылардың басым бөлігі Қазан төңкерісіне дейінгі жылдарда қызмет еткен интеллигенция өкілдері еді. Олардың құрамында: Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Молдағали Жолдыбаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Санжар Аспандияров, Құдайберген Жұбанов, Жұмат Шанин, Халел Досмұхамедов, Елжас Бекенов, Біләл Сүлеев, Телжан Шонановтардың халық жаулары болып дүниеден өтуі – төңкеріске дейінгі ескі ой еңбегі интеллигенциясының түгелдей дерлік саяси репрессияның құрбаны болып, қаламгерлердің осы ұрпағынан аман қалғандардың некенсаяқ екендігін көрсетті. Ескі оқығандар бір басқа, ал Хамза Жүсіпбеков, Әбдірахман Айсарин, Қошке Кемеңгеров, Әуелбек Қоңыратбаев, Шәймерден Тоқжігітов, Ілияс Қабылов сынды және тағы басқа қаламгерлерді әдебиетке әкелген де, саяси жау деп өмірлерін қиған да социализм болды.

Саяси репрессия жылдарының зобалаңы қазақ интеллигенциясының құрамындағы мандай алды ер азаматтарының өмірлерін қиып жіберсе, ал қазақтың әйел интеллигенциясына өте ауыр соққы болып тиді. Бұл оқиға олардың сан жағынан өсуін тежеді. Олар өздері үшін де, «халық жаулары» болып кеткен күйеулері үшін де, жауапкершілікке тартылды. АЛЖИР-де қапаста ән айтып «Қалын

казактың әйелдерінің тас болған жүрегін жылытып, көңілдеріне күн сәулесін ұялатқан» Жанбике Шанина, қамауда жүріп өлең жазған Күлнәдам Қожанова, Мағжан өлеңдерін тұтқын әйелдердің көңіліне медеу еткен Мәриям Есенберлина, 8 жыл бойы АЛЖИР мен Нижний Тагил лагерінде тұтқында жүріп дәрігерлік қызметпен айналысқан Дәмеш Жүргенова, бес баласынан айырылса да, өзгелерге сүйеніш бола білген Күнжамал Майлиналардың ерліктеріне кейінгі ұрпақ тағзым етеді. Қазақ әйелдеріне тән ең жақсы қасиеттерімен көрінген Гүлбахрам Сейфуллина, Мәриям Тоғжанова, Рәзия Мендешева, Әзиза Рысқұлова, Рабиға Аспандиярова, Бибіжамал Сырғабекова, Айша Қабылова және тағы басқа рухы қайсар қазақ әйелдері болды. Сонымен бірге қандықол сталинистердің қолынан Телжан Шонановтың жұбайы Шахзада Шонанова қаза тапты. Сондай-ақ, түркі халық партиясы дегенді құрдыңдар деп айыпталғандардың қатарында Фанижамал Қабдалиева 1937-1947 жылдары Сібірге айдауда болды [8, 167-168 б.].

1937-1938 жылдардағы сталиндік саяси репрессия кезінде құрбан болған осы айтулы азаматтарымыз жайлы бүркемеленген шындықты ашып, халыққа жеткізу жолында «Әділет» қоғамы игілікті істер атқарып келеді. Қоғамның алғашқы төрағасы Санжар Оразұлы Жандосовтың атына жіберілген құжат – КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының Алматы қаласында 1938 жылы, ақпан-наурыз айларында өткен көшпелі сессиясының азалы сыр шертетін қаралы тізімді жүйелей келгенде, аталып отырған жылдың 25 ақпанынан 13 наурызына дейінгі аралықта 631 адамның атылғаны анықталды. Жендеттер күн сайын орта есеппен 43 адамды атып отырған.

Атылған азаматтардың ұлттық құрамына назар аударсақ, қазаға ұшыраған 631 адамның 70-75 пайызы қазақ интеллигенциялары екен [9, 32 б.]. Халқының мұнын мұндап, жоғын жоқтайтын қайраткер ұлдарынан айырылғаннан кейін халықтың ұлттық интелектісі мен күш-қуаты төмендейтіні анық. Тізімге қарағанда ақпан-наурыз айларында сол кездегі қазақтың асыл арыстарының бас көтеретіндері ұсталып, атылған. Бәрі жоғарыда аталған таныс есімдер, ұлт қорғандары мен мақтаныштары еді.

Сондай-ақ, қазақ интеллигенциясының аяулы боздақтарының атылған сүйектері мен жатқан жерлерін анықтау, ол жерлерді аяқ асты етпей қастерлеп, құрмет тұту баршамыздың парызымыз. Осы тұрғыдан зор ізденістердің нәтижесінде атылған 631 азаматтың бәрінің болмаса да, бірқатарының сүйегі Талғар ауданындағы

Жаңалық деген жерден, бұрынғы Диканбай қыстауының орнынан табылды. Көздеріне қан толып, адамдық ұсқынынан айырылған қарғыс арқалаған жендеттер мәйіттердің қабірлерін де қазуға ерініп қораның ішінде атып, қабырға төбелерін мәйіттердің үстіне құлата салған деген деректер айтқандарымызға дәлел бола алады.

Репрессия мәліметтеріне арналған деректерге жүгінсек 1937-1938 жылдарда «Халық жауы» деген жаламен ересек азаматтардың арасында жазықсыз атылған қазақ азаматтары Одақ бойынша білімі бар, қызмет істеп жүргендер ішінде орташа көрсеткіштен 2 есе, дәлірек айтсақ грузиндерден 2 есе артық, орыстардан 3 есе дерлік, татарлардан 4 есе, ал өзбектерден бақандай 5 есе көп болды [10, 55 б.].

Яғни 1937-1938 жылдардағы саяси репрессиялық қанды қырғын жазықсыз жандарды жазалау, тұтқындап жер аудару, сотсыз жазалау, ату, жою жағдайлары кең өріс алып, еліміздің барлық жерлерін қамтыған болса, ал оның жалғасы соғыстан кейінгі 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басындағы сталиндік репрессияға ұласты. Бұл жолы «буржуазиялық ұлтшылдар» космополитизм мен күрес жолында сынның атқылауына творчестволық және ғылыми интеллигенция өкілдері түсті. 1940 жылдардың екінші жартысында қазақ халқы ауыз әдебиетінің 100 томға жуық құнды туындылары партия шешімімен қоғамға зиянды деп танылып, оларды пайдалануға тиым салынды. 1950 жылдары кітапхананың кітап қорларынан және сатылатын мекемелерден белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың, филолог Есмағамбет Исмаиловтың, Мұхтар Әуезовтың, Сәбит Мұқановтың, Әбділда Тәжібаевтың, Ахмет Жұбановтың, Мәриям Хәкімжанованың туындылары алынып тасталды [11, 83 б.]. Сол жылдардағы еліміздегі жүргізіліп жатқан Кеңестік саясаттың нәтижесі тарихшы, филолог ғалымдарымыздың қаймақтары: Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Есмағамбет Исмаилов, Қажым Жұмалиев, Ахмет Жұбанов және тағы басқалар кудалаудан тыс қалдырылмады. Ғылым Академиясының президенті, бүкіл әлемге белгілі ғалым-геолог Қаныш Сәтбаев пен жазушы Мұхтар Әуезов сынды халқымыздың көрнекті ұлдарын қызметінен айырып, уақытша болса да біраз репрессияға ұшыратып, республикадан кетуге де мәжбүр етті. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы Қазақстан жерінде жүргізілген мұндай жағдайларды тек И. Сталиннің өлімі ғана саяси репрессияны тоқтатқанымен қазақ интеллигенцияларына деген саяси-идеялық күрес кейінгі жылдары да жалғасын тауып жатты.

Демек, 1940 жылдардың 2-ші жартысы мен 1950-ші жылдардағы жазушы, филолог және тарихшы педагог ғалымдарымыздың сол кездегі жағдайлары бойынша ұлт даярлаудағы орны айта қаларлықтай болған жоқ. Бұл құбылыс тарихи қалыптасқан жағдай еді. Өйткені, өкімшіл-өміршіл жүйенің басқарудағы әдісі осындай келіссөздікке әкелді. Яғни, біздің бүгінгі рухани саладағы қиыншылықтарымыздың бір ұшы нағыз қазақ мамандарының социалистік құрылыстан зорлықпен ажыратылғанында жатқан еді. Ал, 1920-шы жылдардың екінші жартысы мен 1930 жылдардың басындағы Кеңес өкіметінің қазақ интеллигенцияларының қалыптасып, өніп-өсуіне қарсы ұйымдастырылған күресі, Алаштың қазақ азаматтарына қызметтерін пайдаланды деген ұранды ұстанып, оларға дөрекі сындар тағу арқылы қуғындау, түрмеге жабу мен жер аудару арқылы келген репрессия болса, адам көргісіз 1937-1938 жылдардағы қолдан жасалған қанды қырғын «халық жауы» деген және тағы басқа сылтаулар мен айыптаулар тағу арқылы асу, ату және қырып-жоюдың нәтижесіндегі саяси репрессия Қазақстандағы мыңдаған қазақтың маңдай алды ой еңбегі азаматтарының өмірін алып кетсе, ал соғыстан кейінгі және 1950-ші жылдарды толық қамтыған репрессия қазақ интеллигенцияларының басқан ізін аңду, көне әдеби мұраларды саяси-идеялық тұрғыдан жаратпай тастау, еркін ойдың нышанына айналған тарихи тұлғаларды күйелеу тоқтамады. Міне, осындай зұлмат саясаттардан соң Қазақстан интеллигенцияларының арасындағы қазақ интеллигенциясы сапалық жағынан әлсірегенімен, еңсесін көтеріп, көшпен бірге алға жылжудың үстінде болды.

Қорыта айтқанда, 1926-1959 жылдар аралығында республика халқының арасында қазақ интеллигенцияларының саны саяси репрессияларға қарамастан өскендігі байқалады. Осылайша қазақ халқы өзінің ата жұртында отырып өз ана тілінен, ұлттық ерекшелігінен, өз мемлекеттігін сезінуден айырмақшы болған қауіпті кара сызықты алғаш рет аттаған еді. Демек, зерттеу аралығында Қазақстан интеллигенцияларының арасында қазақ интеллигенциясының саны мен құрамындағы өзгерістер байқалды. Яғни, бұдан қазақ мамандарының қызмет түрлерінің әр түрлі салалары бойынша қалыптасып, саны мен үлесі артып, қазақ интеллигенциясы қатарының өсіп келе жатқанын байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Всесоюзная перепись населения 1926 года: КазССР. Т 25. – Москва: ЦСУ Союза ССР, 1928. – 70-72 б.
- 2 ҚР ОММ. 698-қор, 21-тізбе, 43-іс, 11-12, 45-46, 44-іс, 1-2, 7-8 п. п.
- 3 ҚР ОММ. 698-қор, 21-тізбе, 225-іс, 537-554, 573-590 п. п.
- 4 Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Очерк. – Алматы. Дәуір, 1994. – 420 б.
- 5 Қабдолқайырұлы Ғ. Азаттық аңсаған Алаш // Ана тілі. – 1992. – 16 шілде.
- 6 Қойгелдиев М. Зұлматқа ұрындырған жол // Егемен Қазақстан. – 1992. – 22 маусым.
- 7 Тәтімов М. Парыз және парасат // Лениншіл жас. – 1988. – 1 қазан.
- 8 Дүкенбаева З. XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ұлт зиялылары: Оқу құралы. – Павлодар: ПМПИ, 2008. – 167-168 б.
- 9 Тәтімов М. Қазақ әлемі. – Алматы, Қазақстан: Атамұра, 1993. – 32 б.
- 10 Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: ҚАЗ ақпарат, 2001. – 55 б.
- 11 Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих тұлға теория. – Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС, 2004. – 83 б.

ДЕТИ ДОЛЖНЫ БЫЛИ ЗАБЫТЬ, КТО ОНИ, ОТКУДА РОДОМ, КТО И ГДЕ ИХ РОДИТЕЛИ. ЭТО БЫЛ ОСОБЫЙ — ДЕТСКИЙ ГУЛАГ...

ТУСУПОВА Г.

студент 4-го курса, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В 1930-е годы в Советской России проблема беспризорных детей была решена при помощи лагерей ГУЛАГа. Секреты СНК от 14 января 1918 года и от 6 марта 1920 года отменили «суды и тюремное заключение для несовершеннолетних». Но к 1926 году статья 12 УК позволила осуждать детей с 12-ти лет за кражу, насилие и убийства, а указ от 10 декабря 1940 года предусматривал расстрел детей, начиная с 12 лет за «повреждение ... железнодорожных или иных путей».

Властями предусматривалось, что дети будут отбывать наказание в детских колониях, но зачастую дети оказывались там, где и взрослые. Это подтверждают два приказа «по норильскому строительству и ИТЛ НКВД» от 21 июля 1936 г. и 4 февраля 1940 года.

Забеременеть женщина могла и в заключении: будучи изнасилованной другим заключенным, вольным работником зоны или конвоиром, а случалось, что и по собственному желанию. «Просто до безумия, до битья головой об стенку, до смерти хотелось любви, нежности, ласки. И хотелось ребенка – существа самого родного и близкого, за которое не жаль было бы отдать жизнь», – вспоминала бывшая узница ГУЛАГа Хава Волович, осужденная на 15 лет в возрасте 21 года. А вот воспоминания другой узницы, родившейся в ГУЛАГе: «Мать мою, Завьялову Анну Ивановну, в 16-17 лет отправили с этапом заключенных с поля на Колыму за собранные несколько колосков в карман... Будучи изнасилованной, моя мать 20 февраля 1950 года родила меня, амнистий по рождению дитя в тех лагерях не было» [1, с. 69]. Были и те, кто рожал, надеясь на амнистию или послабление режима.

Но освобождение от работы в лагере женщинам давали только непосредственно перед родами. После рождения ребенка заключенной полагалось несколько метров портяночной ткани, а на период кормления младенца – 400 граммов хлеба и суп из черной капусты или отрубей три раза в день, иногда даже с рыбьими головами. В начале 40-х в зонах стали создавать ясли или деткомбинаты: «Прошу Вашего распоряжения об ассигновании 1,5 миллиона рублей для организации в лагерях и колониях детских учреждений на 5000 мест и на их содержание в 1941 году 13,5 миллионов рублей, а всего 15 миллионов рублей», – пишет в апреле 1941 года начальник ГУЛАГа НКВД СССР Виктор Наседкин.

«Заключались и браки через стену, разделявшую мужскую и женскую зону, — браки между литовцами и литовками, ни разу между собой не встречавшимися. «Ксендз свидетельствовал письменно, что такая-то и такой-то навеки, соединены перед небом» [2, с. 156].

Некоторых «арестовывали» вместе с матерями. Правила, по которым это делалось, всегда были расплывчатыми. В оперативном приказе за 1937 год «Об операции по репрессированию жен и детей изменников родины» сказано, что беременные и кормящие матери аресту не подлежат; однако в приказе за 1940-й говорится, что

при поступлении в тюрьму кормящих матерей дети «содержатся в тюрьме до полутора лет, т. е. до того возраста, когда ребенок перестает нуждаться в материнском молоке». После этого «дети передаются родственникам или в органы здравоохранения».

На практике беременных и матерей с грудными детьми арестовывали регулярно. Во время рутинного осмотра прибывшего в лагерь этапа один лагерный врач обнаружил женщину, у которой уже шли схватки. Ее арестовали на седьмом месяце беременности. Другую женщину, Наталию Запорожец, отправили в ссылку на восьмом месяце беременности. После езды в тряских вагонах и в кузове грузовика она родила мертвого ребенка. Художница и автор воспоминаний Ефросиния Керсновская помогала принимать ребенка, который родился в вагоне во время этапа. [3, с. 76].

Детей старше грудного возраста тоже «арестовывали» вместе с родителями. В начале 20-х годов одна заключенная написала из тюрьмы Дзержинскому едкое письмо, где «благодарила» его за арест ее трехлетнего сына: тюрьма, пишет она, гораздо лучше детского дома, который она называет «фабрикой ангелов» (то есть мертвых детей). Сотни тысяч детей были фактически арестованы вместе с родителями во время двух грандиозных кампаний высылки – «кулацкой» начала 30-х годов и «этнической» во время и после Второй мировой войны.

Потрясение, испытанное этими детьми, осталось с ними на всю жизнь. Одна полячка вспоминала, что с ней в тюремной камере сидела женщина с трехлетним сыном – ребенком воспитанным, но болезненным и молчаливым. «Мы, как могли, развлекали его всякими историями и сказками, но время от времени он прерывал нас вопросом: А мы, правда, в тюрьме?» [4, с. 78].

Малолетки - это совсем не те беспризорники в серых лохмотьях, снующие, воруящие и греющиеся у котлов, без которых представить себе нельзя городскую жизнь 20-х годов. В колонии несовершеннолетних преступников (при Наркомпросе такая была уже в 1920 году; интересно бы узнать, как с несовершеннолетними преступниками обстояло до революции), в труддома для несовершеннолетних (существовали с 1921 по 1930, имели решетки, запоры и надзор, так что в истрепанной буржуазной терминологии их можно было бы назвать и тюрьмами), а еще в «трудкоммуны ОГПУ» с 1924 года – беспризорников брали с улиц, не от семей. Их осиротила гражданская война, голод её, неустройство, расстрелы родителей, гибель их на фронтах, и тогда юстиция действительно

пыталась вернуть этих детей в общую жизнь, оторвав от воровского уличного обучения [5, с. 78]. В трудкоммунах начато было обучение фабрично-заводское, по условиям тех безработных лет это было льготное устройство, и многие парни учились охотно.

С 1930 года в системе Наркомюста были созданы школы ФЗУ особого типа – для несовершеннолетних, отбывающих срок. Юные преступники должны были работать от 4 до 6 часов в день, получать за это зарплату по всесоюзному КЗОТу, а остальное время дня учиться и веселиться. Может быть на этом пути дело бы и наладилось. От статьи 12 Уголовного Кодекса 1926 года, разрешавшей за кражу, насилие, увечья и убийства судить детей с двенадцатилетнего возраста (58-я статья при этом тоже подразумевалась), но судить умеренно, не «на всю катушку», как взрослых. Это уже была первая лазейка на Архипелаг для будущих малолеток – но еще не ворота.

Не пропустим такой интересной цифры: в 1927 г. заключённых в возрасте от 16 (а уж более молодых и не считают) до 24 лет было 48 % от всех заключённых. Это так можно понять: что почти [половину] всего Архипелага в 1927 году составляла молодежь, которую Октябрьская революция застала в возрасте от [шести] до [четырнадцати] лет. Эти-то мальчики и девочки через десять лет победившей революции оказались в тюрьме, да еще составив половину её населения! Это плохо согласуется с борьбой против пережитков буржуазного сознания, доставшихся нам от старого общества, но цифры есть цифры. Они показывают, что Архипелаг никогда не был беден юностью. Но [насколько] быть ему юным – решилось в 1935-м году. В том году на податливой глине Истории еще раз вмял и отпечатал свой палец Великий Злодей. Среди таких своих деяний, как разгром Ленинграда и разгром собственной партии, он не упустил вспомнить о детях – о детях, которых он так любил, Лучшим Другом которых был и потому с ними фотографировался. Не видя как иначе обуздать этих злокозненных озорников, этих кухаркиных детей, всё гуще роящихся в стране, всё наглей нарушающих социалистическую законность, испомыслил он за благо: этих детей с двенадцатилетнего возраста (уже и его любимая дочь подходила к тому рубежу, и он осязаемо мог видеть этот возраст) судить НА ВСЮ КАТУШКУ кодекса! То есть, «с применением всех мер наказания» пояснил Указ ЦИК и СНК от 7.4.35. (То есть, и расстрела тоже) [6, с. 145].

Смертность детей в ГУЛАГе была высокой. Согласно архивным данным, собранным норильским обществом «Мемориал»,

в 1951 году в домах младенца на территории Норильлага находились 534 ребенка, из них умерли 59 детей. В 1952 году должны были появиться на свет 328 детей, и общая численность младенцев составила бы 803. Однако в документах 1952 года указано число 650 – то есть 147 детей скончались. Выжившие дети развивались плохо и физически и умственно.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Стефан Куртуа, Николя Верт, Жан-Луи Панне, Анжей Пачковский, Карел Бартошек, Жан-Луи Марголен. Черная книга коммунизма (преступления, террор, репрессии). – М., 1999. – 768 с.
- 2 Мельгунов С. П. Красный террор в России. 1918-1923. Репринтное издание. – М., 1994. – 315 с.
- 3 Русский исход. Сборник документов и воспоминаний. – СПб.: РАН, 2004. – 320 с.
- 4 История Казахстана: белые пятна: сборник статей. /Сост. Абылхожин Ж. Б. – Алма-Ата, 1991. – 348 с.
- 5 Шаймуханов Д. А., Шаймуханова С. Д. Карлаг. – Караганда, 1997. – 245 с.
- 6 Солженицын А. И. Архипелаг ГУЛАГ (1918-1956): В 3-х т. – К., 1990.

4 Секция. Қазақстан археологиясы мен этнологиясының өзекті сұрақтары
4 Секция. Актуальные вопросы археологии и этнологии Казахстана

**ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ
КӨШ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ**

АҚШАНОВА А. М.

МАиЭ-21 тобының магистранты, С. Торайғыров атыдағы ПМУ Павлодар қ.

Қазақстан аумағы көне заманнан көшпелілер тұрағы болған. Ол күрделі тарихи, саяси және этникалық процестер арена болды. Ең дәуірлік оқиға – шаруашылықтағы өзгерістер, қоғамдық және саяси ұйымдағы өзгерістер XIX ғасырда ғана туды. Қазақ халқы өзінің мыңжылдық тарихында көптеген күрделі оқиғаларды басынан кешті, саяси әлеуметтік, экономикалық даму сатысын өтті. Қазақстан үшін XIX ғасырдың ерекшелігі – оның алдындағы дәуірден – қазақ халқының қоғамдық саяси мәртебесінде болды. Қазақтар XIX ғасырда шаруашылық салада, әлеуметтік қатынастарда қиындықтар көрді, сонымен бірге, бұл – ұлттық тәуелсіздігін ауыр түрде басынан өткізген халық еді.

Мал бағудың барлық аумағы төртке бөліген болатын: қыстау, күзеу, көктеу, жайлау. Көштің бағыттары оңтүстіктен солтүстікке қарай жүзеге асатын, таулы аймақтарды алатын болсақ онда көлденен бағыттағы көштер орын алды. Жаз мезгіліндегі жайлау тау шындарында жақындаса, қыстағы қыстау кезінде керісінше төмен таулар баурайларына қарай көшетін. Кей кездері бір жылдық көш ауқымы 800 - 1200 шаршы километрге дейін жеткен. Ең дәулетті әрі саны жағынан көп сонымен қатар әскери мықты ру тайпалардың көштеріне басқа ру тайпа өкілдері басудан үрейленген. Қыста малдар арықтап, жем шп қорлары тез бітетін, және қыстан аман есен, мал санын көп жағалтпай шығу әр қазақтың басты арманы болған [1].

Дәстүрлі мал шаруашылығы көшпенділікке негізделіп, оны ұйымдастырудың негізгі тәсілдері сан ғасырлық тәжірибеде жыл маусымдарына сәйкестендіріліп, жазылмаған «көші-қон ережелері» қалыптасып, бүкіл мал ағаулы маусымдық табиғи жайылымдарда бағылды. Мұның өзі кең байтақ өріс, қоныс және шөптің сонысы мен судың тұнығын таңдап, көшіп-қонып отыруды керек етті. Өмір

сүру ортасының ерекшеліктері жайылымдарды пайдалану тәсілдерін айқындап берді. Талай ғасырлар тәжірибеден туған шаруашылық басқару тәсілі мал жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәжірибесін қалыптастырды, төрт маусымның төрт қонысы болды. Бұлар: жазғы жайлау, қыстағы қыстау, көктемгі көктеу, күздегі күзеу. Жазғы жайлауға – бетегелі белестер, өзендер мен көлдердің алқаптары, ауасы салқын, шыбын-шіркейсіз жерлер, таулардың қойнаулары қажет болса, қысқы қыстауға ызғырық желден паналайтын, ықтасын, жылыуыт күнгей таулы жерлер, төбе-төбе құмды адырлар немесе малды бораннан сақтайтын тоғайлы, құмсаулы-қонысты, тұңгелі жерлер қажет болды. Көктеулі және күздеулік жайылымдар көбінесе мал төлдетуге және жас төлді аяқтарынан ширатуға қолайлы, жері жатық, суы мол өзендер мен көлдердің маңындағы қар кеш түсіп, ерте еритін жерлерге орналасты.

Тәуелсіз «Мен» деген ұлттық рухты жанғыртты. Бұл туралы елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Алайда, нәтижесі басқаша болды. Қазақтар – ұлы өркениетінің мұрагерлерлері тарихтың сан-сапалық күз-қияларынан өзінің ұлттық «Мен» дегізгерлік қасиеттерін алып шыға ала алды. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп жаңғырта да білді», - деп баяндады. Сол ұлы өркениеттің мұрагерлері ата-баба рухани қазынасын, тырнақтап жинап, сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізе алды. Қазақтың мол, әрі бай рухани қазынасының ең басым бөлігін хатқа түсірген ғұлама энциклопедист ғалымдардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасы әлі толық зерттеліп те, жарияланып та біткен жоқ. Әсересе, оның төрелер шежіресіне қатысты құнды зерттеулері, қазақ хандары туралы, мәліметтері молдылығымен, толықтығымен таң қалдырады.

Қазақ елі тарихында кейінгі ортағасырларға, әсіресе хандар шежіресіне қатысты мәліметтер бар болғанымен де толық зерттеліп қарастырылып бітпеген. Мәшһүр Жүсіпке дейінгі төрелер шежіресін түркі, араб, қытай, парсы тіліндегі нарративтік шығармалардан көруімізге болады. Олар мәліметтер молдылығымен, толықтығымен ерекшеленеді [1].

XV-XVIII ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша ортағасырлық авторлардың арнайы еңбектері де әлі белгісіз зерттеліп бітпеген [2]. Сондықтан парсы және түркі деректерінің маңызы Қазақстан тарихын зерттеуде өте үлкен.

Алғаш рет XV-XVIII ғасырлардағы қазақ тарихы туралы оның ішінде, қазақ хандар туралы деректерді В. В. Вельяминов-Зернов зерттеді. Оның аудармалары және еңбектері қазіргі күнге дейін өз маңызын сақтап қалуда. В.В. Вельяминов-Зернов М. Х. Дулатидің, Ескендір Муншидің, Хафиз Таныштың, Қадырғалидың Жалайырдың т. б. еңбектерін аударып, баспадан шығарды.

Парсы және түркі деректерінен үзінділер В. В. Вельяминов-Зернов, С. Д. Асфендияров, П. А. Кунте аудармасында да жарық көрді. Ақырғы екеуінің - «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» деген жинағы 1935 жылы шықты [7; 4 б.]. Қазақстан шығыстанушыларының ішінен бірінші болып С. Қ. Ибрагимов шығыс деректерін тауып аударған.

Жалпы ғылымдар тобы: К. А. Пищулина, Н. Мингулов, С. К. Ибрагимов, В. П. Юдин 60-жылдар аяғында ғылымдармен бірге «Қазақ хандығы тарихының материалдары» жинағын аяқтап бітті. Жинаққа қазақ хандары туралы XV-XVIII ғасырлардағы парсы және түркі тілдес шығармалардан үзінділер және оларға байланысты тарихи зерттеулер енген [5]. Өзбектің белгілі шығыстанушысы Б. А. Ахмедовтың еңбегінде 50-ден аса маңызды парсы-түркі шығармаларының маңызды деректері келтірілген. Әр дерек бойынша анықтама (очерк) берілген.

2001 жылғы М. Х. Абусейтова мен Ю. Г. Баранованың кітабында XIII-XVIII ғасырлардағы қазақ хандары тарихы бойынша парсы - түркі деректемелеріне шолулар жасалынған [1].

Парсы - түркі тіліндегі деректердің көпшілігін қазақтар емес, алдыңғы және Орталық Азия өкілдері жазды [7; 17-18].

XIII-XVIII ғ.ғ. хандар тарихы бойынша деректер шеңбері саяси бағыты айқын көрінген бірнеше топтарға бөлінеді. Бұл белгі бойынша деректер тимуридтік, шайбанидтік, шағатайлық (қашғарлық) сефевидтік және аштарханилық т. б. болып бөлінеді.

Шайбанилық шеңбер деректемелеріне: белгісіз автордың «Таварих-и гузида-йи Нусрат - наместі», Шадидің «Фатх – наместі», Фазалах ибн Рузбихан Исфханидың «Михман-наме-ий Бухарасы», Бинайдың «Шайбани - наместі», Абдаллах Балхидың «Зубадат әл – Асары», Масуд ибн Усман Кухистанидің «Тарих-и Абулхайр - хани», Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи», Бадр ад – Дин әл

Нашмиридің «Зафар - наместі» мен «Раузат ар – ризван ва хадикат әл гилманы» және т.б. шығармалар жатады. Тимуридтік шеңбер деректеріне: Бабырдың «Бабыр – наместі» жатады. Сефевидтік деректерге Ескендір Муншидің: «Тарих-и аламара-йи Аббаси» еңбегі жатады. Кейбір шығармалар кейінгі уақытта аштарханилер үшін немесе олардың тапсырмасы бойынша жазылған. Мысалы: Нәдір – Мұхаммед хан үшін жазылған Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл – асрар фи Минакиб әл – ахйары», Сухайланың «Имамкули хан - наместі» және Қыпшақ ханның «Тарих – и Кипчаки» еңбегі, Қадырғали Жалаиридің «Жами ат - тауарих» еңбегінде де төрелер шежіресі тарихын зерттеуде маңызы зор.

Белгілі тарихшы және әдебиетші мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Тарих и Рашиди» деген шығармасы төрелер тарихына арналған. Бұл еңбек Қазақ хандығы тарихын зерттеу үшін де аса маңызды деректеме. Онда тоқсан жыл ішіндегі қазақ хандарының тарихы баяндалған.

Шах Махмұд Шорастың «Тарих» деген шығармасы (қазақ хандары Бұйдаш, Хакназар, Тәуекел, Есім және Жәңгір) туралы түпнұсқалық дерек болып табылады.

Сонымен қатар, Камал ад дин Бинайдың жоғарыда аталған еңбегі Мұхаммед Шайбанидің жастық шағынан 1502-1503 жылдарға дейінгі өмірін баяндайды. Минайдің казактар мен хандар туралы мәліметтері көп әрі маңызды шығарма. Бинай Әбілқайыр ханнан кейінгі Шығыс Дәшті Қыпшақтағы жағдай туралы, Шайх – Хайдар билікті қолдан шығарып алған туралы, оған Жошы ұрпақтары, соның ішінде Жәнібек пен Керейдің және маңғыт мырзаларының қарсы шыққаны туралы, Сыр өңірі қалалары аймағында ықпал жасау үшін күрес туралы сөз етеді. Отырар, Сығанақ, Сауран қалалары, Дешті Қыпшақтың құсшы, қоңырат, қият, найман, күрлеуіт, маңғыт т.б. тайпалары туралы мәліметтері мол [4; 17].

Әбілқайырдың тарихына арналған бөлігі аса маңызды орын алады. Шығарма 1543-1544 жылдарда Самарқандта 1540-1551 жылдары билік еткен Абд әл – Латиф ханның тапсыруымен жазылған. Оған қызмет еткенге дейін Кухистани Сүйініш қожа ханның (Абылай ханның басына қойылған тасында Абылай бин Сүйініш қожа делінген) хатшысы болды. Кухистанидің Әбілқайыр хан заманы туралы мәліметтері ауқымды: оның билік ете бастаған кезі, қарсыластармен соғыстары, Хорезм мен Сыр өңірі қалаларын жаулап алуы, Мауереннахрдағы Темір ұрпақтары мен қатынастары туралы айтылады. Масуд Кухистанидің Шығыс Дәшті Қыпшақ

халқының ру – тайпалық құрамы, әлеуметтік терминдер жөніндегі деректерінің, тарихи - жағрафиялық және басқа да мәліметтері бар [5; 135-140]. 7 томдық «Бахр әл - асрар» шығармасында Шыңғысхан мен оның ұрпақтарының тарихы баяндалады. Томның екінші бөлімінде Мауереннахрдағы, Моғолстан мен Шығыс Түркістандағы шағатай ұрпақтарының тарихы айтылған. Бұл әулет туралы мәліметтер 1640-1641 жылға дейін жеткізілген. Дешті Қыпшақтағы Жошы ұрпақтарының тарихы үшінші, аштарханилер – төртіншісі бөлімде, соңғы бөлімнің көптеген материалдары Қазақстан тарихына, әсіресе XVII ғ. алғашқы он жылдықтарындағы орта Азия мен қарым-қатынастары тарихына қатысты. Қазақ хандары Есім мен Тұрсынның егестері туралы, Есімнің ойраттарға қарсы жорығы, Имамкули ханның Ташкент пен Түркістандағы Есімге беруі туралы материалдар ықлас туғызады [5; 320-328].

XVI-XVII ғғ. Қазақстан тарихы үшін «Матлаб ат-талибин» шығармасы өте маңызды. Шығарманың авторы – Мұхаммед Талиб (1609-1610 жылы туған). Қожа Ислам бұл кезде қашып, қазақ ханы Қасымға паналайды. Ташкент билеушілері ретінде Есім мен Тұрсын хандар, Әндіжан билеушісі ретінде Абылай сұлтан аталады [2; 45-46].

Хасан – бек Румлудың «Ахсан ат - Тауарих» (Жылнамалардың ең жақсысы) деген шығармасы сефевидтік тарихнамаға жатады. Шығарманың авторы Иран шахы. Еңбектің X томында қазақ тарихы бойынша құнды мәліметтер беріледі. Мұнда Бұрындық, Қасым, Хакназар хандар кезіндегі казактардың әрікеттері туралы айтылады. Пул – и Хатун маңындағы 1549 жылы Хакназар (Ақназар) хан мен түркмендер арасында болған шайқас туралы түпнұсқалық материалдар келтірілген [1; 117-123].

Қазақтың жалайыр тайпасының шыққан өкілі Қадырғали би Қосымұлының бізге шартты түрде «Жами ат - Тауарих» деп аталған еңбегі жетті. Бұл шығарма ауызша тарихи аңыздар мен Рашид ад – Диннің еңбегі негізінде жазылған. Екі тарихы шығарма: «Шаджарат – йи тюрк» («Түріктердің шежіресі») қаламынан шыққан. Әбілғазы Ургеніште туған. Өзара қырқысқан күрес салдарынан Бұхараға қашып барған. Содан соң, Хорезмге қайтып оралып, Ургенішті үлеске алған. 1627 жылы өзбектер мен түрікмендер арасындағы саяси бақталастық салдарынан Хорезмнен кетуге мәжбүр болып, қазақтарға қашып барады, онда оны Есім хан қабылдады. Содан соң екі жыл бойы Ташкент ханы Тұрсынның жанында болды. 1643 жылы Арал өзбектері Әбілғазыны өз ханы деп жариялады. Моғол

ұлыстарының тарихы жөнінде, Көшім хандығы, туралы кунды анықтамалық материалдар бар [4; 23-24].

«Ислам – наме» – шағатай тіліндегі өлең түрінде жазылған хроника. Бұл шығарманың авторы Молла Абд әл – Әлім. Шығарманың жазылу уақыты 1756 ж. Шығарманың елеулі бөлігінде Қалдан Церен мен (1745 жыл) Жоңғар хандығы дүрбелені туралы айтылады. Билік үшін күрес барысында кейбір жоңғар феодалдары қазақ билеушілерінен, әсіресе, Абылайдан көмек сұрады [1; 319-325].

Қазақ хандары, төрелер туралы ең көп мәліметтерді парсы – түркі тіліндегі шығармалардан алуға болады. Алайда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбегінде осы шығыстық тарих жазу дәстүрімен сабақтас деректер қорын табуға болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ елі тарихына қатысты мұраларын 23 жастан бастап жинастыра бастады.

Төрелер шежіресіне қатысты материалдарды дерек берушілер тізіміне қарап 2 топқа топтастыруға болады. Оның бірі- жазба мен екіншісі – ауызша деректер. Хандар туралы жазбасына назар аударсақ, еңбектің негізіне Әбілғазы шежіресі алынып және оның бірнеше нұсқасы беріледі. Мәшһүр Жүсіп Бұхарға екінші сапары кезінде Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресін» (Хандар шежіресін) және М. Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінің түпнұсқаларын көріп, содан көшіргенін жазады [8].

Сонымен қатар, Қ. Халидтің, В. В. Радловтың Ш. Құдайбердіұлының, Ш. Уәлихановтың, В. В. Вельяминов-Зерновтың еңбектерімен тікелей таныс болғанын айта келіп, хандар шежіресінің бірнеше нұсқасы бар екендігін келтіреді. Мысалы, Абылай заманы туралы жазбаларында (Орталық Ғылыми кітапхана Қолжазба қоры, №1177-топтама, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, ескі хадим ғарпімен берілген) дерек берушілер тізіміне қарасақ, оқиғаларға тікелей қатысушылардың ұрпақтарынан жазып алғандығын (Бөгенбай батыр немересі Саққұлақ шешен, Жауғаш батыр шөбересі Мейрам Жанайдарұлы т.б.) мәлімдейді [13].

«... 1054-те Хиуа тағына хандыққа отырды. Хижри есебімен 1014 жылда туған бала екен. 40 жасында хандыққа отырып, 23 жыл патшалық қылды. Сол Әбілғазы хан «Жетім өз кіндігін өзі кеспекші» – деп шежіре тарих сөйлеген. Оның сөйлеген шежіресін Еуропа жұрты атам заманда перуаттап алған. Вельяминов-Зернов жазған тарихтан көдедей көп Николайдың әкелері Александр патша француз тілінен орыс тіліне айналдыртып, Казимбекке перуадатқан», – деп Мәшһүр Жүсіп қай деректің қайдан алынғандығын көрсетеді.

Шыңғыс хан және одан кейінгі хандар шежіресі жүйелі хронологиялық реттілікпен берілген:

- 1) Шыңғыс ханның дүниеге келуі және Шыңғыстың Есім ханға дейін (Әбілғазы шежіресі бойынша)
- 2) Еңсегей бойлы ер Есім хан ертегісі
- 3) Жәнібек ханнан өз Тәукеге дейінгі хандар
- 4) Абылайдың шығу тегі мен ұрпақтары туралы
- 5) Кеңесары-Наурызбай хақындағы әңгімелер

Мысалы, Едіге мен Тоқтамыстың заманы туралы да халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинастыра отырып бірқатар мәліметтер береді [8].

«Жошы хан ұғлы Тоқай Темір, мұның ұғлы Тоққыл қожа, мұның ұғлы Қойхожа, мұның ұғлы Тоқтамыс хан Түркістанда тұрып атақ шығарған. Мұның сегіз баласы болған.

Ер Едіге осы Тоқтамыстың заманында даңқы шыққан [25]. Дәл осыған ұқсас шежіренің тағы бір нұсқасы Қадырғали би Қосымұлының «Жылнамалар жинағында» кездестіруге болады [26].

Шежіреші Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларын көшіруші Жолмұрат Жүсіпұлы қазақ хандарының кезінде кестесін де жасаған. 1. Уыз хан. 2. Шыңғыс хан. 3. Еңсегей бойлы ер Есім. 4. Қасқа жолды Қасым хан. 5. Тәуке хан. 6. Тәуекел хан. 7. Алаша хан. 8. Абылай хан. 9. Қасымхан. 10. Кеңесары хан. 11. Орманбет хан [8]. Бұл кестеге қарап отырып, қазақтың алғашқы ханы Уыз хан, ал Шыңғыс хан екінші орында тұр. Ал қазақтың соңғы ханы Орманбет хан деп берілген.

Ал енді М. Ж. Көпеевтің өз қолымен жазылған Орталық Ғылыми кітапхана Қолжазба қоры №1177 топтамасындағы (279-289 беттерінде) мәтінге қарап басқа кестені байқаймыз. Өз Тәуке және оның заманы туралы берілген пікірі назар аударлық: «... Күлтөбеде күнде кеңес» деген сөз – осы өз Тәуке тұсында айтылған сөз. «Кезегі кеткен елдің кеңесі көп болады, кедей елдің көш басшысы көп болады». Бұл сөз де сол өз Тәуке заманында айтылған сөз екен [13]. Қазақ билеушілері ішінде Абылай ханға қатысты деректер мол. Шығу тегі белгісіз дей келе, 48 жыл хандық билік құрғанын жазады [28]. Тағы бір деректерде «1778 жылы Орта жүзге хан болған шамасы» – деп келтіреді. Жалпы, Абылайдың шығу тегі туралы кестесін ұсынады. Шежірені айта отырып, басына қойылған тасқа қарап отырып (Абылай хан жерленген жердегі басына қойылған таста «Абылай бин Сүйеніш қожа» деп жазылған), Шыңғыс ханның ұрпағы дегенге күмәнданатынын тағы да жазады [30]. Абылайдай

кейінгі хан ұрпақтары ішінде ең көп тоқталып, ерекше баға беріп, көп мәлімет беріп жазғаны ол Кенесары-Наурызбай туралы жазбалары [29].

Мәшһүр Жүсіп төрелер шежіресін Шыңғыс ханнан басталатындығына күмән тудырмаса да, оның да әкесінің атып білуші жоқ деп тағы да жазып кеткен: «Бесінші- Шыңғыс ханның атасының атын білуші жоқ. Бағзы бір ата білемін дегендер Есугей Баһадүрдің баласы дейді. Ол бекер, Есугей-қалмақ. Бір қалмақтың баласын осынша жұрт қалай төбесіне көтереді. Стамбулдағы Османи нәсілінен басқа, бұл Азиядағы хандардың көбі Шыңғыс нәсілінен. Россияда – граф, ноғайда – князь, қазақта – төре – бәрі Шыңғыс нәсілінен [30].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген шежіресі Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектері әлі де болса толық жарияланып, зерттеліп біткен жоқ. Оған бір дәлел біздің ұсынып отырған (Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі бойынша) шежіренің «Абылай хан сөзінің басқамызда, бұл уағаздағы аяғы» деп басталатын жазбасы. Мұнда келтірілетін деректерге қарап Абылай дәірінің халықтың әлеуметтік – экономиялық жағдайына қаншалықты әсер еткенін көруге болады. Сонымен қатар қазақтың төрелері мен хандарын Ресейдің графтарына, ноғайдың княздарына теңеген.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – ең мол дерек беруші шежіретанушы, энциклопедист ғалым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абусеитова М. Х., Баранова Ю. Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII-XVIII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 246 с. + вкл. 4 с.

2 Абусеитова М. Х. К проблеме источниковедения средневекового Казахстана. // Отан тарихы. 1998. № 1. – 42-48 б.

3 Әбусейітова М. Түркі және парсы деректемелері. // Қазақ тарихы. – 1995. № 2. – 22-27 б.

4 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. II том. Алматы: Атамұра, 1998. – 640 б.

5 Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). / Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пишулин, В. П. Юдин. – Алматы, 1969. – 652 б.

6 Сыздықова Р., Қойгелдиев М., Қадырғали би Қосым ұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б.

7 Юдин В. П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 384 с. + вкл. 4 с.

8 Жүсіпов Е. Қ. Мәшһүр Жүсіп – тарихшы. (оқу куралы). – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2002. – 178 б.

9 Көпеев М. Ж. Таңдамалы (Құраст.:С. Дәуітов) екі томдық. – Алматы: 1990. – т. 1.

10 Шалғымбаева Ж. Қыспақ көрген кітаптар. // Известия НАН РК сер – 1994. – № 2. – 39 б.

11 Дала уалаяты газеті. (Құраст.: Ү. Субханбердина).

12 Мәшһүр Жүсіп және Жанибек.

13 Жүсіпова Л. Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» еңбегі – тарихы дерек көзі ретінде. т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2002 ж.

14 Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. Алматы, Атамұра, 1999, 23 б.

15 Марғұлан Ә. Х. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. // Қазақ әдебиеті, 5 қаңтар, 1940, 4 б.

16 Бекмаханов Е. Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, Санат, 1994, 52-53 б.

17 Алпысбесұлы М. Қазақ шежіресі- тарихи дерек көзі ретінде. Т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. Қарағанды, 1999.

18 Жүсіпов Е. Қ. М. Ж. Көпейұлы және оның жазбаларындағы тарихи тұлғалар. Т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Астана, 2000.

19 Жүсіпова Л. Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» үлгілері- тарихи дерек көзі ретінде. Т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2002.

20 Бартольд В. В. О некоторых восточных рукописях // Соч.-т.-8. – М.: Наука, 1973. – С. 340-349.

21 Али-Заде А. А. «Джами ат-таварих» Рашид-ад Дина как источник по истории народов Передней Азии // Сборник материалов конференции. – Ташкент. 1958. – С. 940-946.

22 ОҒКҚҚ 1173 папка. – Б. 406-408.

23 Сонда. – Б. 108-110.

24 Сонда. – Б. 83-85, 247-248.

25 Сонда. – Б. 408.

26 ОҒКҚҚ №149 папка. Б.188-189; №1170 «б» папкасы. Б.845.; №1178 папка, Б.20.; №1176 папка, №1 бума, Б.89.;

27 ОҒКҚҚ №1177 папка. Б.68.

28 Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы / Аударып, алғысөзін жазған Н. Мангулов, Б. Көмеков С. Өтениязов. – А.: Қазақстан, 1997. – 128 б. (114-115).

29 КПЖӨМ (Қуандық Пазылұлы Жүсіп жанұялық мұрағаты) Жолмұрат көшірмесі, №1645 папка, Б. 85.

30 Көпеев М. Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер. / даярлаған Н. Жүсіпов. // Ақ Орда. – 1993. – №2. – 77 б.

XV-XVIII ҒҒ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ТӨЛ ДЕРЕКТЕР

ЖҮСІПОВА Л. Қ.

т.ғ.д., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Қазақ түбі» үлгілерінің басты маңызды өзгешелігі бір үлгі мазмұны екіншісіне дәлме-дәл ұқсай бермейді. Кейбір мәтіндері ортақ болса да, тарихи оқиғалары әртүрлі әңгімеленеді. Барлығы да бір ортақ мақсатқа қазақ халқының тарихын жан-жақты қырынан ашуға бағындырылған. Бірнеше шежіре нұсқаларының мазмұны әртүрлі тарихи кезеңдерді сипаттауларына назар аударсақ, «Қазақ түбі» жазбаларының тарихымыздың көпқырлылығын тануымызға жол ашатынын байқаймыз. Мазмұны жағынан «Қазақ түбі» XIX ғ.а. мен XX ғ.б. қағаз бетіне түскен тарихи туындылар арасынан алдыңғы орын алады. Шежіре түрінде жазылғанымен «Қазақ түбі» мазмұнының кеңдігі, деректерінің молдығы, нақтылығы, шынайлығы ерекше көзге түседі.

Шежіре тарату дәстүріне сай «Қазақ түбі» еңбегінде де XIII ғғ. Қазақстан тарихы Шыңғыс хан мен оның әулетінің шежіресі ретінде қарастырылған. «Қазақ түбі» «бір өзгешелігі, Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Шыңғыс ұрпағы шежіресі екі кезеңге: Шыңғыстан Жәнібекке дейінгі тарих (XIII–XV ғғ.) пен Жәнібектен өз Тәукеге дейінгі қазақ хандығы заманы (XV–XVII ғғ.) жіктеліп баяндалынады. Мәселен, «Қазақ түбі» № 1176, «Қазақ түбі» № 1645 нұсқаларында XIII–XIV ғғ. Шыңғыс ұрпағы тарихы мүлде айтылмастан бірден қазақ хандары шежіресі (Жәнібектен бастап өз Тәукеге дейін) таратылады.

Жалпы алғанда XIII–XV ғғ. Шыңғыс әулеті адамдарының тарихы № 1173 (406–408 беттер), № 1170 “а” (111 (60)–124 (73) беттер), № 1177 (236 (279)–244(287) беттер) нұсқаларында ғана толығырақ айтылады [1]. Бұл варианттарды өзара салыстырып көрсек, XIII–XV ғғ. монғол билеушілерінің тарихын жазу барысында Мәшһүр Жүсіптің бірде таза Әбілғазы шежіре кестесін қолданғанын [2], бірде Радловтың «Қазақ түбі» аңыз-әңгімесін (“Монғолдың құпия шежіресімен” мазмұны үндесетін) [3], арасында Қ. Халид [4] пен Ш. Құдайбердіұлы [5] кітаптарынан сұрыптап таңдап алған мәтіндерді пайдаланғанын танимыз. Жалаң генеологиялық тізбектеулерден бас тартқан тұстарында Көпейұлы Мәшһүр Жүсіптің XIII–XV ғ. аралығындағы кезең тарихын халық жадында ауызша сақталғанын фольклорлық мәліметтермен толықтырады. Мысалы осы бір кезең тарихын «Қазақ түбі» № 1170 “б” қолжазбасындағы (693 (353)–704 (362 (101) беттер) әмір Темір Көреген (1370–1405 ж. билік құрған Темір Тарағайұлы) туралы діни аңыз-әңгіме [6], «Қазақ түбі» «№ 1176 (111(105)–113(107) беттер), № 1177 (4–11 беттер), № 1173 (38 (68) бет) жазбаларындағы Токтамыс пен Едіге заманы (XIV–XV ғғ.) хақындағы ауыз әдебиеті үлгілері [7]; № 1170 “б” нұсқасындағы (716 (113)–720 (117) беттер) Ормамбет би (XVI ғ.) мен Мөңке би туралы ноғайлы аңыз-дастандары [8] толықтырылады.

XV–XVII ғғ. Қазақ хандығы тарихы «Қазақ түбі» жазбаларында төрелер шежіресінің екінші бөлімі ретінде сипатталынады. Бұл заман оқиғалары туралы деректер № 1173 (408 бет), № 1176 (344(430)–346(432) беттер), № 1177 (244 (287)–247 (290; 147) беттер), № 1178 (2,3,42 беттер), № 1645 (83–85 беттер) [9] папкаларында сақталынған. Жоғарыда айтылып өткен қолжазбалар мен кейінгі келтірілген үлгілердің мазмұнына шолу жасасақ, Шыңғыс әулеті тарихының баяндалу барысы екі кезеңге бөлінгенін аңғарамыз. Өйткені «Қазақ түбі» № 1176, «Қазақ түбі» № 1645 нұсқаларында XV–XVII ғғ. қазақ хандары тарихы жеке бөлініп берілген. Ал «Қазақ түбі» № 1173, №1177, №1178 қолжазбаларында XIII–XVII ғ. оқиғалардың жалғастырылып баяндалуы Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ түбін» жазуда тарихи материалдарды кезеңдерге бөліп (Шығыстан Жәнібекке дейін – XIII-XV ғғ., Жәнібектен өз Тәукеге дейін– XV–XVII ғғ.) топтастырғанын танытады. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіп «Қазақ түбі» әртүрлі кезеңдерге жіктеп, шашыраңқы сипатта баяндалынған қазақ елінің түпкі тарихын біртұтас тарихи процесс, бір жылнамалық-шежірелік жүйе ретінде бейнелеуге ұмтылды.

«Қазақ түбі» еңбегі нұсқаларын мазмұны жағынан қарастырсақ, XV ғ. дейінгі оқиғаларды сипаттауларында көбінесе бір үндестік, қайталаулар басым болады. Ал XV ғасырдан кейінгі «Қазақ түбі» мазмұны жағынан күрделене түсіп, бір оқиға, тарихи кезең туралы өзара қарама-қарсы деректер, пікірлер беріліп, қазақ елі тарихы көршілес Ноғай Ордасы, Қазан хандығы, Бұхар хандығы елдерінің тарихтарымен байланыстырылып, ел жадында сақталынған шежірелік мәліметтермен толыға түседі. Қазақ хандары шежірелерінің бірінде Жайық бойындағы Сарайшық қаласындағы хан ордасын (тақты) Ұлытауға көшірген Хақназар делінсе [10], екіншісінде Қасым хан [11] деп көрсетіледі. 1907 ж. Қазанда бастырған кітабы мен шежірелік деректерінде Мәшһүр Жүсіп XV–XVI ғғ. қазақ тарихын ноғай халқымен байланыстырып, екі халық тарихының өзара сабақтасып жатқандығын айғақтайды [12].

«Қазақ түбі» №1177 XVI–XVII ғғ. Бұхар билеушілері: Абдолла хан (181–186 беттерінде), Имамқұлы хан (38 (68) бетінде) ата-тегі туралы шежіре сөзі беріледі. «Қазақ түбі» – дегі ел аузында сақталынған шежіре мәліметтері бойынша (1598 ж.) «Бұхар, Самарқанды қазақ шапқанда» [13], (1627–1628 ж.) Есім хан қалмақтарға жорық жасап, Қатаған халқын қырғынға ұшыратқан [14]. Бұған қоса Алаша хан туралы аңыздар [15] мен Шора батыр туралы дастан үлгілері [16] де бұл заман тарихын толықтыра түсетінін бағамдаймыз. 1680–1781 ж. оқиғаларды қамтыған «Қазақ түбі» үлгілері деректерінің молдығымен, алуандығымен ерекшеленеді. «Қазақ түбі» бойынша, бұл заман тарихы екі ірі тұлғалардың есімдеріне байланысты екі кезеңге бөлінеді: өз Тәукеден Абылайға дейінгі (1680–1734 ж.) кезең, Абылай билік құрған кезең (1734–1881 ж.).

Алдыңғы кезең (1680–1734 ж.) бойынша «Қазақ түбі» нұсқаларындағы мәліметтерді жинақтап қарастырсақ, Салқам Жөңгірден кейін өз Тәуке хан сайланғанын; өз Тәуке заманы тұсында қазақ халқының Сыр бойын қыстап, Арқаны, Жетісуді жайлағанын [17], “Жеті жарғы” заң жинағы қабылданғанын, “Күлтөбеде күнде кеңес” өткізілетінін, үш жүзге үш би сот ісін жүргізгенін, 1120 (1708 ж.) өз Тәукенің өлгенін [18], Тәуке моласы Шідерті бойына қойылғанын [19], өз Тәукеден кейінгі Болат хан тұсында Ұлы жүзді Төле би, Кіші жүзді Әбілхайыр, Орта жүзді Сәмеке мен Әбілмәмбет бөліп билеп кеткендерін, 1723 ж. Ақтабан шұбырынды оқиғасы орын алғанын [20], XVIII ғғ. жоңғар билеушілерінің қысқаша шолу тарихын [21], өз Тәуке [22] мен Шығай хан, Ондан хан, Бөкей хан [23], Жамантай хан [24] әулеттерінің шежірелік тарихын көреміз.

«Қазақ түбі» нұсқаларындағы Абылай хан заманы 1734–1781 ж. оқиғаларды қамтиды. Абылай заманы туралы жинақталған «Қазақ түбі» деректерінің мазмұнымен сипаты жағынан әртүрлі болып келеді: арғы ата-тегі [25] мен Абылай әулеті ұрпағы [26] туралы шежіре нұсқалары; Абылай ханнан кейін халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы гүлденгені туралы этнографиялық мәліметтер [27], 1734–1740, 1738, 1750, 1755, 1778, 1821 ж. оқиғалар (даталары дәл көрсетілген) туралы фактологиялық мағлұматтар [28], фольклорлық үлгілер [29] (көлемі жағынан көп бөлігін).

Негізінен алғанда, Абылай заманы оқиғалары Мәшһүр Жүсіп жазбаларында үш негізгі топтамаға жинақталған: «Қазақ түбі» №1170 “б” (721(118)–795(191) беттер), №1176 (132(124)–140(132;72), 213(206)–412(318) беттер), №1177 (163(116)–170(123;85), 201(150)–238(190), 241(194)–261(214) беттер). Мазмұн көлемі жағынан алып қарасақ, №1170 “б”, №1176, №1177 қолжазбаларында нақтылы тарихи даталар, фактілер, ғылыми зерттеулер аз орын алған. Бұл олқылықтың орнын ауызша айтумен қағаз бетіне түскен фольклорлық деректер толтырады: (1739-1749ж.) Орта жүз бен Жоңғар хандығының саяси тарихы туралы “Қалдан Шерін әңгімесі” № 1645, 142–151 беттер) [30], (1752-1757ж.) Жоңғариядағы азаматтық соғысқа Абылай бастаған қазақтардың белсене араласуы, (1757-1758ж.) Олжабай батырдың “Шүршітқырған”, “Талқы” соғыстарында (қазақ-қытай қарулы қақтығыстары) ерлік көрсетуі, (1759-1771 ж.) Абылайдың Қокан, Алатау қырғыздарына [31] қарсы жорықтары, (1773-1775ж.) Абылайдың орысты шаппақшы болғанда Бұхар жыраудың өлеңмен райынан қайтаруы, (1779 ж.) “Абылай аспас сары бел” оқиғасы [32] (хан билігіне қарсы Арғын руы адамдарының қарсылығы) т.т.

Қазақстан тарихының 1781-1836 ж. аралығын қамтитын кезең туралы «Қазақ түбі» еңбегінде дерек аз қамтылған. Мәселен, «Қазақ түбі» №1170 “б” үлгісінде (798(194; 405)–867(203) беттер) Абылайдан соң Уәлі хан сайланғанын, оның Орта жүзге ғана билік жүргізгенін, 105 жасқа келіп өлген Уәлінің асы 1821 ж. Ошақты көлінде берілгенін, (1822 ж.) Уәліден соң Орта жүзге Абайдәлдә (Ғұбайдолла) хан болғанын, (1824 ж.) қала салуға қарсы болғаны үшін Абайдәлдә хан мен Торайғыр биді Баянауылда орыс әскері тұтқындап алып кеткенін [33], Қытай елшілері бос қайтқанын, (1824-1836 ж.) Қасым балалары Саржан мен Есенгелдінің Иван Семеныш деген полковоймен соғысқанын, (1836 ж.) Ташкент күшбегі қастандығынан қаза тапқандарын [34] мәлімдейді (1836-

1838 ж.) Исатай көтерілісі туралы біраз деректер тобы [35] “Науша батыр” топтамасында (“Қазақ түбі” көшірмесі) ғана кездесіп отыр [36]. 1837–1847 ж. ұлт-азаттық көтеріліс тарихы «Қазақ түбі» нұсқаларында Кенесары заманы ретінде қарастырылады. Кенесарытану саласы бойынша жан-жақты мәліметтер негізгі «Қазақ түбі» № 1170 “б” (795–849 беттер), «Қазақ түбі» № 1176 (78(73)–93(87) беттер), «Қазақ түбі» № 1177 (190(238)–193(240), 261–263 беттер) жинақталған. Сонымен қатар бұл топтамаға мүлде кірмеген жазбаларда [37] (көлемі шағын материалдарда), көшірме жинақтарында [38] тың мағлұматтар шоғырланған [39].

Мәшһүр Жүсіп негізгі нұсқаларында Абылай хандығының тарихи жалғасы ретінде Кенесары көтерілісін 1837 ж. Сарыарқада басталуынан бастап, 1847 ж. соңғы шайқасына дейін егжей-тегжейлі сипаттайды. Кенесары ата-тегі мен ұрпағының шежіресі жалпы төрелер шежіресіндегі Абылай шежіресінің бір тармағы ретінде көрсетіледі. 1837–1838 ж. оқиғаларға қатысқан Ақмола өңірінің тұрғыны Байғозы деген адамның балаларының (Нұрсиев) туған мүшел жылына назар аударған Мәшһүр Жүсіп мүшел қайыру әдісімен 1837 ж. көтеріліс басталғанын дәл есептеп шығарды [40]. Кенесары туралы Нысанбай жырау дастаны «Қазақ түбі» № 1170 “а” вариантында жеке әдеби нұсқа ретінде көшірілсе, №1170 “б” үлгісінде бұл жыр Мәшһүр Жүсіптің қара сөздерімен аралас беріліп, Кенесары соғысының барысын әңгімелейтін дерек көзі ретінде пайдаланылған. 1907 ж. Қазанда басылған кітабында Мәшһүр Жүсіп Сарыарқа жерінің тарихына шолу жасай отырып, Кенесары заманын қазақтың өз еркімен Сарыарқаны иеленуінің соңғы кезеңі деп баяндайды.

«Қазақ түбі» еңбегінде (№1170 “б”, №1176, №1177 папкаларында) қазақ елінің 1848–1864 ж. аралығын қамтитын кезеңді шартты түрде “Қоқан заманы” ретінде танытады. Шартты түрде дейтініміз, №1170 “б” мен №1177 қолжазбаларындағы шежіре сөздері XVI–XVII ғғ. Бұхар хандығы билеушілері тарихын [41] баяндап, одан соң (ара-арасында басқа бір әдеби нұсқалар келтірген) XVIII ғ. Қоқан хандарының арғы тегі Алтын Бесік [42] пен Бұхар хандары [43] шежіресі таратылып, соңынан XIX ғғ. Қоқанның “Ақ жалау” заманы мен Қоңырат Мұсабек бастаған қазақтардың көтерілісі (XIX ғ. 50–ж.) тарихы [44] сөз болады. Бұл кезең тарихын Мәшһүр Жүсіптің Кенесары балалары: Сыздық(Садық) [45], Ахмет, Жафар [46] туралы өмірбаяндық мағлұматтары толықтыра түседі. «Қазақ түбі» жазбасындағы осы кезең (1861–1864 ж.) Шернейін

(Черняев-Л.Ж.) жанаралмен бірге шыққан Шоканның орыс әскерінің Түркістан мен Орта Азияны басып алу жорығын қатысуын әңгімелеумен аяқталады [47].

Келтірілген «Қазақ түбі» еңбегінің тарихи тақырыпты қамтыған материалдарының мазмұнына шолу жасасақ, бұл үлгілерде қазақ тарихын баяндаудың өз жолы қалыптасқанын бағамдаймыз. Адамзат тарихының (Адам Ата мен Хауа Ана) бастау көзінен бастайтын тарих жазбалары қолжазбаның ортасынан № 1176, 1177) басталып, бір үлгідегі тарихи оқиғалар тізбегінің жалғасы басқа варианттарда жалғастырылып, қысқартып, не толықтырылып беріліп отырады. Бүкіл қолжазбадағы материалды сүзіп шықпай, тарихи мәліметтердің бір жүйеде, көбінесе бір хронологиялық шеңбер аумағында қарастырмай, қолжазбаның бір үзіндісін (фрагментін) ғана аударған зерттеуші үшін “Мес” жинағындағы «Қазақ түбі» деректері шашыраңқы сипатта жазылған жеке-жеке шығармалар болып қала береді. Ал бұл мәліметтерде жинақтап қарастырсақ, «Қазақ түбі» жазбаларының қазақ тарихын бір уақыт жүйесінде бірнеше бағытта әртүрлі сипатта баяндағанын танымыз. Әрине, олардың араларында көлемі құлаш-құлаш әдеби шығармалар кіргізілген. Бұлар сол кезең туралы әдеби сипатта баяндалған мәлімет көзі қызметін (ғалым өмір сүрген заманда нақтылы ғылыми зерттеулер жұтандығын ескерсек-Л.Ж.) атқарған.

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған барлық деректер зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар бұл деректерге қарап отырып, осы уақытқа дейін жазылып келген Қазақстан тарихы оқулықтарын тың мәліметтерге байытып, қайта зерделеу абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ОҒКҚҚ, №1178 папка. – Б.40(67)–41,49(80); ҚПЖӨМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 3 том, 28 тізім. – Б.1–2.

2 Әбілғазы. Түрік шежіресі. /Баспаға әзірлеген Б. Әбілқасымов. – Б.51–52,118–119; ОҒКҚҚ, №1173 папка. – Б.406–408.

3 Радлов В. В. Ел қазынасы ескі сөз. – Б.275–279; ОҒКҚҚ, N1170 “а”папка. – Б.236(279)–244(287).

4 Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих). – Б. 103–104,233–235; ҚПЖӨМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. – Б.17–18; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім. – Б.6; ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.344.

5 Құдайбердиев Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Б.21–24; ОҒКҚҚ, № 1176 папка. – Б.107(101).

6 ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.1–2; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 55 “а” тізім; Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер. /Даярлаған Н.Жүсіпов. // Ақ Орда. – 1993. – №2. – Б.77–79.7 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 3 топтама, 32 дәптер, 2 тізім. – Б.8–13; Көпеев М.Ж. Қазақ билері. /Даярлаған Н.Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1992. – №8. – Б.187.–188. ; Көпеев М.Ж. Ер Едіге. [Даярлаған С.Дәуітов. // Қазақ батырлары. – 1991. – 29 қараша. – № 3. – Б. 11.

8 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 1 топтама, 19 тізім. –Б.17–19.

9 Көпеев М. Ж. Қазақ хандары /Даярлаған Е.Жүсіпов // Қазақстан мектебі. – 1999. – №10. – Б.69–71; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім. – Б.1–9; ҚКҒС. –Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. –Б.120; ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.245(288); ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. – Б.18.

10 ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.344; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім. – Б.6.

11 Көпеев М. Ж. Сарыарканың кімдікі екендігі. /Даярлаған Н.Жүсіпов // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – №4. – Б.112–113; ОҒКҚҚ, №1177папка. – Б.38(68); Сонда. №1176 папка. –Б.387(457;193).

12 ҚПЖӘМ.- Жолмұрат көшірмесі, 1–топтама, 40 тізім. –Б.1; ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.175(169).

13 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. –Б.19–20; ОҒКҚҚ, №1645 папка. – Б.108–112; ҚПЖӘМ, N1661 папка, №1 дәптер. – Б.26–28. ; Көпеев М.Ж. Таңдамалы. [Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1993. – Т.2. –Б.146–148.

14 ОҒКҚҚ, №215 папка, №2 дәптер. – Б.1–8. ; Сонда. №1176 папка. – Б.119(108;58)–121(115). ; Сонда. №1645 папка. –Б.76(250)–83(257). ; Көпеев М.Ж. Таңдамалы. /Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1993. – Т.2. – Б.60–63.

15 ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.424(331;164)–429(338), 447(378;188)–449(380;189); Сонда. №1645 папка. – Б.165–208.

16 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 33 тізім. – Б.1.

17 ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 3 том, 28 тізім. –Б.1–2.

18 ҚПЖӘМ, М.Ж.Көпеев қолжазбасы, 2 том. – Б.356–357. ОҒКҚҚ, №1178 папка. – Б.1–3,92(146)–93(148). ; Сонда. №1645 папка. – Б.85–87; Сонда. N215 папка, № 1 дәптер; Көпеев М.Ж. Қазақ хандары. /Даярлаған Е.Жүсіпов. // Қазақстан мектебі. – 1999. – №10. – Б.69–7.

19 ҚПЖӘМ, Фазыл қолжазбасы, 5 том, 6 тізім. – Б.22; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім. –Б.7.

20 ОҒКҚҚ, №1173 папка. – Б.408; Сонда. № 1178 папка. –Б.42–43; Сонда. №1645 папка. – Б.85.

21 Жүсіпова Л. Қ. М. Ж. Көпейұлы қолжазбасындағы төрелер шежіресі және Абылай хан. // Мәшһүр–Жүсіп оқулары. (Республикалық ғылыми конференция материалдары). 1–жинақ. – Павлодар: ЭКО, 2001. – 130 б. (59–65); ОҒКҚҚ, №1178 папка. – Б.42(70;88)–43(71;89).

22 ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.191(201). ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 65 “а” тізімі.

23 ОҒКҚҚ, №1173 папка. – Б.408; Сонда. №1176 папка. –Б.87(93); Сонда. №1178 папка. – Б.40–41(68),49(68); Сонда. №829 папка, №1 дәптер. – Б.1; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 21 тізім. – Б.2; Сонда. Жолмұрат көшірмесі , 4 топтама, 16 “ә” тізім. ;

24 Көпеев М. Ж. 2–4 үлгі. /Баспа бетіне әзірлеген Жүсіпова Л. //Қазақ тарихы. – 2000. –№3. – Б.19–20.

25 ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 2 том. – Б.81–82; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 1 топтама, 8 дәптер, 3 тізім; ОҒКҚҚ, №829 папка, №1 дәптер. –Б.14(8), 16(10), 17(11); Сонда. №1178 папка. – Б.42(70;80); ОҒКҚҚ, N1173 папка. – Б.408; Сонда. N1178 папка. – Б.171(304).

26 Жүсіпова Л. Қ. М. Ж. Көпейұлы қолжазбаларындағы төрелер шежіресі. // Мәшһүр Жүсіп оқулары. – Б.59–62. ; Көпеев М. Ж. Текст N 1–4. /Баспаға әзірлеген Л. Жүсіпова. // Мәшһүр Жүсіп оқулары. – Б.62–65; Көпеев М. Ж. Абылайдың хан атануы. /Баспаға әзірлеген Л.Жүсіпова. // Қазақ тарихы. – 2000. – №3. – Б.19–20.

27 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 47 “ә” тізім.; Сонда. Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 2 том. – Б.76[83]; Бекмаханов Е. Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарында. –Б.52.; Көпеев М. Ж. 3 үлгі. // Қазақ тарихы. – 2001. – №1. –Б.22–23.

28 ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 3 том, 28 тізім. –Б.1–2; ОҒКҚҚ, №1178 папка. – Б.171(304); ҚПЖӘМ, Фазыл көшірмесі, 5 том, 6 дәптер. – Б.22; Жүсіпова Л. Қ. М. Ж. Көпейұлы қолжазбаларындағы төрелер шежіресі және Абылай хан әулеті // Мәшһүр–Жүсіп оқулары. 1–жинақ. –Б.59–62; Абылайдың хан атануы. /Баспаға әзірлеген Л.Жүсіпова. //Қазақ тарихы. – 2000. – №3. – Б.19–20.

29 ОҒКҚҚ, №829 папка, №1 дәптер. – Б.1–17; Көпеев М. Ж. Қазақ шежіресі. /Даярлаған С.Дәуітов. –Алматы: Жазушы, 1993;

Абылай хан (жинақ). /Құраст. Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1993. – Т.1; ҚКҒС. – Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. – Б.16–18,22,27,28,139–140; ҚКҒС. – Алматы: Ғылым, 1985. – Т.4. – Б.125–126,133–134,162.

30 Көпеев М. Ж. “Қалдан Шерін әңгімесі” хақында. /Баспаға әзірлеген Жүсіпова Л.Қ. // Қазақ тарихы. – 1998. – №3. – Б.63–67.

31 ҚПЖӘМ. – Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 54 “в” тізім. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 56 “е” тізім. ; ОҒКҚҚ, №829 папка, №1 дәптер. – Б.5–6.

32 ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.134(126;69)–139(131). ; Сонда. №1177 папка. – Б.163(116)–170(123;85); Сонда. №1178 папка. – Б.127(119–130)(219); Сонда. №1170 “а” папка. – Б.125(68)–127(70); Сонда. №657 папка, №8 дәптер. – Б.27–38; Сонда. №149 папка. – Б.291–297; Сонда. №1327 папка, №4 дәптер. – Б.109–115; Абылай хан (жинақ). /Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1993. – Т.1. – 1993. – Т.1. – Б. 318, 322.

33 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 16 “ә” тізімі; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 28 тізім. – Б.1.–3.; Көпеев М. Ж. Қазақ билері. Торайғыр мен Шоң. /Даярлаған Н. Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1992. – N8. – Б. 188–189.

34 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, №18 тізім; Сонда. Фазыл көшірмесі, 5 топтама, 7 тізім. – Б.1–4; Кенесары–Наурызбай хақындағы әңгімелер. // Жұлдыз. – 1992. – №4. – Б.193.; Көпеев М. Ж. Тарихи әңгімелер. /Даярлаған Н.Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1994. – №10. –12. – Б. 201–202.

35 ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.15; Көпеев М.Ж. Таңдамалы. /Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1992. – Т.2. – Б. 106.

36 ОҒКҚҚ, №378 папка. – Б.1–9; ҚКҒС. – Т.3. – Б. 137–138

37 ОҒКҚҚ, №1170 “а” папка. – Б.129(69)–137(73); Сонда. №1178 папка. – Б.20(34),28(50),42(70;88),88(116); Сонда. №1645 папка. – Б. 152; ҚПЖӘМ, Мөшһүр Жүсіп қолжазбасы, 2 том. – Б. 105–107.

38 ОҒКҚҚ, №149 папка. – Б.188–189. ; Сонда. №1125 папка. – Б.102–107. ; Сонда. №1330 папка. – Б.232–240. ; ҚПЖӘМ, Фазыл көшірмесі, 5 том, №7 дәптер. – Б.1–4. ; Сонда. Фазыл көшірмесі, 5 том, №4 дәптер, №8 тізім. – Б.28–29; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 1 топтама, №8 дәптер, №3 тізім. – Б.2–3. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 20 тізім. – Б.2. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 17 тізім. – Б.1. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 17 “а” тізім; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 17 “д” тізім; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 18 тізім. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 64 “ә” тізім; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама,

65 “ә” тізім. – Б.2–3; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 66 тізім. – Б. 1–2.

39 Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. [Даярлаған Н.Жүсіпов. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – N4. – Б.121–122.; Соныкі. Тарихи әңгімелер. /Даярлаған Н.Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1994. – №10–12. – Б. 201–202.; Кенесары–Наурызбай хақындағы тарихи әңгімелер. /Материалды әзірлеген О.Исмаилов.// Жұлдыз. – 1992. – №4. – Б. 196–199. ; Соныкі. Кенесары туралы жазбалар. /Даярлаған Е. Жүсіпов. // Қазақ тарихы. – 2000. – №2. – Б. 41–44.

40 ОҒКҚҚ, №149 папка. – Б. 189.

41 Сонда. №1170 “б” папка. – Б. 862–874,884–885.; Сонда. №1177 папка. – Б.94(141)–99(146;72). ; Көпеев М. Ж. Бұхар, Қоқан хандары туралы. [Даярлаған Н. Жүсіпов. // Қазақ тарихы. – 1997. – №1. – Б. 78–80.

42 Сонда. №1170 “б” папка. – Б.870–878.; Сонда. №1177 папка. – Б.135(182)–140(187).

43 Сонда. №1177 папка. – Б.126(173)–134(181).

44 Сонда. №1170 “б” папка. – Б.878–882. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 22 “а” тізім.; Көпеев М. Ж. Туысқан бауырларыма бір насихат. // “Айқап” журналы. – 1912. – N7. – Б. 146–154.; N8. – Б.170–175. Қараңыз: “Айқап” энциклопедия/ Құрастырғандар: Ү. Сүбханбердина, С. Дәуітов. – Алматы: ҚЭ бас редакциясы, 1995. – 367 б. (107).

45 ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б. 375(186;445)–377(188;446).

46 Сонда. №1645 папка. – Б. 152.

47 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 16“а” тізімі.

ИСТОРИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА ГЛАЗАМИ ВОСТОКОВЕДОВ

ЖУСУПОВА Л. К.
д.и.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Чтобы исследовать полную историю казахов нужно опираться на десятки, а порой и на сотни фактов одного исторического события. Сравнительный анализ исследования историков, которые рассматривали сохранившиеся документы России, летописи империи Цин и восточные рукописи позволяет глубокому изучению исторических источников. Особенно хочется подчеркнуть, исследование сведений противоположных друг-другу материалов может дать желаемый результат. Поэтому есть необходимость найденные казахские письменные памятники прошлого считать историческими источниками. В советский период культурное наследие казахского народа подверглось политико-идеологическому давлению. Также в советской историографии богатая историческая традиция казахов игнорировалась и не воспринималась в качестве источника для изучения истории казахского народа. Западные историки также скептически относились к историческим источникам коренного населения (казахов). До периода независимости казахи изучали свою историю в узких идеологических рамках, впрочем, также рассматривалась вся история «малых» народов: без автохтонных источников, без национального самопознания. Впервые на основе устной исторической традиции проведено научное исследование истории Казахского ханства в XV–XVIII вв в трудах М. Ж. Копеева. Введена в научный оборот все казахские рукописи, которые были полностью переведены и комплексно изучены; установлены историзм и правдивость степной историографии по истории Казахского ханства. В источниковедческом плане он комплексно изучил материалы по устной исторической традиции казахов, составил списки казахских ханов, султанов, казахских племен и их генеалогии, которые в работе «Корни казахов» («Казак туби») систематизированы в хронологическом порядке. Доказал влияние восточной историографии на степную устную историографию. Тем самым М. Ж. Копеев доказал богатое наследие казахского народа и показал какая история была глазами самого народа. Ученый-востоковед, энциклопедист Копеев сравнил письменные источники

с устными, читая их только в оригинале. И тем самым показал, как должны изучать историю. Но все таки мы не видим их в научных трудах и учебниках. Само использования в научный оборот тех же источников не всегда правильно воспринимается. Возникают множество вопросов и не исследованных источников, которые уже известны в науке.

Во многих источниках, особенно персидских, само образование Казахского ханства тесно связывают с откочеванием двух султанов Жанибека и Керейя. В первой половине XIV века на территории современного Казахстана располагалось кочевое государство, преемник Ак-Орды, Абулхайр (1428-1468г.). Абулхайр хан был умным и мужественным человеком, хорошим полководцем и политиком. Укрепляя свое государство он провел несколько завоевательных походов в сторону Тобола, в Хорезм и к сырдарьинским городам. Вместе с тем он вел жестокую внешнюю политику по отношению потомков Жучи. В стране Дешт-и-Кыпчак и рассеял то общество в разных краях». Два таких ханов – Жанибека и Керейя в 1459 году со своими подданными откочевали от Абулхайр хана в Могулистан и попросили там убежища. Могольский хан Есен буга лично выехал навстречу Жанибеку и Керейю. Он хорошо принял султанов и выделил подвластному им народу земли для кочевания в междуречье Чу и Таласа. Хан Абулхайр хотел наказать мятежников и выступил в поход с большим войском, но в пути заболел и умер. Со смертью Абулхайр хана и связывают образование ханства другие источники (1468-1470 гг.). В целом среди историков идет спор о времени образования Казахского ханства. Но в трудах Машхура Жусипа Копеева совершенно иначе передается история Казахского ханства.

Особенностью письменного наследия Машхура Жусипа является подробное описание, основанное на исторических фактах жизни казахских ханов (Касым хан, Есим хан, Тауке хан и др.). Данная вариация, написанная по образцу летописцев Востока, возможно и является частью большого труда М. Ж. Копеева “Корни казахов”, которая целиком посвящена общей истории казахов. Родословная казахов, которые в настоящее время в исторической науке не применяется, если учесть, что приведенных фактах указаны где, когда и кем собраны, считаем, что эти сведения М. Ж. Копеева, являются связывающими историю ханов (XV-XVIII вв.).

Машхур Жусип Копеев отлично владел средневековыми восточными языками (как персидский, арабский, шагатайский), и

прекрасно читал в оригинале средневековые исторические источники среднеазиатской историографии. В 40-х годах XX века исследователь академик А. Х. Маргулан писал: «Машхур Жусип Копеев бывал в Ташкенте и Присырдарьинские районы, где он знакомился с многочисленными историческими сочинениями, книгами, и собирал сведения о казахской истории средневекового времени. На него сильное впечатление оказало и само “Шежире” Абулгази Баһадур (которого он читал в оригинале – Л. К. Жусупова).

В его трудах сама история Казахского ханства начинается с Алаша хана. Хотя он не исключает и версию о Жанибеке и Керей. Он дает несколько вариантов об образовании ханства и несколько вариантов родословия ханов. Само кто такой Алаша хан есть тоже множество источников и сами казахи в плод до начала XX века называли себя потомками Алаша (Алаша хана). Самое интересное что на юге Казахстана отлично сохранился мавзолей Алаша хана и его сына Жучи, которые были возведены в одну эпоху (примерное датировка строения XV в.) и архитектурное сходства на лицо. Как называлось его государство и точная дата образования нечего точно не сказано. У Машхур Жусип Копеева время соотносится в традиционных значениях, также как и у кочевников. Временное соотношение просто апеллируется к тому, что рассказываемое или передаваемое историческое сообщение об историческом событии или исторической личности относится ко времени исторической личности.

Генеалогические древо основываются на реально действующих родовых связях и иерархии, за которыми зримо выступает кочевое государственно-политическое устройство Казахского ханства. И, наконец, в устной исторической традиции закладывается фундаментальное начало воссоединения народа и государства. Казахское шежире содержит в себе преданий и мифы. Например, как легенда об Алаша хане – мифическом первопродке правителей казахов. С его именем связана и история трех казахских жузов (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) сыновей Алаша хана и наиболее полный вариант легенд об Алаша хане содержится в рукописях М.Ж. Копеева. Эти сведения находят подтверждение и в других легендах. В основе всех этих генеалогических повествований лежат идея укрепления единства основных составляющих казахского этноса – трех жузов. Наиболее развернуто разработаны генеалогические материалы по сословиям как «торе» (чингизиды) и «ходжи» (потомки пророка).

